

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘӨЖ 81'373.21:81:39

Қолжазба құқығында

АМИРОВА ГАУХАР ОРАЗБАЕВНА

**Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі
(Н.Н.Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде)**

8D02310-Филология

**Филология ғылымдарының PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындаған диссертация**

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., доцент
Боранбаев Сандыбай Режепұлы
Шетелдік ғылыми жетекші:
ф.ғ.к., доцент Кенан Коч
Туркия, Мугла (Sitki KocmanUniversity)

МАЗМҰНЫ	
АНЫҚТАМАЛАР	
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	
КІРІСПЕ	5
I Ортағасыр жазба ескерткіштері және «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің жазылу тарихы.	10
1.1 Орта ғасырлардағы түркі тіліне қатысты жазба ескерткіштер (оғыз, қарлұқ, қыпшақ)	10
1.2 Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің зерттелуі	15
II ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» СӨЗДІГІНІҢ ТІЛІ (ФОНЕТИКА, ЛЕКСИКА, МОРФОЛОГИЯ, СИНТАКСИС).	22
2.1 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің фонетикасы ерекшелігі	22
2.2 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тіліндегі әр түрлі фонетикалық құбылыстар	32
2.3 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің лексикасы	39
2.4 Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің сөздік құрамы	51
2.5 Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің сөз таптары	59
2.5 Әз-Замшахаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тіліндегі есімді,етістікті сөз тіркестері	78
2.6 Әз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-Адаб» ескерткіші синтаксистік ерекшелігі	89
III ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.	102
3.1 Жазба ескерткіш тіліндегі заттық атаулар	102
3.2 Жазба ескерткіш тіліндегі сындық атаулар	127
3.3 Жазба ескерткіштегі етістіктер.	129
3.4Басқа да сөз таптары (сан есім,есімдік, шылау)	139
Қорытынды	145
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.	149

Анықтамалар

Фонетика (грек. *φωνητικός* – дыбыстық, дауыстық) —тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы.

Синхронды фонетика –тілдің қазіргі жағдайындағы дыбыстарын, дыбыстық құбылыстарын, яғни дыбыстық жүйенің статикасынзерттейді

Диахронды фонетика – тілдің дыбыстық жүйесі мен ондағы құбылыстардың тарихын, уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерін, яғни динамикасын зерттейді.

Дыбыс –тілдің дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілеті үн **дыбыс** деп аталады. Дыбысты айтамыз және естиміз.

Дауысты дыбыстар – дыбыстау мүшелерінің бірыңғай толық қатысуынан, фонациялық ауаның кедергісіз, еркін және баяу шығуынан жасалатын дыбыстар. Дауысты дыбыстар фонациялық ауаның көмейде керіліп тұрған дауыс шымылдығына соқтығуынан пайда болған дірілден жасалады.

Дауыссыз дыбыстар - тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысы арқылы жасалатын, буын құрай алмайтын дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырмаған фонациялық ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді.

Лексика (грек. лексикос — сөздік) — тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрам. Лексикаға тілдегі барлық сөздер кіреді. Сөздер қолданылуына қарай актив және пассив болып бөлінеді. Актив сөздерге күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер жатады.

Антоним (гр. *ἀντι-* — «қарсы», гр. *ὄνομα* — «ат», «атау») — мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын сөздер.

Омонимдер (гр.*ὄμοιος*– біркелкі, *ὄνομα* – есім) — шығуы жағынан да, мағына жағынан да басқа-басқа, айтылуы және жазылуы бірдей сөздер.

Синоним (гр. *συνονυμος* — мағыналас, мән-дес) — тұлғалары әртүрлі, мағынасы жақын сөздер. Тілдердің дамып жетілуі, оның сөз байлығынан, оралымдағы синонимдерінің молдығынан көрінеді. Синоним ретінде жұмсалатын мән-дес сөздер тобы синонимдік қатар немесе синонимдік ұя деп аталады.

Көнерген сөздер – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнелену дәрежесі мен себебі және қолданылу сипатына қарай өзіндік лексика жүйесін құрайды.

Морфология (гр. *morf* — түр, тұлға, *logos* — сөз, ілім) — дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөз

тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.

Түбір – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі.

Қосымша–түбірге жалғанып, оның лексикалық немесе грамматикалық мағынасын өзгертетін, сөздерді өзара байланысқа түсіретін морфема.

Өлі түбір – жасалу жолдары беймәлім, мағынасы ұмытылған түбірлер. Өлі түбір тіл заңдылықтары негізінде пайда болып, ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен лексикалық мағынасын жоғалтқан, белгілі бір идеома, фраземалардың құрамында ғана сақталып қалған.

Палеонтология(пале. грек. ontos – тірі организм және logos – ілім) – жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлар және олардың тарихи даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Сөз таптары – жалпы лексика-грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздердің тобын атаймыз.

Синтаксис (гр. σύνταξις - құру, тәртіп, амал-тәсіл) - сөз тіркесі туралы, сөйлем туралы ғылым.

Сөз тіркесі – деп толық мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысуын атаймыз.

Есімді сөз тіркестері– сөз тіркесінің басыңқы сыңары есім сөз болып келетін түрі.

Етістікті сөз тіркестері – грамматикалық тірегі етістік болатын сөз тіркесі. Тіркес құрамындағы басқа сөздер тірек етістіктің маңына топталады.

Сөйлем–біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тобы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Р –Париж нұсқасы

Ү –Йозгат нұсқасы

ДТС-Древнетюркский словарь

ОС-Омонимдер сөздігі

АС-Антонимдер сөздігі

СС –Синонимдер сөздігі

ноғ.-ноғай

қарақп.-қарақалпақ

башқ.-башқұрт

құм.-құмық

гр.-грек тілі

лат.-латын тілі

қырғ.-қырғыз

тат.-татар

өзб.-өзбек

түрк.-түрік

үйғ.-үйғыр

хак.-хакас

чув.-чуваш

монғ.-монғол

парс.-парсы

азерб.-азербайжан

Кіріспе

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда ортағасырлық өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілі қарастырылады. Қандай да бір тіл болмасын оның сөздік құрамы мен құрылымының тарихи қалыптасуы көне, орта ғасырдардан бастау алып, қазіргі кезге дейін сабақтастып жатады. Ал сол тарихи сабақтастықты Өз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-Адаб» сөздігіндегі тілдік деректерді жан-жақты, мұқият зерттеу арқылы ғана анықтаймыз. Қазіргі тіл білімінде көне, орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі мен қазіргі қазақ тілінің қаншалықты қатысты екенін анықтау өзекті мәселелер қатарында. Өйткені қазіргі қазақ тілінің тарихының тереңін айғақтайтын тілдік деректер осы көне, орта ғасырлық жазба ескерткіштерден бастау алады. «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігіндегі тілдік материалдар қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы түрде зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуы тарихын бағамдаймыз.

Зерттеу жұмысымыз Н.Н.Поппенің түпнұсқадан көшірген нұсқасы бойынша жазылып, Париж, Йозгат нұсқаларымен салыстырылды. Қолжазбаны зерттеудің, оған жаңаша көзқарас берудің қажеттілігі, сол замандағы тіл мәртебесін қазіргі түркі тілдерімен салыстыру болып табылады.

Ескерткішті осы күнге дейін зерттеген ғалымдар көп емес. А.К. Боровков «Тюркские глоссы в бухарском языке», Н.Б.Бадгаев «Монгольский словарь «Мукаддимат ал-Адаб» Как лингвокультурологический источник (на примере лексемы *balyasun*)», Н.Гунер «Мукаддимат ал-Адаб грамматикасы», Е. Серімов. «Орта ғасыр сөздігі «Мукаддимат-әл-Адаб» жайында бірер сөз», Э.Наджиб «Мукаддимат аль-Адаб» Аз-Замахшари», Өтегенова Г. «Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің жасалуы («Мукаддимат әл-Адаб», XIV ғасыр), Ш.Ш.Жалмаханов «Развитие казахского языка в историко-лингвистическом аспекте (на материале словаря аз-Замахшари «Мукаддимат аль-Адаб» XIV в.)», Gülşen Özçamkan Ayaz «Mukaddimetü'l-Edeb. Paris ve Yozgat nüshalari».

Зерттеудің өзектілігі. Көне ғасырдан бастау алып, орта ғасырда өз жалғасын тапқан қазіргі қазақ тілінің тамыры тым тереңде жатқаны белгілі. Қазақ тілінің тарихи даму жолдары мен жетілу әдістерін XIII-XIV ғасырларда жазылған жазба ескерткіштер тілін қарастыру арқылы жаңаны тану, өткенімізді түгендеп, болашағымызды айқындауға жол ашады.

Осыған орай, біздің зерттеу жұмысымызға нысан ретінде алып отырған «Мукаддимат әл-Адаб» қолжазбасында кездесетін тілдік бірліктердің қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан ғылыми дәйектер арқылы дәлелдеу жұмыстың өзектілігі болып табылды. Зерттеу жұмысымызда «Мукаддимат әл-Адаб» төрт тілді (араб-парсы-түркі-монғол) сөздігінің қазіргі қазақ тіліне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін реестрге түсіріп, олардың

транскрипциясын беру арқылы ескерткіш тілінің лингвистикалық деңгейін қарастырамыз.

Зерттеу жұмысының нысаны. Ортағасырлық Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» сөздігі.

Зерттеу жұмысының пәні. «Қазақ тілінің тарихи фонетикасы», «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы», «Қазақ тілінің тариха грамматикасы», «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі».

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – Ортағасырлық Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілін, дыбыстық жүйесін және сөздік қор мен құрамын, дербес сөздердің морфологиясын және сөз таптарының ерекшеліктерін, есімді, етістікті сөз тікестерінің берілу және байланысу жолдарын анықтап, ғылыми айналымға түсіру. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін алдымызға төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды көздейміз:

- сөздік тіліндегі лексемалардың фонетикалық ерекшеліктерін, ондағы дыбыстардың табиғаты мен қолдану аясы, фонетикасының қазіргі қазақ тілінен өзгешелігі мен ұқсастықтары;

- ескерткіш тілінің лексикасын және антоним, омоним, синоним сөздерді анықтау;

- кірме сөздерді анықтау және қай тілден енгенін ажырату;

- сөздердің морфологиялық тұлғасы мен лексика-семантикалық ерекшеліктерін нақтылап көрсету;

- сөздіктегі түркі сөздерін қазіргі қазақ әліпбиі бойынша транскрипциялау;

- сөз таптарына ажырату;

- сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері мен есімді, етістікті сөз тікестерінің грамматикалық және мағыналық жағынан байланысу жолдарын анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері: Н.Н.Поппенің Монгольский словарь. «Муқаддимат ал-Адаб» (1938), Дренвнетюркский словарь (ДТС, 1969), «Муқаддимат ал-Адаб» еңбегінің Париж және Йозгат нұсқалары («Mukaddimetü'l-edeb» Paris ve Yozgat nüshaları (Giriş-metin-dizin, 2020)), Узбекско-русский и русско-узбекский словарь (2008), Ногайско-русский словарь (1963), Русско-кыргызский словарь(1957),Русско-башкирский словарь (1964) еңбектерінен мысалдар теріліп алынды.

Зерттеу жұмысының материалдары: Әз-Замахшаридің «Муқаддимат ал-адаб» сөздігінің тілі.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы: Зерттеу жұмысының нәтижелері түркітану, қазақ тілінің тарихы, тарихи грамматика, қазақ жазуының тарихы, орта ғасыр жазба ескерткіштері пәндерін оқытуда өзіндік үлес қосады. Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жұмысына

қосымша материал ретінде қолдануға болады. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми жаңалықтар:

- сөздік тіліндегі лексемалардың фонетикалық ерекшеліктерін, ондағы дыбыстардың табиғаты мен қолдану аясы, фонетикасының қазіргі қазақ тілінен өзгешелігі мен ұқсастықтары ажыратылды;
- ескерткіш тілінің лексикасы, антоним, омоним, синоним сөздер анықталды;
- сөздердің морфологиялық тұлғасы мен лексика-семантикалық ерекшеліктері нақтыланды;
- сөздіктегі түркі сөздерін қазіргі қазақ әліпбиі бойынша транскрипцияланды, нәтижесінде сөздік түзілді;
- сөз таптары, өлі түбірлер ажыратылды, қазіргі қазақ тілімен салыстырыла қарастырылды;
- сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері және есімді, етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық және мағыналық жағынан байланысу жолдары анықталды.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық және әдіснамалық негізі.

Диссертацияда ортағасырлық құнды мұраларды зерттеген біршама ғалымдардың еңбектерін қарастырдық: Н.Н.Поппе, В.В. Радлов, Э.Н.Наджиб, Н.А.Баскаков, А.Н. Самойлович, Е.Бэртэльс, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев және отандық түрколог-лингвистер М.Томанов, І.Кеңесбаев, М. Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Жұбанов, Ғ.Мұсабаев, С.Аманжолов, Р.Сыздық, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, К.Аханов, Ә.Қайдар, С.Қалиев, С.Боранбаев, Г. Өтегенова, С.Садықбеков, Е.Еспосынов, А.Ибатов, А.Әбілхасымов, А.Салқынбай, М.Сабыр, М.Әлімбаев т.б. ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, негізгі теориялық тұжырымдары мен пікірлеріне сүйендік.

Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері: Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін шешу кезінде, Түркітану ғылымындағы негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында сипаттау, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы, синхрондық, диахрондық талдау сондай-ақ, фонетикалық, лексикалық, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы: Зерттеу жұмысын жүргізуде, талдауда пайдаланылған теориялық қорытындылар Тіл тарихы, Тарихи грамматика, Тарихи лексикология, Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеуде үлкен үлес қоса алады. Ортағасырлардағы түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін анықтауға үлкен септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы: Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша алынған қорытындыларды жоғары оқу орындарында Салыстырмалы-тарихи лексикология, Түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, оқу құралдарын құрастыру барысында,

Жалпы тіл білімі, түркі тілдерінің тарихы мен мәдениетін дамыту бойынша арнайы пәндерге, сондай-ақ түркі тілдерінің тарихы мен сөздіктерін құрастыруда қолдана алады. Шығыстану, Түркітану, Қыпшақтану салалары бойынша қордаланған мәселелерді шешуде бакалавр, магистратура, докторантурада «Ортағасырлық түркі ескерткіштері» пәніне қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары:
Зерттеу жұмысында ғылыми жаңалықтарды негізге ала отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылды:

- «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің фонетикасы қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі;

- «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің ареалдық жағынан алшақтығына қарамастан лексикалық қоры қазақ тіліне ұқсастығы;

- жазба ескерткіші тіліндегі кірме сөздер араб, парсы, монғол лексемаларын құрайды. Түркі-парсы-араб сөздерінің ортақ сипаты анықталып, қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы анықталатындығы;

- ескерткіш тілінің морфологиялық құрамы қарастырылып, сөз таптарына ажыратылуы;

- «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің синтаксистік ерекшеліктері қарастырылып, сөз тіркестрінің жасалу жолдары қаралатындығы;

- қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің тіліндегі сөз тіркестерімен ұқсастығы дәлелденетіндігі.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен ғылыми-теориялық, халықаралық конференцияларда 8 мақала жарияланды.

Скопус мәліметтер базасында бір мақала:

1. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakshari's Dictionary «Muqaddimat Al-Adab» and its Relation to the Kazakh Language», International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). , 12(1), 2024 ISSN 2329-2210, October 2023, Pages 83-90 <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.2011077.3159>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдардағы мақалалары:

Әз-Замашаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің тілдік ерекшелігі. Әл-Фарабиатындағы Қазақ Ұлттық университеті. Хабаршысы. Арнайы басылым. Филология сериясы № 2/2023. 6-13 бб.

Әз-Замашаридің «Мукаддиматәл-Адаб» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігі.-Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы №1 1(146)/2024. 41-48 бб.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-41-48>

Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 2/ 2024. 6-13 бб.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:

1. Ортағасыр жазба ескерткіштерінің зерттелу жайы. «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. ТОМ 2 – Шымкент, 2021. – 29-31 бб.

2. «Әз-Замахшаридің «Мукаддиматәл-Адаб» еңбегі– түркі халықтарына ортақ мұра». «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. ТОМ 2 . – Шымкент, 2021. – 31-34 бб.

3. «Некоторые проблемы сопоставительного исследования тюркских памятников письменности средневековья». Национальная Академия Наук Республики Армения, институт языка имени Р.Ачаряна. №1, 2022, – 13-18 бб.

4. «Түркі тілдеріне ортақ сөздер». И.Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік Университеті жаршысы. №2, 2022, – 16-21 бб.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда:

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған. «Тәуелсіздік жолы: қалыптасуы, дамуы және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-адаб» еңбегінің тіл тарихындағы маңызы. –Нұр-Сұлтан, 2021,–73-77 бб.

Диссертациялық жұмыстың қолжазбасы М. О Әуезов атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде 20 жылдың мамырында (№ хаттама) талқыланып, мақұлданды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қосымшада орта ғасырлық жазба ескерткіш Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің сөздігі беріледі.

1. ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» СӨЗДІГІНІҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

1.1 Орта ғасырдағы түркі тіліне қатысты жазба ескерткіштер (оғыз, қарлұқ, қыпшақ)

Орта ғасырларда өмір сүрген түркі тайпалары әрдайым даму үстінде болды. Түркілер Қытай шекарасынан бастап, Шығыс Европа жеріне дейінгі аумақты өздеріне қаратқаны тарихтан белгілі. Мекен еткен орталарында мәдениет пен салт-дәстүр қалыптастырды. Қалалар өркендеп, сауда дами түсті. Осындай географиялық орталықтарға байланысты әр жерде туған мәдени, әдеби туындылар рулар мен тайпалардың атымен аталып отырды.

Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер. «Құтты білік» дастаны 1069-1070 жылдары жазылған. Қолжазба авторы Ж.Баласағұн жайында кіріспесінде берілген. Негізгі мазмұны – дидактикалық сарындағы өлеңдер. Бұл жайлы: ««Құтты білік» тексінің кіріспе сөзінен басқасы ұйқас-үйлесімі жарасқан екі жолды өлең болып келеді,»–дейді. [1,19 б.] Ғалым М.Әліпханов: «Жүсіп Баласағұнның өзге ақын-жазушылардан бөлек болатын жағдайы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолы, өзіндік танымын жасай білуіне байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыдан суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдың деңгейіне көтере жырлайды»,– деп баға береді [2].

«Диуани дұғат ат-түрік». («Түркі тілдерінің сөздігі»). 1072-1074 жылдары аралығында жазылған. Авторы – Махмуд ибн ул-Хусайн ибн Мухаммад ал-Қашқари. Араб-түрік тілдерінде жазылған еңбектердің ең ескісі[2, 20 б.]. Дамаск қаласының тұрғыны Мұхаммед ибн бекир ибни Ебилфетих түпнұсқасынан көшірме жасады деген дерек бар [1, 31 б.].

Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер. Орта ғасырларда түркі тілінде жазылған ескерткіштің бірі – Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі. Ясауидің жырларының түпнұсқасы бізге жетпеген.[3]. «Диуани Хикметтің» 11 көшірмесі Өзбекстанның Ілімдер академиясының шығыс қолжазбалар бөлімінде, 16 көшірмесі Москва қаласының кітапханаларында сақтаулы [4]. «Диуани Хикмет» түркі тілінде, ауызекі сөйлеу стилінде жазылған, рухани және гуманистік бағыттағы шығарма. Ұстамдылыққа және өзін-өзі жетілдіруге шақыратын құнды этикалық идеяларды көтерді [5,106 б.]. Мазмұны жағынан мистикаға жақын, ал тілдік құрылысы өзгеше (грамматикалық ерекшелігі, синтаксистік тәсілі, лексикалық ауқымы, фонетикалық жүйесі) дүние.

Ахмет Ясауидің өмір жолы мен «Диуани Хикмет» жайлы академик К.Г. Залеман [6], М.Ф. Көпрүлүзаде[7], А.А.Гаррицкий[8], А.К.Боровков[9] т.б ғалымдар терең зерттеу жүргізген.

Сүлеймен Бақырғанидің «Хакім ата» еңбегі ортағасырларда жазылған Ясауи салған жол, сопылық ілімнің жалғасы. Халықтың діни сауатын ашу мақсатында жазылған еңбек. Ә. Қоңыратбаев: «XII ғасырдағы Орта Азия

түріктерінің тіл лұғатын, сөйлем жүйесін, жазба тілінің тұрғысын білу жағынан бұл романның тарихи және көркемдік мәні зор,» – деп бағалаған [10,2 б.]. Ортағасырдағы зікір айтып, ел кезген дәруіштер Сүлейменнің кітабын көп пайдаланған. Сондықтан да ғалымның еңбегі халық арасында кең таралған. Ел арасында тәлімі мен тәрбиесі жоғары, маңызды ойлары мен пікірлері мақал, нақыл ретінде айтылып, қазіргі кезеңге дейін жеткен. Орта Азияны мекендеген түркі тайпаларының тілінде жазылған тұңғыш роман. Дін, әсіресе, суфизм идеясына насихаттайтын құнды еңбек [11, 100-101 бб.].

«**Китаб тарджуман фарси уа турки уа моғоли**» қолжазбасы сөздік әрі грамматикалық оқу құралы. Қолжазба екі тараудан тұрады. Бірі грамматиканы қамтыса, екіншісі сөздік (арабша-түрікше). Грамматика бөлімінде дыбыс жүйесі, есімдіктер, септіктер мен қосымшалар қарастырылған.

Қолжазбаның жазылған жері мен уақыты әлі де беймәлім. Ғалымдар қолжазбаны XIII ғасырларға жатады деп тұжырымдайды. Белгілі ғалым С.Е.Малов қолжазбаның жазылу уақыты мен жеріне байланысты, «Шыңғыс тұқымдарының жазу-сызу жұмыстары мен кеңсе қызметтерін Шығыс Түркістан аумағы атқарып отырғанын ескеріп, осы аумақта өмір сүрген қашқар, ұйғырлардың тілінде жазылуы мүмкін,» – деген пікір білдіреді [12]. Еңбектегі оғыз бен Шығыс түріктердің тіліне тән элементтердің жиі ұшырауы да осыған байланысты болса керек.

Орта ғасырдағы құнды еңбектердің бірі – «**Қисса ул-Әнбия**». «**Әулиелер тарихы**» Авторы – Насыр Рабғузы. Ескерткіш 1310 жылы жазылған. Қолжазбаның тілдік ерекшелігін, тарихи маңызын П.М.Мелиоранский [13, 279-308 бб.], С.Е.Малов[14, 507-525 бб.] т.б. ғалымдар зерттеді. 1948 жылы К.Гренбек Копенгаген қаласында факсимилесін бастырып шығарған[15]. Яков Шинкевичтің «Рабғузы еңбегінің синтаксисі» атты көлемді еңбегі бар[16]. «Қисса ул-Әнбия» ескерткіші – әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінде өзіндік бағасын алған құнды еңбек. Б.Кенжебаев: «Қисса әнбия» тұтас алғанда шағатай тілінде жазылған әдеби нұсқа деп есептеледі», – дейді[17, 47-63 бб.]. Ал Р.Чақыр Рабғузидің «Қисса-ул әнбия» еңбегін Бакудегі Әзірбайжан Ғылым академиясының жазба үлгілері институтынан табылған нұсқасымен тілдік тұрғыдан салыстырып: Рабғузидің қолданған тілі Шығыс Қарахан әдебиетінің дәстүрлерін сақтап, аралас оғыз - қыпшақ тілінде жазылған», – деген пікір білдіреді [18,39 б.].

«**Хұсрау Шырын**» – ерекше қолжазбалардың бірі. Авторы – Құтб. Бұл еңбек Низамидің «Хұсрау Шырын» шығармасының аудармасы. Поэтикалық ерекшелігі «Құтты білік» дастанына өте ұқсас. Ә.Н. Наджип: «Құтб жасаған аударма жартылай төл туынды, дербес роман,»–деп бағалайды[19,76 б.]. А.Н.Самойлович: «Хұсрау мен Шырын» дастаны Алтын Орда жерінде жазылған десе[20, 21 б.]. Н.А.Баскаков: «Қолжазбаның тілдік өзгешелігі қыпшақ тіліне жақын, бірақ құрамында ұйғыр тілінің элементтері бар»,– деп

көрсетеді [21, 142 б.]. Ал А.М.Щербак: «Алтын Орда дәуірінің мұраларының қатарына енеді және сол дәуірде жазылған «Мухаббат наме», «Ташшукнаме» сияқты поэтикалық шығармалардан өзгешеленіп тұрады» – дейді [22, 216.].

«**Мухаббатнаме**» («**Махаббат жыры**»). Авторы – Хорезми Раванди. Қолжазбаның екі көшірмесінің бірі ұйғыр, екіншісі араб жазуымен жазылған. Араб жазуымен жазылған көшірмесін алғаш зерттеуші – А.Н.Самойлович [20,21 б.]. Ал ұйғыр жазуымен жазылған көшірмесін А.М.Щербак қарастырды [22,216.]. Екі нұсқасын ішінара салыстырып, орыс әліпбиімен транскрипциялап және орыс тіліне аударған – Э.Н.Наджиб. «Мухаббатнаме» – дастаны ел арасында кеңінен таралған. Шығарманың мазмұны махаббат пен ізгілікті насихаттайды [23].

Ортағасырдағы діни тақырыпта жазылған еңбек – «**Сираж ал-кулуб**» (Жүрек гүлі). Шығарманың бізге өте ерте жазылған екі көшірмесі келіп жеткен. Қолжазба жайлы алғаш мәлімет берген – Э.Н.Наджиб [24, 323-329 бб.]. Сұрақ пен жауаптан құрылған композициясы ерекше діни сарынға құралған. Әулие-әмбиелердің өмірі мен шығармашылығы, дүниенің жаралуы, адамдардың өмірі, ақырзаман, тозақ пен жұмақ, пайғамбарлардың өмірі және тіршілік әрекеттері жайлы жазылған. Сондай-ақ А.Ясауидің «Хикметтерінен» нақыл сөздер келтірілген, көлемі – 448 бет. А.М.Щербак қолжазбаны байырғы өзбек тілінің мұрасы деп топшылайды [22, 46 бб.].

«**Рахат ал кулуб**» (Жүректің рахаты) – орта ғасырдың мұрасы. Өз алдына толық зерттеле қоймаған. Белгісіз бір шығарманың үзіндісі. Көлемі – 44 бет. Әр түрлі әңгімелерден құралған. Үндістанның мұрагерімен болған сұхбат берілген. Белгілі зерттеуші А.М.Щербак осы қолжазбаға ұқсас Н.Ғалидің де шығармасы болған деген пікір айтады [25, 118-123 бб.].

«**Неһжул Ферадис**» Махмуд бин Алидің (Жұмаққа баратын жол) діни сарындағы еңбегі 1358 жылы Хорезм қаласында жарық көрген. Тілі қарапайым, көлемді прозалық шығарма. Қолжазба төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметі; 2) Басқа да діни тұлғалар: Али, Фатима т.б. туралы; 3) Жалпы адамзаттың жақсы істері мен игі амалдары; 4) Адамзаттың жаман істері жайлы. Қолжазба жайлы алғаш рет 1926 жылы З.Б. Тоган хабар берді. Факсимилесін Я.Экман шығарды. Басылымның алғашқы бетінде қолжазба туралы алғысөз бар [26].

Қолжазбаның көшірмелерінің айырмашылықтары жайлы Я.Кемаль [27] пікір білдірді. Ал Э.Н.Наджиб қыпшақ-оғыз тіліне қатысты мұра екенін айтады [19,7 б.].

«**Гулистан бит-турки**» – 1391 жылы өте сұлу каллиграфиямен, сириялық жібек қағазға жазылған. 372 беттен тұрады. Авторы Сайф Сарай қолжазбаны жазып біткенде, 70 жаста екен. «Гулистан бит-турки» еңбегін кешенді зерттеген Э.Н.Наджиб оны қыпшақша да, оғызша да жазылған немесе осы екі тілдің әдеби элементтері бірдей, аралас кездесетін шығарма

деген қорытындыға келген [19, 31-91 бб.]. Белгілі ғалым А.Бодроглигети қолжазбаның поэтикалық ерекшелігін зерттеді [28].

«**Оғызнама**» дастаны IX-X ғасырларда жазылған. Қолжазбаның кейінірек жазылған екінші бір нұсқасы бар. Бірі ұйғыр әрпімен, екіншісі араб әріптерімен жазылған [29, 3-12 бб.]. Шығарманың негізгі кейіпкері – Оғыз. Оғыз қағанның әскери жорықтары мен ел ісіне араласқан қоғам қайраткері екендігі сөз болады. «Оғызнаманың» орысша нұсқасын аударып, грамматикалық ерекшелігін зерттеген – А.М.Щербак. Ғалым қолжазбаны қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылған дейді [25, 106-109 б.]. Ал арабша жазылған нұсқасын зерттеген А.Мухаммедхан С.Аманжолов, Ш.Уәлихановтың пікіріне сүйеніп, оны қазақ еді деп жазады [30, 22 б.]. Тарихта әскери қолбасшы, тарихшы адам ретінде танылған. «Оғызнама» дастанының морфологиялық құрылысын жан-жақты қарастырған – С.Н.Иванов [31].

«**Тарджума шаһнама**» («Шахнаманың тәржімесі»). Қолжазба 1511 жылы жазылған. Атақты Фирдаусидің «Шаһнама» поэмасының желісі негізінде жазылған. Ақынның қартайған шағындағы қиыншылықтары сөз болады. Польшаның көрнекті түркологы А.Зайончковскийдің басшылығымен «Шаһнама тәржімасын» 1965 ж. Варшава қаласында басып шығарды. Ескерткіштің Алтын Орда мен Хорезм мемлекеті халықтары үшін маңызы зор. Ғалым тілдік тұрғыдан түсініктеме берді [32]. Қолжазбаның бірнеше көшірмесі Э.Н.Наджиптиң қолында болған [19,7 б.].

Тарихта «Қыпшақ» атауы алғаш 760 жылдары түріктердің руна жазулы ескерткіштерінен кездесе бастаған. Қыпшақтардың күшейіп, мемлекет дәрежесіне көтерілген уақыты – Орта ғасыр. XI ғасырларда Кимек қағанаты ыдырағаннан кейін қыпшақ және куман тайпалары Қыпшақ хандығының қол астына кірді. XI ғасырдың екінші жартысында Қыпшақ мемлекеті өркендеп, жан-жағындағы мемлекеттерді ығыстырып, Оғыз мемлекетін Сырдарияның орта және төменгі ағысы аралығынан Арал мен Каспий теңіздерінің жағалауына дейін бағындырды. Аймақтағы саяси жағдайларға байланысты «Оғыздар даласының» орнына Дешті Қыпшақ аты танылды. «Дешті Қыпшақ» парсы тілінен аударғанда, «қыпшақ даласы» деген мағынаны білдіреді. XI ғасырдың белгілі ғалымы Н.Хұсрау өзінің «Диуан» атты еңбегінде Хорезм мемлекетінің шығыс шегарасымен іргелес жатқан мемлекетті осылай атаған болатын дейді [33,14 б.]. Қыпшақ даласының оңтүстік батыс аймағын мекен еткен халықты – «куман», орыс даласын мекендеген қыпшақтарды – «половецтер», Сирия мен Египет аумағын мекендеген қыпшақтарды «мамлюктер» деп атап кеткен. Сондай-ақ әр түрлі жағдайларға қарай, ғылыми және мәдени орталықтарына байланысты «Алтын орда қыпшақтары», «Қырым қыпшақтары», «Қазақстан қыпшақтары» деп те аталды. Демек, қолжазбалар да белгілі бір әкімшілік орталықта туып, сол жердің талап тілегіне сай жазылып отырды. Біз де Орта ғасырлық Қыпшақ хандығы тұсында жазылған ескерткіштерге тоқталуды жөн көрдік.

Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер. Орта ғасырлардағы құнды мұралардың бірі – «**Кодекс Куманикс**». Қолжазба 82 беттен тұрады. Ғалым С.Р.Боранбаев: «Ескі қыпшақ ескерткіштерінің ең ірісі» деп баға береді де «Дешті Қыпшақтың батыс бөлігін, Ресей аумағын мекендеген қыпшақтардың өзекті ескерткіші болып табылады,»– деп қорытындылайды.[34,72-73 бб.]. Ескерткіш екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде: латынша-парсыша және куманша сөздік жазылған. Әр тілдің сөздері жоғарыдан төмен жеке колонкаларға бөлінген. Сондай-ақ куман тіліндегі үстеу сөздер мен олардың латын тіліндегі аудармалары берілген. Екінші бөлімінде: 1) куманша-немісше және латынша сөздік берілген. 2) Құманша жазылған мәтін 3) Латын тілінде жазылған куман тілінің қысқаша грамматикалық очеркі. 4) Италиян тілінде жазылған өлеңдер 5) латын тілінде жазылған мәтіндер 6) бос қалған беттер.

Терджуман турки уа-аджеми ва мугали ва фарси.(«Түрік-араб сөздігі»). Қолжазба 1245 ж. Египетте жазылған. Ескерткіште 2,5 мыңдай түркі сөздері кездеседі. Еңбек ішінара төрт бөлімнен тұрады: а) лексикалық мағыналарына қарай топқа бөлінген есім сөздер; ә) етістіктер; б) етістіктердің жіктелуі; в) қосымшалар. Сөздік лексикографиялық әрі грамматикалық анықтама ретінде жазылған. Қолжазбаны профессор А.Құрышжанұлы қарастырып, орыс тілінде жариялады [35]

Китаб ал идрак ли-Лисан ал-Атрак («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме сөздік»). Авторы Абу-Хаян (1256-1344жж). Еңбек фонетика, морфология және сөздіктерді қамтыған. Қолжазба Каир қаласында жазылған. Ғалым Қ.Анарбаев: «Абу Хаянның бір еңбегінің өзі-ақ түркология ғылымының даму тарихындағы келелі кезең, өз алдына жеке жасалған дәуір, дар дүние,»–деп баға береді [36,43 б.].

Китаб булғат ал-муштақ фи луғат ат-турк вал қыпшақ. («Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап»). Жамал ад-Дин Мухаммед Абдуллах ат-Турки XIV ғасырда Сирия жерінде жазған. 71 беттен тұратын шығарма екі бөлімді қамтиды. Бірінші бөлімі үш тараудан тұрады: а) аспан әлеміне қатысты сөздер; ә) жерге қатысты сөздер; б) үстеу сөздер. Екінші бөлімі етістіктерге арналған. Қолжазбаның етістік категориясын ғалым С.Р.Боранбаев зерттеді. Етістіктердің семантикалық жіктемесін анықтап, ескі қыпшақ тіліндегі етістіктердің жасалу жолдарын, фонетикалық және морфологиялық өзгерістерін нақтылай келіп: «Сонымен, ескерткіш тіліндегі етістіктің жіктік жалғаулары ашық райда (өткен, осы, келер шақта), шартты райда және бұйрық райда қолданылады, олардың жасалуына есімшелер мен көсемшелер қатысады деп айта аламыз. Жіктік жалғаулар етістіктің негізгі әрі көмекші формаларына жалғанады,» – деп қорытындылайды [37, 28 б.].

Китаб ат-туһфа аз-закія фи луғат ат-туркия. («Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық»). Қолжазба бір ғана данадан тұрады. Стамбулдағы Баязит мешітінің Валиддин Ефенді кітапханасында сақтаулы. 91 парақ, яғни, 182 беттен тұрады. Қыпшақ сөздері қызыл сиямен, араб сөздері қара сиямен

сақталған. Қолжазба өте сауатты, ұқыпты және үлкен ыждаһаттылықпен жазылған. Бірақ авторы мен жазылған уақыты әлі күнге дейін белгісіз. Н. Н. Қонқабаева «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркия» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Қолжазба тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелденді. Орта ғасыр мен қазіргі дәуірге ортақ, мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін лексикалық параллельдер сараланып көрсетілді. Сөздіктің тілдік ерекшелігі, лексикалық қоры талданды. Қолжазбадағы лексикалық бірліктердің салыстырмалы-тарихи интерпретациясы жасалынды[38].

Китаб ал-дурра ал-мудия фил-луғат ат-Туркия алат-тамам вал-камал («Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы») – авторы белгісіз. Қолжазба ішінара 24 тарауға бөлінген. Бірінші тарауында діни ұғымға байланысты сөздер берілсе, кейінгі тарауларында өсімдік, жануарлар, тұрмысқа қатысты сөздер топтастырылған. Елімізде аталған ескерткіш жайлы алғаш мәлімет берген ғалым К. Д. Таужанова: «Қазақ тілінің жасалу, қалыптасу, өсу өркендеу желісін зерттеп, жетілдіре түсу ісіне нақтылы үлес қосуда осы тақілеттес мұралардың маңызы зор,» – дейді[39, 43-46 бб.].

«Китаб-Мукаддима» («Түсіндірме кітап»). Авторы – Әбу ләйс әс Самарқанди. Мәмлүктер тұсында қыпшақ тілінде жазылған құнды еңбек. Ислам дінінің қағидалары мен ережелері, иман негіздері, намаз бен дәреттің шарттары жазылған. Ескерткіш тілінің лексика-морфологиялық құрылымы жайлы Қ. Садықбековтың зерттеу жұмысы бар. Мұнда сөздердің лексикалық мағынасы талданып, түсініктеме берілген [40]. Сондай-ақ А.Зайончковскийдің басшылығымен қолжазба Будапешт және Варшава қалаларында жарияланған [41].

Орта ғасырлардағы ескерткіштер белгілі бір оқиғаға негізделіп жазылған. Бірі тарихи оқиғаларға құрылса, бірі махаббат, ағартушылық, сопылық және т.б. тақырыптарды қамтиды. Біз қарастырып өткен ескерткіштердің мазмұны да сан қилы. Жазылу уақыты жақын болғанмен, әр түрлі ұлыстың өкілдері жазғандықтан тілдік ерекшеліктер байқалады. Сондай-ақ, Орта Азия аумағында жазылғандықтан тілдік алшақтық та көп емес. Сонда да әр ескерткішті тілдік және тарихи тұрғыдан зерттеу арқылы өткенімізден хабар алып, болашағымызға жол ашатынымыз анық.

1.2 Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің зерттелуі

Орта ғасырда қыпшақ елінен шыққан (1128-1156 жж.) ғұлама ғалым – өз-Замахшари. Бірнеше құнды еңбектің авторы. Өзіне тиісті орнын таба алмай келе жатқан дарынды тұлғаның «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігі жазылған дәуірі – ортағасыр, жазылған жері – Орта Азиялық құнды мұра. Біз

зерттеу нысанымызға алып отырған «Мукаддимат әл-Адаб» («мукаддимат» ар. – кіріспе) деген ұғымды білдіреді. XI-XII ғасырларда ғылымда жиынтық атау ретінде қолданылды. Демек, «Мукаддимат әл-Адаб» атауының аудармасы – «Тіл біліміне кіріспе» деген мағынаны білдіреді. Шығарма Орта Азия мен Дешті Қыпшақ, Хорезм, Қарахан, Арал теңізінің маңы мен Сырдың бойын мекен еткен қыпшақ тайпаларының күшейген уақытында жазылған. Сондықтан да Орта Азияны мекендеген халықтардың барлығына ортақ мұра деп айта аламыз. Өкінішке орай, қолжазбаның түпнұсқасы жоғалып кеткен. Сонда да көшірмесі Бұқарадағы Әбу Әли ибн Сина атындағы кітапханадан табылған. Табылған қолжазбаның бірін 1305 жылы хатиб (қолжазбала сақтаушы) Хамид Хафиз алғаш рет көшіріп, жинақ етіп шығарды. Құнды мұрада араб және парсы тілдерінің материалдары сақталған. Екінші көшірмені 1492 жылы Мухаммед Дервиш араб, парсы, монғолша аудармаларымен берген. Бұл аударманы жазған. Екінші аударманы өзбек билеушісі Абдолла ханның (1557-1598 жж.) тұсында өмір сүрген Құл- Баба Көкілташ дейтін көрнекті бек белгілі бір кітапханаға мұра етіп қалдырса керек. Аталған ескерткіштің ғылымға, соның ішінде түркі халықтарының тілін, тарихын, этнографиясын зерттеуде тигізер пайдасы мол. Халқымыздың тарихы мен тілінде айрықша орын алады деп есептейтін болсақ, эз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» туындысы дәл осындай құнды. Ортағасырлық қолжазбалар – халқымыздың мәдениеті мен тілін, тарихын айқындайтын қайнар көз.

«Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің авторы Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы, ортасы жайлы мәліметтер өте аз. Белгілі түркітанушы, қыпшақ тілінің маманы, профессор Ә.Құрышжанұлы есімін Әбу-л- Қасым Махмұд ибн Омар Жаралла эз-Замахшари деп айтады[42].

Ғалым 1075 жылы Замахшар қаласында дүниеге келіп, Үргеніш қаласында қайтыс болған. Замахшаридің болған уақытын әркім әрқалай айтады. Түрколог ғалым Э.Н.Нәжіп 1142 жылы дүниеден өтті десе, ғалым Н.А.Баскаков пен Н.Н.Поппе 1143 жылы қайтыс болған деп болжайды. Ал түрколог Ә.Құрышжанұлы 1144 жылы дүниеден өтті дейді[42, 46 б.].

Ғалым, тілші эз - Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегі – Орта Азия мен Қазақстандағы араб тілді қолжазбалар ішінен ойып тұрып орын алатын құнды еңбек. Ортағасырлық ғалым Замахшари өз заманында араб лексикографиясы мен стилистикасынан, риторикасынан, поэзиясы мен экзегетикасы жайлы қомақты шығармалар жазған. Әрі өз заманының дарынды ақыны. Шығармаларын арабша, парсыша, түрікше қатар сөйлеткен дарынды тұлға [43, 542-556 б.].

Кенестік кезеңдегі зерттеулер. Біз зерттеу нысанымызға алып отырған «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішін ТМД елдерінде болсын, жалпы түркі елдерінде болсын арнайы зерттеген ғалымдар көп емес. Н.А.Баскаков, А.К.Боровков, Н.Н.Поппе, Э.Н.Нәжіп, Б.З.Халидов т.б. ғалымдар тілдік тұрғыдан қарастырды.

Ескерткішті алғаш тілдік тұрғыдан қарастырған орыс ғалымы – Н.Н.Поппе. Түркітанушы ғалымның қолға алып қарастырғаны сөздіктің хатиб Дервиш Мухаммед жасаған көшірмесі. Н.Н.Поппенің 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясы баспасынан жарық көрген екі бөлімнен тұратын «Монгольский словарь. «Мукаддимат ал-Адаб» еңбегі жарық көрді. Еңбектің бірінші бөлімінде Замахшаридің қолжазбасында келтірілген сөздіктерге фонетикалық және морфологиялық талдау жасаған[44, 7-8 бб.]. Н.Н. Поппенің фонетикалық талдауында, дауысты дыбыстардың буын құрау қабілетіне ерекше тоқталған. Бір буынды және көп буынды сөздер мен ескерткіш тілінің үндестік заңын қарастырды.

Түркітанушы Н.Н.Поппе дауыссыз дыбыстарға да тоқталып, һ дыбысының ерекшелігі жайлы: переходя к рассмотрению данных словаря «Мукаддимат ал-Адаб», мы увидим, что условно передаваемый знаком к спирант наличествует в громадном количестве слов. В числе их мы находим ряд прежде незасвидетельствованных с h. [44, 452 бб.]–дейді. Сондай-ақ ҫ, z, дауыссыздарының сөз соңында кездесетінін анықтаған.

Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде сөздіктің морфологиялық ерекшелігін талқылайды. Есім сөздерге жалғанатын жұрнақтардың түрлерін ажыратады. Сан есімдерді алты түрге бөліп, олардың көпше түріне де тоқталып өтеді. Есімдіктерді жеті түрге бөліп, септелуін қарастырады. Етістіктердің мағыналық топтарын анықтап, жіктелуіне назар аударады.

Академик В.В. Бартольдтің 1973 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Работы по источниковедению» еңбегінде «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіне тоқталып, пікірін білдіреді. Жәдігерліктің өте көне қолжазба екендігін ескертіп, Рабғузидің «Қисса сұл-әнбия» еңбегіне жақындығын айтады [45,465 б.].

1965 ж. Мәскеу қаласында басылып шыққан «Вопросы языкознания» еңбегінде А.К.Боровков «К истории словаря «Мукаддимат ал-Адаб» Замахшари» еңбегін жариялады. Ғалым жәдігерліктің төрт тілді сөздік екендігін айтып, зерттелу тарихына үңіледі. Ценность этого словаря обусловлена тем, что словарь содержал в учебных целях наряду с арабскими словами древнехорезмийские, персидские (таджикские), и тюркские и монгольские глоссы. [46, 98 б.].

1962 жылы А.К.Боровковтың Будапешт қаласында «Тюркские глоссы в Бухарском списке «Мукаддимат ал-Адаб»» мақаласы жарық көрді. Түркітанушы қолжазбаның тілдік ерекшелігін ирандықтар, жалпы түркітанушылар зерттеуге ынталы екендігін айтады.

А.К.Боровков қолжазбада кездескен біршама аудармадағы қателіктерді қарастырған. Мысалы, «saray» сөзі барлық жерде сарай және үй мағыналарын беретіндігін айтады. Сарай және үй мағынасын ажыратып, мысалдар келтіреді. Мысалы, *Terge tutti sarayni* — «сарайды жалдады» (222 б.), араб мәтінінде үйді *dar* (الإندادا), ал Ташкент нұсқасында: *tergu tutti ewni* — «үйді жалға алды» (356 б.). Ал біз нысанымызға алып отырған Н.Н.Поппе

басылымында үй сөзі «ew», «**tam**» деп беріледі. Мысалы, **ewning bir yanī** /евнің бир йаны/ (110)–үйдің бір жағы; **ew tori** /ев төрі/ (110) – үйдің төрі; **tamdayī quš ewi** /тамдағы қуш еві/ (110)–үйдегі құс ұясы; **tamqa ċiqti** /тамқа чықты (110)–үй төбесіне шықты. Ал сарай сөзі «**saraj**»деп беріледі. Мысалы, **saraj ešigi ali** /сарай ешігі алы/ (110)–сарай есігінің алды; **saraj ortasi** сарай ортасы (111)–сарай ортасы; **saraj oruni** /сарай оруны/(111)–сарай орны т.б.

Сөз тіркестерінің де дұрыс аударылмаған тұстарын көрсетіп өтеді. Мысалы, *bu sozni esitmes* — «бұл сөзді есітпеді» (160 б.) ал дұрыс аудармасы– «сөз тындамайды, тентек т.б.»; *buyday ongluk boldi* — «бидай түске енді» (124 б.), дұрысы – «бидай өңді болды» [46, 34]. Біз зерттеп отырған Н.Н.Поппе нұсқасында бұл тіркестерді кездестірмедік.

Лингвистикалық талдау жасаған ғалымдардың бірі – Э.Н.Наджиб. Ғалым ескерткіш тіліне қатысты лексика-грамматикалық талдау жүргізді. Сөздердің өзбек тіліне жақындығын, қатысын қарастырды. Сондай-ақ, сөз тудырушы жұрнақтарды анықтап, дәйек келтірді. Сөз тудырушы - **ғучы** жұрнағы **-учи** формасында кездеседі: қой бақучы–«қойшы»; өлдіргүчи «өлтіруші» [47,293 б.].

Ғалым Н.Б.Бадгаевтың 2011жылы «Научная мысль Кавказа» журналында «Монгольский словарь «Мукаддимат ал-адаб» как лингвокультурологический источник (на примере лексемы *baļasun*)» зерттеуі жарық көрді. Н.Б.Бадгаев *baļasun* сөзіне лингвомәдени тұрғыдан талдау жасайды. Слово *baļasun* в монгольском глоссарии «Мукаддимат ал-Адаб» означает «стена»: *baļasun* – чагат. *tam* «стена». Примеры: *baüin baļasun* – чагат [48].

Ескерткіш тілінің лексикографиялық ерекшелігі жайлы М.Ю.Хакимов 1994 жылы Ташкент қаласында докторлық диссертация қорғады. Бұл зерттеу жұмысы үш бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде МА қолжазбасының маңыздылығы, жазылған уақыты қарастырылды. Екінші бөлімде лексикографиялық талдау жасалынды.Үшінші бөлімінде арабша-түркіше глоссалар берілген [49].

Шет елдерде жасалған зерттеулер.

Түрік ғалымы С.Үнлүнің «Хорез Алтынлорда түрікше сөздігі» еңбегінде Орта ғасырлық түркі дүниесіне қатысты біршама қолжазбаларға сипаттама береді. «Мукаддимат ал-Адаб» ескерткішінде кездесетін сөздіктерді бес түрге бөліп, ең саны көп етістіктер екендігін айтады. Сондай-ақ, Стамбул, Париж, Берлин Шүштер және Йозгат нұсқалары жайлы ақпарат береді[50].

Нұрхан Гүнердің 2008 жылы Кайсери қаласында «Мукаддимат әл-Адаб грамматикасы» еңбегі басылып шықты. Ғалым ескерткіш тілінің фонетика саласын дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөледі. Дауысты дыбыстардың буын құрау қабілетін талдап, дауыссыз дыбыстардың жұп дауыссызға алмасу құбылысын терең қарастырды. Мысалы, *b* мен *m* дыбыстарының алмасуы: *ben* > мен (24-6), *biñ* > мың (50-3) т.б. [51]

Грамматика бөлімінде зат есім, етістік және сын есімнің жұрнақтарын қарастырады.

Түрік ғалымы Г.О.Аяздың 2020 жылы Трабзон қаласында шыққан «Мукаддимат әл-Адаб» Париж және Йозгат нұсқалары біріктірілген көлемді еңбегі басылып шықты. Еңбектің бірінші бөлімінде ескерткіш тілінде кездесетін сөз тіркестері мен сөйлемдерді екі нұсқа бойынша салыстырған. Екінші бөлімінде барлық сөздерді әліпби ретімен екі нұсқа бойынша түрік тіліне аударған [52].

Н.Каяның 1990 жылы Едірне қаласында «Мукаддимат әл-Адаб» етістіктерінің жұрнақтары» тақырыбындағы зерттеу жұмысы жарық көрді. Ғалым етістіктерді түрік тіліне аударып, түсініктеме берген. Туынды етістіктердің жасалу жолын түсіндіреді [53].

Ғалым Серхан Жиханның 2021 жылы Анкара қаласында «Мукаддимат әл-Адаб» (Йозгат нұсқасы көшірмесі) атты докторлық диссертациясы жарық көрді. Ғалым Йозгат көшірмесін түрік тіліне аударып, әліпби ретімен құрастырған.

Бірінші бөлімінде Замахшаридің өміріне шолу жасайды: Оның толық аты-жөні Абул-Касим Махмуд б. Омар б. Мұхаммед әл-Хорезми әз-Замахшери. Жазушы (1075 ж.) Замахшар қаласында дүниеге келді. Ғалым жас кезінде аяғын жарақаттап алып, кеміс болып қалған [54, 5 б.].

Н.Йүдженің 1993 жылы Анкара қаласында «Мукаддимат әл-Адаб. Хорез түрікшесі және Шүштер нұсқасы» атты көлемді еңбегі басылып шықты. Еңбек екі тараудан тұрды. Бірінші бөлімі кіріспеге арналды. Бұл бөлімінде Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы сөз болады. Шүштер атауының шығу тегін қарастырады. Шүштер нұсқасы Иранның Шүштер қаласындағы шейх Мұхаммед Таклдың жеке кітапханасында сақтаулы. Бұл қолжазбаны иесінің рұқсатымен 1967 жылы Орхан Билгин Стамбулға әкеліп, оның маңыздылығын бағалап, Сүлеймения кітапханасында микрофильмі түсіріліп, түпнұсқасы иесіне қайтарылды[55].

Екінші бөлімінде сөз тіркестері түрікше аудармаларымен берілген. Сондай-ақ сөз тіркестерінен кейін сөздер әліпби жүйесін сақтап, түрікше аудармаларымен берілген. Біз зерттеу нысанымызда Н.Йүдженің Шүштер нұсқасымен де салыстырдық.

Отандық зерттеулер. Қазақ ғалымдарының ішінде «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші жайлы ғылымда алғаш сөз қозғаған белгілі қыпшақтанушы – Ә. Құрышжанұлы. Ғалымның қолжазба туралы алғашқы еңбегі .

Отандық ғалым ф.ғ.д., профессор Ш.Ш.Жалмаханов «Мукаддимат әл-адаб» ескерткішіне кешенді зерттеу жүргізіп келеді. Ғалымның «Әбілқасым әз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-адаб» сөздігі (Ш ғ.) мен қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың тарихи тектестігі және омонимиялық, полисемиялық қосымшалар» атты мақаласында:

Замахшаридың «Мукаддимат әл-Адаб» қолжазбасында барлығы 244 жұрнақтың қазіргі тілімізде 111-і кездесетінін, көмекші грамматикалық

формалардың жартысына жуығының тілімізде сақталуы тарихи төркіндестіктің толық дәлелі екендігін айтады. Түйіндей келе, 1) қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын қосымшалардың қосымшалардың ерекшелігі дыбыстық құрамында ғана, ал грамматикалық қызметтерінде өзгешелік болмайтынын айтады; 2) Замахшаридің еңбегі тұтас мәтін емес, лексикографиялық туынды болғандықтан, грамматикалық көмекші формалардың барлығы қамтылды деген тұжырым жасауға болмайтынын айтады [56,228 б.].

Ғалым Ш.Ш. Жалмаханов Әбілқасым әз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-адаб» сөздігін үздіксіз зерттеп келеді. Лингвистикалық бағыт бойынша кешенді зерттеу жүргізіп жүрген бірден-бір ғалым деуге негіз бар. Қарағанды университетінің хабаршысының № 1(97)/2020 санында «Әбілқасым әз-Замахшаридың өмірі мен шығармашылығын кешенді зерттеудің қажеттілігі» атты мақаласында Замахшаридің біршама еңбегіне кешенді түрде талдау жүргізген. Соның ішінде «Мукаддимат әл-Адабқа» ерекше тоқталып, жазылу тарихы мен тіліне үніледі. Замахшаридің түркітану үшін маңызды еңбегі – «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігі. Замахшари араб тілі мен әдебиетінің лексикалық байлығын өз отандастарына таныстыру және білімді саналы меңгеруге жеңіл жол ашу мақсатында «Мукаддимат әл-Адаб » деген арабша-парсыша сөздік құрастырды. Кей деректерге қарағанда, ғалым дәстүр бойынша еңбегін Хорезм шаһының ұлы ғылым мен поэзия жанашыры Абулмузаффар Атсызға (1127-1156 ж.) арнаса керек. Кейіннен Атсыздың өтініші бойынша түркі бөлігін қосқан. Монғолдардың келуінен соң белгісіз автор монғол сөздерін қосып, арабша парсыша түркіше монғолша сөздікке айналған [57].

Г.Ж. Өтегенова 2007 жылы «Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің жасалуы («Мукаддимат әл-Адаб», XIV ғасыр)»тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. Зерттеу жұмысы ескерткіш тілінің синтаксис саласына бағытталып, есімді тіркестердің жасалуын қарастырды. Есімді тіркестердің өзіне тән белгілерін анықтап, ұқсас тұлғалардан ерекшелігін ажыратты. Сондай-ақ есімді тіркестердің сөздікте алатын орны мен ережеге сай емлесін белгілеп, байланысу тәсілдері мен жасалу жолдарын, құрылымдық түрлері мен мағынасын анықтады.

Ғалым зерттеу жұмысының екінші тарауында жалпы есімді тіркестерге тоқталған. Меңгеріле байланысқан есімді тіркестер мен матаса байданысқан[58].

Ғалым, заң ғылымдарының кандидаты Е. Серімов те «Мукаддимат әл-Адабқа» қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. «XII ғасыр ғалымы әз- Замахшаридің өмірі және шығармашылығы» атты зерттеу жұмысы толығымен Замахшаридің өмірі мен шығармашылығына арналды. Ғалым «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішін орта Азияға ортақ құнды мұра екенін айтады. Ал уақыты жағынан орта ғасырлық (XI-XIV ғғ.)жазба

ескерткіштердің қатарына жатқызады. Сондай-ақ әлі күнге дейін толық талданбаған ғылыми жәдігерлік екенін ескертеді [59].

Ғалым Е.Серімов Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы жайлы айтып, біз нысанымызға алып отырған ескерткіш тіліне де тоқталып өтеді. Ескерткіш тілінің лексикалық сипатын қарастырып, жалпы сөздерді табиғат құбылысына қатысты, астрономиялық атауларға байланысты, қоршаған ортаға қатысты, пайдалы қазбалар, жиміс жидектер, дақылдар.т.б. тақырыпшаларға топтап, жік-жікке бөледі. Кірме сөздерге де арнайы тоқталып, олардың үлесін анықтайды. Омоним, синоним, антоним сөздердің жасалу жолдарын анықтап, мысалдармен дәлелдейді.

Отандық ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Қ.Сембиевтің 2016 жылы Түркология журналының № 4 басылымында «Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб»» туралы зерттеу жұмысы жарық көрді. Замахшариді Әмудария өзенінің батыс жағындағы Замазшар қаласында 1075 жылы дүниеге келіп, 1144 жылы Үргеніш қаласында қайтыс болғанын айтады [60]. Ғалым «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіне уақыты жағынан ең жақын тұрған М.Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде кездесетін қыпшақ сөздеріне тән ортақ лексемаларды анықтау мақсатында салыстыру жүргізген.

Сондай-ақ ғалым XIII-XIV ғасырлардың құнды мұрасы қыпшақ тілінде хатқа түскендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген, кекшенді зерттелген «Кодекус куманикус» тілімен де салыстырылып, қазақша аудармаларымен көрсетіледі.

Ғалым салыстыруды ары қарай «Китаб аттуһфа уз-Закийя фил лұғат-ит-туркийя» («Түркі тілі туралы жазылыған ерекше сыйлық») еңбегімен жалғастырады. Салыстыру нәтижесінде, «Аттуһфаның» лексикалық ерекшелігі басқа ешбір тілде дәл қазақ тіліндей өзгеріссіз сақталмағанын, көне қазақ тілінде жазылған ескерткіш деп қорытындылайды.

II ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» СӨЗДІГІНІҢ ТІЛІ (ФОНЕТИКА, ЛЕКСИКА, МОРФОЛОГИЯ, СИНТАКСИС).

1.3 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің фонетикалық ерекшелігі

XX ғасырда орыс патшалығы қазақ даласын отарлауды аяқтап, орыс шаруаларын жаппай қоныстандыруды қолға алды. Бұл қазақ халқының тілі мен дінін, тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін тереңірек білуге жол ашты. Осы мақсатпен орыс оқымыстылары зерттеу жұмыстарын жалғастыра түсті. Қазақ тілі жөніндегі алғашқы зерттеулер осы тұста дүниеге келді.

Қазақ сөздерін алғаш рет орыс графикасымен Н.И.Ильминский (1822-1891) жазды. 1860 жылы Қазан қаласында басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» еңбегінде қазақ тілі, оның дыбыстық, грамматикалық жүйесі жөніндегі пайымдаулары баяндалды. Араб жазуын орыс графикасына ауыстыру жайлы алғашқы пікір айтылған. Тіліміздің фонетика саласын кешенді зерттей тырып, 8 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар деп түйіндейді. Ғалым а және ә дауыстыларын бір дыбыс деп қараған. Дыбыстардың айтылуына, өзара үндесуіне, дыбыс алмасуына назар аударады.

Түркі тілдерін зерттеудің жаңа кезеңінде В.В.Радловтың (1837-1918) еңбектерінің маңызы зор. 1882 жылы Лейпциг қаласында басылған «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» еңбегі жарық көрді. Мұнда тіліміздің дыбыстық жүйесі біршама шешімін тапқан. 9 дауысты, 20 дауыссыз дыбыс бар деп көрсетеді. Сондай-ақ дауыстыларды жақтың, еріннің қатысына қарай жіктеп, дауыссыз дыбыстарды қатаң, ұяң, үнді деп бөледі. В. Радлов дауыстылардың үндесуіне айрықша тоқталады. Ерін үндестігінің өте жақсы сақталғанын айтып өтеді.

В.Радлов л дыбысын дауыссыз дыбыстардың ішінен бөле қарап, жуанды- жіңішкелі айтылатын екі дыбыс деп тұжырымдайды.

XIX ғасырда жазылған елеулі еңбектің бірі П.М.Мелиоранскийдің (1868-1906) грамматикасы деуге болады. 1894-1895 жылдары «Краткая грамматика казах-киргизского языка» еңбегі екі кітап болып басылып шықты.

Еңбектің 24 беті тіліміздің фонетика саласына арналған. Қазақ тілінде 9 дауысты, 20 дауыссыз дыбыс барын айтады. Үндестік заңына зор мән беріп, өте жақсы талдап көрсетеді. Дауыстыларды жуан және жіңішкеге бөліп, еріндік дауыстыларды үшінші буыннан кейін әлсірейтіндігін мысалмен (көрүстүрдіңіз т.б.) көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде дыбысталу жүйесіне қатысты алғашқы пікірді А.Байтұрсынұлы білдірді. Ғалымның 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралында» араб графикасын қазақ тіліне икемдеп, әр дыбысқа жеке таңба берді. Солай тіліміздегі дыбыстарды 24 таңбаға санамалайды да, 5 дауысты, 17 дауыссыз бар деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының «Дыбыстарды жіктеу туралы» атты мақаласында дауыстыларды толық және шала дауыстылар деп бөледі. Шамасы, ашық және қысаң дауысты дыбыстарды меңзесе керек. Сондай-ақ, дауыссыздар жайлы да орынды ой айтады: «Қысандар мен босандары (қатаң ұяң) біріне-бірі жуыспайды, бірі қысаң, бірі босаң болып екеуі қатарынан келмейді».

Тіліміздің фонетика саласына елеулі үлес қосқан, мамандығы дәрігер бола тұра ғылымның бірнеше саласына тұшымды пікір білдірген Х.Досмұхаммедұлының (1883-1939 ж) зерттеулерін бөле-жара айту керек.

Алғаш «Шолпан» журналында мақала ретінде жарық көріп, кейіннен 1924 ж. кітап болып басылып шыққан «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингорманизм» еңбегін кең ауқымды ғылыми зерттеу деп айтуымызға болады[61,17 б]. Мұнда тіліміздің дыбыс жүйесі, үндестік заңы кешенді қарастырылған.

Кейіннен Мырзабеков С.[61], Садуақас А.[62], Аханов К.[63] т.б. ғалымдар фонетиканы кешенді зерттеді. Жоғарыдағы аталған ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің дыбыстық жүйесін қарастыруды жөн көрдік. Біз зерттеу нысанымызға алып отырған дыбыс жүйесі барынша анық болу мақсатында, материалдарды Н.Н. Поппеде берілгендей латын графикасымен белгілеуді жөн көрдік. Одан кейін қазіргі тілдегі баламасы берілді.

Н.Н. Поппе төмендегідей алфавиттік жүйені қолданған

a – a; e – e; h – h; l – л; o – o; s – c; ü – ү; q – қ;

b – б; f – ф; i – i,и; m – м; o – ө; š – ш; z – з;

č – ч; g – г; j – дж; n – н; p – п; t – т; y – й;

d – д; ɣ – ғ; k – к; ng – н; r – р; u – у; ĭ – ы. [44,45 б.]:

Зерттеуіміздің бұл тарауында ескерткіш тілінің фонетикалық ерекшелігін, дыбыстардың табиғатын, қолданысын қарастырамыз. Қолжазба тіліндегі сөздердің мағынасын түсіну үшін, алдымен, дыбыстардың ерекшеліктерін анықтап алуымыз қажет. Сөздер дыбыстардан құралады десек, дыбыс арқылы сөз сыртқа шығады. Дыбыс – ең кіші тілдік бірлік, құлаққа естілетін физикалық шама. Дыбыстан әріп түзіліп, жазу қалыптасады.

Белгілі бір еңбекті фонетикалық тұрғыда қарастырудың басты мақсаты – тілдің фонологиялық жүйесін айқындау. Бір тілді жеке дара алып қарау ақиқатқа жетер жол емес, ол үшін туыс тілдерге тән ортақ белгілерді туыстас тілдермен салыстыру арқылы айқындап алуымыз қажет. Туыс тілдердің ішінде өзара жақын тілдерге тән ортақ белгілер өте көне дәуірлерде пайда болған көрініс екеніне дау тумауға тиіс. Осыдан келіп екі мақсат айқындала түседі: бірі – фонологиялық зерттеу арқылы жеке дыбыстардың (фонеманың) даму эволюциясын, әуелгі қалпынан өзгеріске ұшырауын айқындау да, екіншісі – ол арқылы фонологиялық жүйеде болған жекелік не ортақ өзгерістерді белгілеуге ұласады. Ескерткіш тілін фонетикалық тұрғыдан

зерттеу барысында, қолжазба тілінің фонетикасы мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы байланысты анықтап, дыбыстық өзгерістерді ажыратамыз.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың сөз құрамында қолданылу тәртібі бірдей емес. Мысалы, а,е,ы, і әріптері сөздің барлық орындарында қолданыла береді [64,15 б.]. Ал ә,ө, о, ұ, ү әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында актив қолданылғанмен, сөздің соңғы буындарында өте сирек ұшырайды. Қос сөз бен біріккен сөздердің екінші сыңарларының бірінші буынында жазылады. Біздің зерттеу нысанымызға айналған ескерткіш тілінде де тура осы жүйе сақталған.

А – иектің төмен түсіп, ауыз қуысының кең ашылуының пайда болатын ашық дауысты дыбыс. А дыбысы – тіл-тілдің барлығында кездесетін көнеден келе жатқан фонемалардың бірі[61, 41 б.]. А дыбысы буын үндестігін құрайтын, ескерткіш тілінде ең жиі кездесетін фонема. Қолжазбада **а** дыбысы сөздердің кез келген буынында актив қолданылады. **Сөз басында:** **ақ** (аң) (93) – аң, **ақці** /аңчы/ (93) – аңшы, **abadan yer** /абадан йер/ (93) – қолайлы жер, **ақладі** /аңлады/(93) – аулады, **ақладі ақні** /аңлады аңны/ (93) – аң аулады, **aidayan** /айдаған/(98) – алдаған, өтірік, **ahisteliq** /ахистельк/ (98) – баяу, **antliq** /антлык/ (103) – уәделі,антты, **ar ayi** /ар айы/ (104) – он бірінші ай, **arči** /арчы/ (104) – арша, **arıq** /арық/ (105) – таза, **ақчы** /ачығ/ (108) – ашу, **ant** /ант/ (102) – ант т.б. **Сөз ортасында:** **ақладі** /аңлады/ (93) – аулады, **adapliq** /адаплык/ (94) – мейірімділік, әдептілік, **оқшатті** /оқшатты / (95) – ұқсатты, **oldadi** /олдады/ (98) – алдады, өтірікші **aldayan er** /алдаған ер / (98) – алдаған ер, өтірікші. **Сөз соңында:** **teri soıyan** /тері сойған/(104) – тері сойған,**ala** /ала/ (97) – ала, **ala qarqa** /ала қарқа/(97) – ала қарға, **tatmaq** /татмақ/ (101) – татпақ, **dostlaşmaq** /достлашмақ/ (103) – достаспақ, **qışqan burunluq** /қышқан бурунлуқ/ (103) – қысқа мұрын, **sarajda turyan** /сарайда тұрған/ (110) – сарайда тұрған, **batti suya** /батти суға/ (111) – суға батты, **batqan** /батқан/ (111) – батқан, **оқшаş** /оқшаш/ (95) – ұқсас т.б.

Орта түркі тілдерінде а қазақ тілінде е дауысты дыбысына ауысып тұрған жайттар кездеседі. В.В.Радлов а дауысты дыбысының ы-ға ауысуы XIV ғасырларда болған, кейіннен а дыбысы е-ге, сосын і-ге өткен болуы керек деп тұжырымдайды[65, 25 б.].

Е дыбысы жайлы ғалым Садуақас Н.А: Е – тіл таңдайдың орта шенінен жуықтаудан жасалатын, жіңішке, қысаң-көтеріңкі, тіл ортасы, езу, құранды фонема[62,56 б.]. **Е** дыбысы сөздің бірінші буынында: **uerni xata qildi** /йерні хата қылды/ (94) – орыннан қателесті, **yeşildi tögün** /йешілді төгүн/ (98) – түйін шешілді, **berk boldi iş** /берк болды іш/ (113) – жұмыс нығая түсті, **sewindi** /сеуінді/ (114) – оған қуанды, **delil tutti anı anqa** /деліл тутты аны аңқа/ (95) – оны дәлел ретінде келтірді, **keltür** /келтүр/ (95) – келтір, **elt[t]i anı yul** /елті аны йул/ (94) – дала рухы оны алып кетті, **keltürdi berklik** /берклик/ (113) – беріктік, **et** /ет/(120) – ет, **el** /ел/ (136) – ел, **teri** /тері/ (104) – тері, **elt[t]i anı** /елті аны/ (94) – оны алып кетті; **сөз ортасында:** **nemeni** /немені/ (94) – немені, **mengzedi anga** /меңзеді анга/ (95) – оған ұқсатты, **keleni 'ilaj qildi**

keleni baq[q]uči /келені ілаж қылды келені баққучы/ (96) – малшы малды емдеді, **mezesiz neme** /мезесіз неме/ (101) – дәмсіз бірдеңе т.б. Сөз соңында: **nemege** /немеге/ (114) – нәрсеге, **tewe** /теве/(120)– түйе, **čölge** /чөлге / (136) – шөлге т.б.

У және ү дыбыстары да буын талғамайды. **Ү** дыбысы– тіл таңдайдың алдыңғы шеніне жуықтаудан жасалып, жіңішке, қысаң-көтеріңкі, тіл ортасы, ерін, жалаң фонема [62, 56 б]. Ж.Аралбаев қазақ тілі дауыстыларын зерттей келе: «и, у дауыстылары артикуляциясы жағынан ерекше, у-дың негізгі компоненті фонетика жағдайына қарай ү не ү, ал екінші көмескі компоненті у–өте келте айтылады,» – дейді [66,56]. Сөз ішінде **ү және у** дыбыстары актив қолданылады: Мысалы, **yük** /йүк / (95) – жүк, **yüklük** /йүклүк / (95) – жүкті, **suruštılar** /суруштылар/ (106) – бірін-бірі сұрады, **turquzdi tepretküčini** /турқузди тепреткучини/ (109) – қозғалысты тоқтатты, **tökündi** /төкүнді/ (111) – төгілді, **bahadur** /баһадур/ (115) – баһадүр, **yuyan boyunluq** /йуған бойунлуқ/ (119) – қалың мойын т.б.

Сөз басында: уца /уча/(106)–кәпір, **уца мончақ** /уча мончак/ (106) – арқаға арналған моншақ т.б. Ғалым И.А.Батманов орта ғасырлардағы түркі дыбыстарының ерекшелігін айта келіп: «У, ү дыбыстары басқы буында ғана емес, екінші буындарда да айтылады. Екінші буындардағы у, ү дыбыстары бірде ерін үндесуінің салдары болуы мүмкін, бірде езу дауыстыларынан кейін де айтылуы мүмкін», – деп қорытындылайды[67,31]. Ал **keltür** /келтүр/ (95) – келтір, **keltürür** /келтүрүр/ (95) – келтірер, **keltürdi yegülükni** /келтүрді йегүлүкні/ (95) – тамақты алып келді, **tirgüzdi tengri ölükni**/тіргүзді тенгри өлүкні/(100) – Тәңірі өлікті тұрғызды, **čüčük** /чүчүк/ (101) – тәтті, **yamγur** /йамғур/ (101) – жаңбыр, **tinquči** /тинқучи/ (102) – демалушы, **tındurdı anı** /тындурды аны/ (102) – оған демалыс берді, **a. yulduz** /арслан йулдуз/ (106) – арыстан жұлдызы. Сөз соңында: **tarazu** /таразу/ (106)–таразы; **о және ө** дауысты дыбыстары сөздің басында немесе бірінші буындарында ғана кездеседі.

Қазақ тілінде **о** фонемасы – тіл таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылуынан жасалатын ашық-орта, еріндік фонема. Сөздің анлаут позициясында **о** фонемасы көбіне сөздің бас буынында, ашық еріндік дифтонг сапасында келеді [62, 56 б.]. **О** дыбысысөздің бірінші буынында актив қолданылады: **oqšat[t]i** /оқсатты / (95) – ұқсатты, **otlayali qoıdı keleni** /отлағалы қойды келені/ (96) – малды шөпке жіберді, **oldadı** /олдады/(98) – алдады, **ong elik** /оң елик/ – оң қол, **ong qol sarı bardılar** /оң қол сары бардылар/ (112) – олар оңға қарай жүрді, **onqları sonqları** /оңқалары сонқлары/ (112) – оңға солға, **ong sarı sol sarı** /оң сары сол сары/ (112) – оңға және солға; **qorqunči**/қорқунчи/ (108) – қорқыныш, **toq xatun** /тоқ хатун/ (131) – тоқ әйел, **čolaq boldı qoli** /чолақ болды қолы/(136) – қолы шолақ болды т.б.

Түркітанушы ғалымдар **о, ө** дауыстыларын түркі негіз тілдерінің құрамында болған, этимологиялық, байырғы дыбыстар деп қарайды [68,95-

104 б.]. Бұл дыбыстар ортағасырларда өз табиғи қалпын сақтаған. Ескерткіш тілінде де ө дыбысының табиғи қалпын көруге болады. Ө дыбысы буын талғайтын дауысты дыбыстардың бірі. Сөздің басында, ортасында актив қолданылғанмен, сөздің соңында кездеспейді. Мысалы, **сөздің бірінші буынында актив қолданылады: ö.özini /өз өзіні/ (97) – өз-өзін, öltürdi qurban tewesini /өлтүрді қурбан тевесіні/ (97) – түйені құрбандыққа шалды, ölgen /өлген/ (97) – қайтыс болған, ö. tiledi /өнтүч тиледі/ (104) – қарыз сұрады, öcüm aldım öldürgendin /өчум алдым өлдүргендин/ (97) – өлтірушіден өшімді алдым, örtür /өртүр/(127) – өлтір, ölçedi /өлчеді/ (134) – өлшеді; tökülgüci /төкүлгүчі/ (107) – төгіліп жатқан, böri balası /бөрі баласы/ (134)–қасқырдың күшігі, tökdi ašliqni /төкді ашылықны/ (135)–астықты төкті, çöl /чөл/ (136) – шөл т.б.**

ы және і дыбыстары сөздің барлық буындарында актив қолданыла береді. Сөздің бірінші буынында: **til /тіл/ (96) – тіл, indedi anı iş için /індеді аны іш үшін/ (96) – оны іс (жұмыс) үшін шақырды; сөздің ортаңғы буындарында: айғыр at /айғыр ат/ (97) – айғыр ат, tirik /тірік/(100)–тірі; сөздің соңғы буындарында: аңчі /аңчы/ (93)– аңшы, a. qildi er xarab yerni /абадан қылды ер хараб иерні/ (93)– ер адам қиранды елді көркейтті, qilyuci /қылғучы/ (93) – қылушы, жасаушы, auladi /аулады/(93) – аулады, аңчі / аңчы / (93) – аңшы, qorqti /қорқты/ (96) – қорықты, tattı ašni /татты ашны/ (101) – астың дәмін көрді, tindi /тынды/ (102) – демалды, terisi soildi /терісі сойлды/ (104) – терісі сойылды.**

Түркі тілі табиғатын етене зерттеген тіл мамандары оның ескі қалпы – «д», одан кейінгі – «й», жаңасы – «ж» екендігі айтады [69,11]. Дауыссыз й дыбысы сөздің басқы шенінде: **yamanliqni /йаманлықны/(94)–жамандықты, yük /йүк/ (94)– жүк, a. yilan /ала йылан/ (97)– ала жылан, yeşilmiş baq /йешілmiş бақ/ (98) – жайқалған бақ, yan /йан/ (104) – жаны, yana /йана / (112)– тағы, yetilmeke yansuptur oylan /йетілмеке йаншуптур оғлан/ (118) – бала жетілді; сөз ортасында: niyet gildi nemeni nemege /ниет қылды немені немеге/ (95) – затқа қатысты ниет қылды, ayanin /айанын/ (97) – алақандар, keyinki /кейінкі / (103) – соңғы т.б.**

Дауысты дыбыстардың өзара алмасуы. Тарихта тіл үнемі дамып, жетіліп отыратын күрделі процесс екендігін дәлелдеп келеді. Сөз бойындағы фонетикалық, лексикалық өзгерістер тілдің дамуына әсер етеді.

Қолжазбада дыбыстардың өзара алмасуы кездеседі. Фонетикалық зерттеуіміздің нысаны – сөздіктің дыбыстар жүйесі. Ол үшін біз алдымен оппозициялық әдісті қолданамыз. Бұл әдіс бір-бірімен мағыналық айырмашылығы бірен-саран дыбыс өзгешелігіне негізделген сөздерді анықтау үшін қажет [70,8 б.].

Орта түркі тілі мен қазақ тіліндегі у//ы/і алмасуларын жиі байқаймыз: **tütük urdi /түтүк урды/ (129) – пердені лақтырды, çadur qazuqi /чадур қазуқы/ (130)–шатыр қазығы, tutulyan /тутулған/ (139) – жоғалған. urduq /урдук бізлер/ (140) – ұрдық, urušturdı /уруштурды/ (140) – ұрыстырды,**

yanqılış yazuq /йаңқылыш йазуқ/ (126)–қате, күнә; **tuwaq** /тувақ/(127) – тымақ, бас киім, **tutulyan** / тутулған/ (139) – жоғалған, **yčadur qazuqı** /чадур қазуқы/ (130)–шатыр қазығы, **toq xatun** /тоқ **čoqur** /чокур / (136)–соқыр, хатун/ (131) – тоқ әйел, **qamursqa** /қамурсқа/ (136) – құмырсқа, **qawuq** /қавуқ/ (137) – қуық; **ө yörtür** /өртүр/(127) – өлтір, **köküs** /көкүс/ (132)–кеуде, т.б.

ү//і. Бұл еріндік-езулік дауыстыларының алмасуы жайлы ғалым А.Айғбылов: «Бұл жұпатардың алмасуыжайлы әдеби тілдегі ү-мен айтылатын сөздердің сөйлеу тілінде і- мен дыбысталады.»–дейді. [71, 47 б.] **belgölük** /белгүлүк/– белгілі, **belgü** /белгү/ (116) – белгі, **belgürdi** /белгүрді/ (117) – белгіленді, **üzüm** үзүм (121) – жүзім, **xoros yüpügi** /хорос иүпүгі/ (121) – қораз айыры, **bütün** /бүтүн / (128) – аяқталды, **tütük** /түтүк/ (129)–перде, **bütken iş** /бүткен іш/ (129) – біткен іс; т.б.

Буын үндестігі қолжазбада сақталған. Сөздер бірыңғай жуан я жіңішке болып келеді: **könglek** /көңлек/ (130) – жейде, **aqliq** /ақлық/ (130) – ақтық, **čeçeklendi yıyač** /чечекленді йығач/ (131)–ағаш гүлдеді, **qulaqning yımšaq eti** /қулақның йымшақ еті/ (135)–қулақтың жұмсақ еті, **urušturdı** /уруштурды/ (140)–ұрыстырды. Кейбір кірме сөздер мен жуан я жіңішке нұсқасы жоқ қосымшалар буын үндестігіне бағынбайды. Мысалы, **kitabni** /кітабны/ (140) – кітапты, **wajib** /важиб/ (143)– қажет қылды, **zafcr** /зафер / (136) – жеңіс, **ta'ziye** /тазіе / (116)–қара жамылған, **bahadur** /баһадур/ (115) – батыр.

Ерін үндестігі ескерткіш тілінде сақталған. Түбірдің алғашқы буынындағы еріндік дауыстылар соңғы буындарға дейін сақталып отырады. Мысалы: **anuqluq** /ануқлуқ/ (116) – дайындық, **belgölük** /белгүлүк/ (117) – белгі, **qulluq** /куллуқ / (120) – құлдық, **bütün**/бүтүн/ (128) – аяқталды, **aq bulut** /ақ булут/ (130)–ақ бұлт, **tuzluq** /тузлуқ / (137)– тұзды.

Кейбір сөздерде ерін үндестігі екінші және үшінші буын аралығында сақталған. Мысалы, **töküldi yaš** /төкулді иаш/ (107) – жас төгілді, **qorqunčı** /қорқунчи/ (108) – қорқыныш, **tutuldi** /тутулди / (112)– байланды, **turušdı** /турушды/ (114)–турды, **q. a. urušqa** /қобарды аны урушқа/ (122) – оны жанжалға көтерді, **buynıng buzauı** /буғуның бузауы/ (124) – бұғы бұзауы, **baturdı** /батырды / (125) – батырды, **xatunlar** /хатунлар барча урдылар/ (125) – әйелдер, **uyutti sütni** /уйутты сүтні/ (127)–сүтті ұйытты.

Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер және «Мукаддимат әл-Адаб» тіліндегі дауыссыз дыбыстар сөз ішінде қазіргі қазақ тіліндегідей актив қолданылады. Сөздің басқы, ортаңғы, соңғы позицияларында әр дыбыс өзінің табиғатына сай кездесіп отырады.

Б дыбысы сөз басында актив қолданылады. **baqır** /бақыр/ (111)–мыс, **batqan** /батқан/ (111) – батқан, **bal arısi** /бал арысы/ (111) – бал арасы, **bexil** /бехил/ (113) – сараңдық, **berklik** /бериклик/ (113) – беріктік, **baıdı** /байды/ (114) – байыды, **baı boldı** /бай болды/ (114) – бай болды, **belgürdi** /белгүрді/ (117) – белгіленді, **bitidi** /бітіді/ (118) – жазды, **bitik** /бітік/ (118) – хат, **barča** /барча/ (127) – барша, **biz** /біз/ (118) – біз, **bütти iş** /бүтті іш/ (128) – жұмыс

аяқталды. **Сөз ортасында:** **qobardī** /қобарды/ (122)–көтерді, **b. boldī** /бөгрі болды/ (123) – бүкір болды, **torbaq** /торбақ/ (126) – торпақ, **butradī** /бутрады/ (126) – ыдырады. **Сөздің соңында** кейбір кірме сөздерде қолданылады: **kitab qīraγī** /кітаб қырағы/ (140) – кітап шеті т.б.

в дыбысы сирек ұшырасатын дыбыстар қатарына жатады. Сөз басында: **wezir** /везір/ (102)–уәзір, **waqt** /вақт / (130) – уақыт, **wajīb qıldi iṣni** /важиб қылды ішні/ (143)–істі қажет қылды, **wekil qıldi anī iṣke** /векіл қылды аны ішке/ (143)–оны жұмысқа уәкіл қылды, **waqtsiz saldi** /вақтсыз салды/ (130) – мезгілсіз салды. **Сөз ортасында:** **qawuq** /қавуқ/ (137) – қуық, **dewit** /девіт / (141)– қорап, **tewe**/тевени/(137)– түйе. Сөз басындағы б және в дыбыстарының сәйкесуі қыпшақ және оғыз тілдері арасындағы заңдылық екендігі белгілі.

д дыбысының аса жиі айтылатын орны сөздің ортасы болып табылады. Ал сөздің басында аса жиі қолданылмаса да, сөз соңы д дыбысымен аяқталу актив құбылыс емес. Мысалы, **сөз басында:** **delil** /деліл / (95) – дәлел, **dostlašmaq** /достлашмақ/ (103) – достаспақ, **derzi qarčuyī** /дерзі қапчуғы/(141)– тігіншінің қапшығы, **defning buli** /дефнің булы / (140)– қоңырау үні, **dayim ayriq bolur er** /дайым ағрық болур ер/ (139)– үнемі науқас ер, **destar sačayī** /дестар сачағы/ (139)–тюрбан шашағы, **darya asti** /дарға асты / (138) – дарға асты, **dane** /дане/ (138)–дән, **diwler atasī** /дівлер атасы/ (142)– жындардың атасы, **direm** /дірем/ (143) – дирхем және т.б. **Сөз ортасында:** **adina küni** /адіна күні/ (95)– жұма, **oldadi** /олдады/(98) – алдады, **aidayan** /алдаған/(98) – алдаушы, өтірікші, **bitidi** /бітіді/ (118) – жазды. Сөз соңында: **dad tiledi sultandin** /дад тіледі султандын/(137)–сұлтаннан дат сұрады. Байқағанымыздай, көне түркі тіліндегі т дыбысына қатысты кейбір сөздер ұяңданып, д дыбысына айналған. Мысалы, **tökdi qumnī** /төкді қумны/ (135)–құмды төкті, **čökdi tewe** /чөкді tewe/ (136) – түйе шөкті.

Алайда, көне түркі тіліндегі д дыбысы кездесетін орындардың барлығы т дыбысына алмаспайды. Дауыссыз т дыбысы да сөздің барлық буындарында актив қолданылады. Сөз басында: **tasarruf** /тасарруф / (94) – қолдану, **ter** /тер/ (95) – еңбегі, тер, **turur** туруп иер (96)– мал тұратын, **til** /тіл/ (96) – тіл, **Tengri** /Тенгри/(96) – Тәңірі, **tirik** /тірік/(100) – тірі, **tatti** /татты / (101) – татты, дәмін көрді, **tindi** /тынды/ (102) – демалды, **tedi** /теді/ (107) – деді, айтты, **tam** /там/ (110) – қабырға. **Сөз ортасында:** **elt[t]i anī yul** /елті аны иул/ (94) – дала рухы оны алып кетті, **keltür** /келтүр/ (95) – келтір. Сөз соңында: **'imaret** /имарет / (93) – жабдықтады, **niyet** /ниет/ (95) – ниет, **ot** /от/ (96) – мал жейтін шөп, **kent** /кент/ (111) – қала және т.б.

ғ дыбысы сөз басында араб және парсы сөздерінен енген кірме сөздерде жиі кездеседі. **γazan** /ғазан/ (137) – қазан. Сөздің ортасында: **yuyan** /иуған/ (119) – қалың, **boyayan yüng** /бойаған йүң(124) – бояған жүн, **buydaj** /буғдай/ (124) – бидай, **yayrin** /йағрын/ (138)–жауырын, **satyuči** /сатғучы/ (142) – сатушы, **yayir qilyučeyer** /йағыр қылғучы еиер/ (139) – ер-тоқым жасаушы, **dayi** / дағы/(137) – тағы, **qiryil** /қырғыл/ (121) – сұрғылт, **čayir**

/чағыр/(121) – шарап. Қолжазбада ғ дыбысы сөздің ортасында актив қолданғанмен, сөздің соңында өте сирек қолданылған. Мысалы: **bay** /бағ/(111) – бақ.

Ал г дыбысы жіңішке дауыстылармен айтылады. Көбіне сөздердің ортаңғы позицияларында кездеседі. **ögrengen** / өгренген/ (93) – үйренген, **yegülük**/ йегүлүк/ (95) – тамақ, **ölgен** /өлген/ (97) – қайтыс болған, **egildi** /егілді/(123)–бүгілді, иілді, **bögri** /бөгрі/ (123)–бүкір.

j (дж) жалаң ж көне түркілік й-дің варианты ретінде айтылған. Аффрикат дж көбіне ч аффрикатының орнына айтылатындығы байқалады. Ескерткіш тіліндегі **j** (дж) аффрикаты ескерткіш тілінде сөздердің басында және соңында араб, парсы сөздері құрамында айтылады: **Jan** /жан / (100) – жан, **jansız** /жансыз/ (100) – жансыз, **Сөздің ортасында: wajib** /важиб / (143) – қажет, **kefjesi** /кефжесі/ (139)–тәттіге арналған қасық, **boljal** /болжал/ (120)–мерзім, **bijidi** /біжиді/ (123) – биледі.

з дыбысы сөздердің барлық шенінде актив жұмсалады. Алайда з дыбысынан басталатын сөздердің көбі кірме сөздерге жатады. **ziyaret** /зиарет/ (106)– зиярат. Сөздің ортасында: **bizar** бізар (120)–жиіркеніш, **boyuzlaştılar** /боғузлаштылар/ (121) – бауыздасқандар, **üzüm** /үзүм/ (130)– жүзім, **azıq tiş** /азық тиш/ (105) – азу тіс т.б. **Сөз соңында: az** /аз/ (136) – аз, **saqqız** /саққыз/ (137)– сағыз, **tuz** /туз/ (137)–тұз, **yüz** /иүз/(140)–беті, жүзі, **ağız** /ағыз/ (99)–ауыз.

Қолжазбада актив қолданылған дыбыстардың бірі – й. Сөз басында: **yükledi anga** /йүкледі анга/ (95) – оған жүктеді, **yeşildi tögün** /йешілді төгүн/ (98) – түйін шешілді, **yüridi yürimekde** / йүріді йүрімекде/ (98) – жүрді, **yanqılış** /йанқылыш / (99)– жаңылыс, **yer** йер(109) – жер, **yandı** /йанды / (124)– жанды, **yüng** / йүн/ (124)– жүн, **yol** /йол/ (126)–жол, **yedürdi** /йедүрді/ (133) – жегізді т.б. **Сөздің ортасында: mayası** / майасы/ (119) – ашытқысы, **boyadı** /бойады / (124)– бояды, **boyayan** /бойаған/ (124)–бояған, **çayan** /чайан/ (131)–шаян. **Сөз соңында: aı** /ай/(112)–ай, **buydaı** /буғдай/ (124) – бидай.

Сондай-ақ сөз басындағы ж дыбысының й-мен берілуі орта ғасырлардан бастап келе жатқан емле екені белгілі. **yetmiş** /йетміш/ (138) – жетпіс, **yoqarı** /йоқары / (142) – жоғары, **yaladı** /йалады / (142) – жалады, **yetigen** /йетіген/ (142) – жетіқарақшы.

К дыбысы сөздің барлық шенінде кездескенімен, сөз басында аса белсенділік танытады. Қазақ тілінде к және г дыбыстары жіңішке сөздерде ғана кездеседі [72, 21 б]. Байқағанымыздай, ескерткіш тілінде де к дыбысы тек жіңішке сөздердің құрамында ғана көрініс тапқан. Мысалы, **köreştiler** /көрештілер/ (94) – күресті, **keterdi** /кетерді/ (94) – кетірді, **keltür** /келтүр/ (95) – келтір, **kele** /келе / (96) – мал, **kömdi** /көмді/(124)–көмді, **kaıad** /кағад / (131)–қағаз т.б. **Сөз ортасында: iklik** /іклік/(108)–шыбық. **Сөз соңында: tirik** /тірік/(100) – тірі, **iklik** /іклік/(108)–шыбық, **berk** /берк / (127) – мықты, **çeçek** /чечек / (131) – гүл т.б.

Л дыбысы сөздің ортасында: **qıldi** / қылды / (93)– қылды, **kelesni** /келесні/(93) – кесіреткі, **malni** малны (94)– байлықты, **olja** /олжа/ (94) – олжа, **Qiliq** /қылық/ (94) – мінез, қылық, **keltür** /келтүр/ (95) – келтір, **yılan** /иылан/ (97)– жылан, **altun** /алтун/ (99) – алтын, **otlay** /отлағ/ (116) – жайылым, **qulaq** /қулақ/ (134)–құлақ, **čalma** /чалма/ (138) – тюрбан. Сөздің соңында: **ol** /ол/ (95)– ол, **bal** /бал/ (111)–бал, **tul** /тул/ (116) – жесір, **yel** /йел/ (117)–жел, **boljal** /болжал/ (120) – мерзім, **čal** /чал/ (127) – сұр, **čöl** /чөл/ (136) – шөл, **wakil** /векіл / (143) – уәкіл т.б..

Ескерткіш тілінде м дыбысы сөз басында: **mal** /мал/ (94)– байлық, **mengzedi** /меңзеді / (95) – ұқсау, **manqdi** /манқды/ (99) – аттады,жүрді, **mezesiz neme** /мезесіз неме/ (101) – дәмсіз, **mekr** /мекр/ (105) – қулық, **muqim** /муқым/ (110) – турды, **majmun** /маймун/ (115) – маймыл т.б. Сөз ортасында: **çurma** /хурма/ (95) – құрма, **aman** /аман / (99) – аман. Сөз соңында: **turm** арслан /турм/ (106)–тұрған, **qum** /қум/ (107)–құм, **tam** /там/ (110) – қабырға т.б.

Ң дауыссыз дыбысы тілшік арқылы жасалады. Аталған дауыссыздың жасалу орны кей фонетикалық әдебиеттерде тіл арты вдеп те көрсетіліп жүр. Дыбыстың жасалу орны осы күнге ждейін жаңсақ көрсетіліп келеді[73, 73 б]. Ң дыбысы қазіргі қазақ тіліндегідей ескерткіш тілінде сөз басында кездеспейді. Сөздің ортасы мен соңында ұшырасады. Мысалы, **mengzedi** /меңзеді / (95) – ұқсау, **Tengri** /Тенгри/ (96) – Тәңірі. Сөз соңында: **eng** /ең / (103) – ең, **keng** /кең/ (108) – кең, **ming** /мін/ (138) – мың, **teng** /тең/ (140) – тең т.б.

Р тіл ұшы таңдайға дірілдеп тиюден жасалатын вибрациялық ауыз жолды сонор фонема. Көбіне сөз аяғы мен сөз ортасында қолданылады [74,50 б.]. Ал басқы позицияда бірнеше араб, парсы сөздерінде кездеседі. Мысалы, **razlašü** /разлашү/(98) – ашты, **ru yan** /ру йан/ (104) – бет жағы. Сөз ортасында: **saraj** /сарай/ (93) – сарай, **çurma** /хурма/ (95) – құрма, **qorq** /қорқты/ (96) – қорықты, **tirik** /тірік/(100) – тірі, **tariy** /тарығ/ (102) – тары, **aral** /арал/ (104)–арал, **arpa** /арпа/(104)–арпа, **arči** /арчы/ (104)–арша, **aškara qildi sïrni** /ашқара қылды сырны/ (107)–сырды ашты, **qorqqan** /қорққан/(109)–қорыққан, **kirpič** /кірпіч/ (120) – кірпіш, **çoros** /хорос/(121)–қораз, **čayir** /чағыр/(121) – шарап. Сөз соңында: **yer** / йер/ (93)– жер, **er** / ер/ (93) – ер, **sinqar** /сынқар/(95) – сыңар, **keltür** /келтүр/ (95) – келтір, **amir** /әмір/ (101)– демалды, **yamyur** /йамғур/ (101) – жаңбыр, **wezir** /везір/ (102)–уәзір, **baqir** /бақыр/ (111)–мыс, **bizar** /бізар/(120)–жиіркеніш.

Қолжазбада айн, ф, h дыбыстары араб, парсы тілдерінен енген сөздердің құрамында кездеседі. Мысалы, **filan** /філан/ (96) –осындай, **ferište** /феріште/(100) – періште, **fariy** /фаріғ/ (102)– босатты, **fitne** /фитне/ (122) – жанжал , **'ahd qilištïlar** /ахд қылыштылар/ (103)–өзара міндеттеушілер, **haqni** /һақни/(127)– ақы, **haddidin ašurdï išdin** /һаддыдын ашурды ішдін/ (130) – шамадан тыс жұмыс жүргізді, **'ariyet tiledi nemeni** /арийет тіледі немені/ (104) – затты қарызға сұрады, **'ahd qilištïlar** /ахд қылыштылар/ (103)–өзара

міндеттеушілер, **ma'zul qıldi bekni 'emeldin** /маазул қылды бекні емелдін / (127) – бекті қызметінен босатты. **Сөз ортасында:** **mushafni** /мусхафны/(99)–том, **šefa'at** /шефаат/ (105) – шапағат, сұрады, **mefluj boldi** /мефлуж болды/(119)–сал болды, **tefsir** /тефсир/ (127) – пікір, **bahadur** /баһадур/ (115) – батыр, **baha** /баһа/(135)– құны, **ta'ziye yetkürdi** /тазіе йеткүрді/(116)– көңіл айтты, **ta'uq** /тауқ/ (123) – тауық, **ma'zul qıldi bekni 'emeldin** /мазул қылды бекні емелдін/ (127) – бекті қызметінен босатты, **mühre** /мүһре/ (141) – дөңгелек. **Сөз соңында:** **tasarruf** /тасарруф / (94) –қолданбады, **saf** /саф / (106) – таза.

Х дыбысы сөз басында: **хараб yer** /хараб йер/ (93)– қиранды жер, **хата** / (94) – қате, **хатун** /хатун/ (95) – әйел, **хурма** /хурма/ (95) – құрма, **хабер** /хабер / (115) – хабар, **хорос** /хорос / (121) – қораз, **хан** / хан/ (138) – хан, **хор tutti** /хор тутты/(143) – балағаттады. **Сөз ортасында:** **рахт** /рахт/ (115)– тауар, **тахта** тахта(15)–тақта, **чухладі** /чухлады хілаһ бірле(137) – тіс шуқығышпен шұқыды.

Ч аффрикаты көне түркі тілінде өте жиі ұшырасады. Сөздің басында: **čiqti** /чықты / (142)– шықты, **čarladihar** /чарладылар/ (139) – тартты, **čalma** /чалма/ (138)–тюрбан, **чуғасун čečegi** /чуғасун чечегі/ (136) – гүлдің аты, **чухладі** /чухлады/ (137)– шуқылады т.б. **Сөздің ортасында:** **қарчуқ** /қапчук/(141)– қапшық, **барча** /барча / (140) – барлық. Сөздің соңында: **саң** /сач / (140)–шаш, **ің** /іч/ (143)–іш т.б..

Сонымен қолжазба тілінде т, з, қ, қ, м, н, ш дауыссыз дыбыстары сөз ішінде позиция таңдамайтын дыбыстардың қатарында болса, в, п, һ дыбыстары пассив жұмсалса, й мен ж, қ, х, д мен т дыбыстарының алмасуы орнығып келе жатқанын байқадық.

Дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Дауыссыз й дыбысының орнына ж дыбысының қолданылуы беріден басталады. Ж дыбысы қазақ тілінің жеке ұлт болып қалыптасу жолындағы өзіндік басты ерекшелікке ие дыбыс. Сөз басында й жазба тілдің дәстүрі ретінде ХІХ ғасырда және ХХ ғасырдың басында да әдебиетте қолданылған. Мысалы, «Дала уалаяты» газетінде: «Бұ ханның шәһәрында бір йикіт бар еді, оның бір хатұны бар еді, бұл йикітіні өлтүруге қас қылып йүрүр еді» [75,49 б.].

Қолжазба тілінде кейбір х дыбысы қазіргі кезде қ дыбысына айналған. Мысалы, **хурма** /хурма/ (95) – құрма, **хорос** /хорос / (121) – қораз, **тахта** тахта(115)–тақта т.б. Қазіргі тілімізде /б / дыбысы сөздің ортасында / м / дыбысына ауысқан: **töben erini** /төбен еріні/ (143) – төменгі ерні т.б.

Қазақ тілінде қ//ғ, қ//г дыбыстарының алмасу жайы өте жиі кездеседі. Сөз ішіндегі бұл алмасуларды нағыз морфонологиялық дыбыс алмасуларға жатқызуға болады [76,18 б.]. Мысалы ескерткіш тілінде бастапқы түбірде құрамында ғ дыбысы бар сөздер, қазіргі қазақ тілінде қ дыбысына алмасып отырығанын байқаймыз: **ғазанға** /ғазанға/ (137) – қазанға, **бағ** /бағ/ (111) – бақ

Бұл тарауда «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің дыбыстық жүйесіне шолу жасалынды. Орта ғасырлық ғұлама Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы қарастырылды. Замахшари жайлы ортағасырлық пікірлер қамтылды. «Мукаддимат әл-Адаб» лексикографиялық сөздігінің жазылу тарихы, тілдік ерекшелігі қозғалды.

Ескерткіш тілінің фонетикалық жүйесі анықтауға тырыстық. Сөздік тіліндегі әріптердің табиғаты ажыратылды. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі, сөз ішінде кездесетін орны нақтыланды. Әрбір дыбысқа жеке сипаттама берілді.

2.2 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тіліндегі әр түрлі фонетикалық құбылыстар

Барлық тілдегі ортақ заңдылықтармен бірге, әрбір тілдің дыбыс жүйесінде өзіндік ерекшеліктері қатар жүреді. Сондықтан да тіліміздің дыбыс жүйесіндегі дыбыстық құбылыстарды қарастырудың маңызы зор. Дыбыс заңдылықтары сөзді айту барысында ескеріледі. Жазу мен айту арасындағы ерекшелік анық білінеді. Ал кірме сөздерді айту барысында әр тілдің өзіндік дыбыс заңдылықтарына сай болуы керек. Бір тілден екінші бір тілге сөздің енуі – заңды құбылыс. Ал кірме сөздерді айтуда екі тілдің де дыбыс заңдылықтары анық байқалады. Сөздің құрамында болатын әртүрлі дыбыстық өзгерістерді дыбыстық құбылыстар деп атаймыз. Тілімізде дыбыстық құбылыстар жайлы алғаш А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Б.Қалиев, К.Аханов, Ж.Досқараев, Ә.Т.Қайдаров, Ш.Ш.Сарыбаев т.б. ғалымдар дыбыстық құбылыстар жөнінде ғылыми көзқарастарын білдірді.

Тіл білімінде Б.Қалиевтің «Қазақ тілінің фонетикасы» (2014) атты оқу құралында: дыбыстық құбылыстар – сөз құрамындағы әртүрлі дыбыстардың өзгерісі. Мұның бәрі де айтуды жеңілдетуден туады, деп пікір білдіреді де, сөз ішіндегі дыбыстардың өзгеруі негізінде дыбыс алмасуларды үш түрлі жолмен пайда болады деп тұжырымдайды [77,83]:

1. Шектік өзгерістер (протеза, элизия, редукция, аферезис, гаплогия).
2. Игерулі өзгерістер ілгерінді, кейінді не тоғыса келіп тигізетін ықпалынан пайда болады (аккомодация, ассимиляция; метатеза).
3. Игерусіз – дыбыс өзгерісі өзге дыбыстың ықпалына көнбей, өздігінен ауытқып отырады [77,87 б.].

Сондай-ақ К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» (2002) еңбегінде фонетикалық басқа процестер деп беріледі. Ғалым өз пікірін: фонетикалық басқа процестердің бірсыпырасы ассимиляция мен диссимиляцияға негізделеді,–дейді [78,342 б.]. Ал Ә.Хасеновтың «Тіл білімі» (1994) оқулығында фонетикалық құбылыстарға арнайы тоқталып, пікір білдіреді: Фонетикалық құбылыстар ұлттық тілдің артикуляциялық базасына негізделген және фонетикалық заңдылықтарына толық бағынып тұратын

өзгерістер. Сондықтан да фонетикалық құбылыстар жалпылама және жүйелі, – дейді[79].

Қазақ тіл білімінде Н.А.Садуақастың «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» еңбегінде фонетикалық құбылыстарды арнайы қарастырды. Ғалым тіліміздегі дыбыстық құбылыстарды сөз басында, сөз ортасында, сөз алдында кездесуіне қарай бөліп көрсетеді. Сөз басындағы дыбыстық құбылыстарға: протеза, аферезис; сөз ортасындағы дыбыстық құбылыстарға: редукция, гаплогия, метатеза, диерезаны жатқызады. Ал, сөз соңындағы дыбыстық құбылыстарға: элизия, эпентеза, апокопа, синкопаны қосады[80].

Тілші-ғалым М.Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (1981 ж.) еңбегінде протеза мен эпентезаға пікір білдіріп, ғылыми тұрғыдан анықтама береді. Тарихи тұрғыдан сөз құрамындағы белгілі бір дыбыстың болмауы, бірақ тілдің даму барысында сөз құрамында айтылатын болып қалыптасуы керек. Тіл білімінде осы құбылыстар протеза, эпентеза деп аталады, –дейді [81,35].

Сөз басындағы дыбыстық құбылыстардың бірі анлаутқа байланысты, процестер деп аталады. Анлаут (нем. сөз басындағы дыбыстық өзгерістер) Анлаут құбылысына протеза, эпентеза, эпитеза, аферезис т.б. жатады.

Кейбір сөздердің алдынан дауысты дыбыстың қосылып айтылуын протеза дейміз [82,45]. Сөздің жуан не жіңішке буынды болып келуіне қарай олардың алдынан -ы,-і,-ү,-ұ,-о дыбыстары қосылып айтылады. Ескерткіш тілінде протеза құбылысы ауызекі сөйлеу тілі мен кірме сөздерде көбірек кездеседі. Мысалы, **ruze tutqan** /рузе тутқан/ (99)–ораза тұтқан, **raxt** /рахт/(115)– тауар, **xor tutti** /хор тутты/(143)–балағаттады т.б.

Кірме сөздер үшін протеза құбылысы тілдің фонетикалық заңдылықтарына икемдеудің бір жолы деуге болады. Сөз алдында протезаның пайда болуының бір себебі: дыбыстың сөз ішіндегі алатын орнына байланысты.

Ескерткіш тілінде және қазіргі қазақ тілінде протеза құбылысына бейім дауыссыз дыбыстар р, п дыбыстарынан басталатын сөздердің алдынан жасалады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде – ы: лаж, і: -лек т.б.

Сондай-ақ, о, е дыбыстары да протеза құбылысын жасай алады. Мысалы, ескерткіш тілінде: рузе (рузе)-ораза; ескерткіш тілінде: **ruze tutqan** / рузе тутқан/ (99)–ораза тұтқан.

Дауыссыздардың ішінде протеза құбылысы бола алатын – й дыбысы. Түркі тілдерінің көне дәуірінде сөздің басында й дыбысы әбден сіңіп, тіліміздің заңдылығына сай ж дыбысына айналды. Қазіргі тілімізде кейбір сөздердің басында айтылатын ж сол протезаның өзгерген түрі. Мысалы, ескерткіш тілінде: **ip** /іп/(142)–жіп, **yer**/йер/(93) – жер, **yamanliq** /йаманлық/(102)–жамандық, **tiriklikning yaxshiliqi** /тирикликнің йахшылығы/(100)–өмірдің жақсылығы, **yaladi ayaqni** /йалады аяқны/ (142)–аяғын жалады, **yeti yuz**/йеті йүз/(142)–жеті жүз т.б. Бұл мысалдарда й дауыссызы қазіргі кезде ж дауыссызына айналып, орныққан.

Протезаға жақын құбылыс – эпентеза. Сөз басындағы белгілі бір дыбыстың қосылып айтылуы секілді, эпентеза да сөз ішіне белгілі бір дауыстының енуі. Белгілі лингвист К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде эпентеза құбылысына мынандай анықтама береді: «Екі дыбыстың арасына қосалқы дыбыстың кірігуі эпентеза құбылысы болады» [78,42]. Ал ғалым Б.Қалиев : «Сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауысты дыбыстың қыстырылуы», – дейді[77]. Тілімізде буын құрамында біртектес екі дыбыс қатар қолданылмайды (дауысты мен дауысты яки дауыссыз бен дауыссыз). Ал кірме сөздерде бұл заңдылық сақталмайтыны анық. Ауызекі сөйлеу тілінде сөз, ішінде артық дыбысты қосып айту кездеседі. Бұл ескерткіш тілінде бар құбылыс. Немесе, қатар айтылуға тиіс екі дауыссыздың арасында дауыстының қосылуы. Қолжазба тілінде эпентеза араб-парсы тілдерінен енген сөздердің құрамында жиі кездеседі. Мысалы, **astınraq** /астынрак/ (143) – төменірек, **ünledi** /үнледі/(143) – айқайлады, **yastuq qoıdı ayırıqqa** /йастуқ қойды ағрыққа / (140)– ауруға жастық қойды, **saırısini** / сағрысыны / (140) – артына, **mengzeştiler** /мензештілер/(95)– ұқсай бастады, **aqsaq** ақсақ(143)–ақсақ, **öksük tutı anı** /өксүк туты аны/ (143)– оны жеткіліксіз ұстады, **waqtsiz saldı** /вақтсыз салды/ (130) – мезгілсіз салды, **haqya** /һақға/(128)–Тәңіріне т.б.

Афerezис – анлаутта кездесетін фонетикалық құбылыстың түрі, яғни, өзінен кейінгі белгілі бір дыбыс әсерімен сөздің алғашқы бір дыбысының түсіп қалуы. Қазіргі түркі тілдерінде ж, с, г, к дауыссыздары түсіріліп қолданылса, ескерткіш тілінде де бұл құбылыс кездеседі. Мысалы, **ilimde** /илимде/(113) – ғылымда т.б. Мұндай қолданыстарда афerezис синонимдік қатар түзеді. Бұл құбылыс жөнінде Б.Қалиев «Элизияға қарама-қарсы құбылыс, яғни, бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсіп қалуы »[77,85]. Бұл қазіргі қазақ тілінде де ескерткіш тілінде де сирек кездеседі. Алайда афerezис құбылысының бір сыңары актив қолданылса, екінші сыңары стильдік реңкінен айрылып, сирек қолданылады [80,144]. Жоғарыдағы ілім сөзі білім сөзімен синонимдік қатар түзіп, қазіргі кезде екеуі де актив қолданылады. Ескерткіш тілінде кірме сөздердің афerezис құбылысына ұшырауына халық этимологиясының да әсері бар. Мысалы, **üzüm** /үзүм/(120)–жүзім. Бұл жемісті «үзу» мағынасынан туған. Ғылым-ілім, не «ғашық» сөзін «ашық»; не «асық» деп ықшамдаудан болуы да мүмкін.

Сөз ортасындағы дыбыстық құбылыстар деп – сөздің ортаңғы буынында болып жатқан дыбыстық өзгерістерді айтамыз. Сөз арасында кездесетін фонетикалық құбылыс инлауттық позицияға жатады. Инлаут – сөз ішіндегі, буында болатын фонетикалық ерекше құбылыс. Бұл құбылыста дыбыстар күшті әсер етіп, өзгеріске ұшырайды. Мұндай процестерге редукция, гаплогия, метатеза, диереза т.б. жатады.

Редукция (бәсеңдеу) – ашық буын ішінде қысаң дауысты дыбыстың әлсіреп, көмескіленуі. Дауыссыз дыбыстардың бірқатары сөз ішінде фонетикалық заңдылықтарға бағынып, өзара үндесіп, тіркесіп тұра

алады[77,85]. Дауыссыз дыбыстардың тіркесі сөйлеу кезінде дауыстылардың редукцияға ұшырауы кезінде де болады. Демек, дауыссыз дыбыстар редукция құбылысына бейім болады да, дәнекер болып тұрған қысаң дауысты арқылы тіркеседі. Дауысты дыбыстар системасының құрамында фонологиялық маңызы бар алмасу – редукция [83,140 б]. Редукция құбылысы арқылы дауысты дыбыс мүлдем түсіп қалмайды, көмескіленіп, күңгірт естіледі. Мысалы, топрақ-топырақ, көкрек-көкірек, мұрын-мұрны, мойын-мойны, орын-орны. Біз зерттеп отырған ескерткіш тілінде, **orunidin** /оруныдын/ (22) – орнынан тұрды, **boyun** /бойун/ (119) – мойын, **burun** /бурун/(135) – мұрын, **qamursqanġng yumutqasi** /камурсқаның йумутқаси/ (136)–құмырсқаның жұмыртқасы, **tuzsġz** /тузсыз/ (137) – тұзсыз т.б. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінде кейбір сөздерде редукция құбылысы сақталып, дыбыс мүлде түсіп қалған. Мысалы, **battġ topraqqa**/батты топраққа/(111) – топыраққа, **qorqtġ** /қорқты/ (96) – қорықты т.б. Редукция – анық естілмей, созылықының қысқаруы нәтижесінде болады. Кейбір екі буынды сөздердің екінші буынында дауыссыздардың қоршауында тұрған қысаң дауысты дыбыс жалғанғанда түсіп қалады. Ал редукция құбылысында дыбыс түсіп қалмайды, солғын айтылады. Мысалы, құдырет-құд(i)рет, құмыра(құм`ра), қабілет, қаб`лет т. б. Бұл мысалдардағы дыбыстардың арасындағы қысаң дауыстылардың түсіп қалуы редукция құбылысының әсері. Тілімізде бұл құбылысқа екпін түспеген буындағы дауыстылар ұшырайды. Кейбір түрлі тілдердегі сөз ортасындағы к-к, г-ғ дауыссыздары қазақ тілінде түсіп қалып, Сөздің дыбыстық құрамының жағынан келуі инлаут құбылысына байланысты кездеседі. Бұғдай-бидай, кигіз-киіз т.б. ескерткіш тілінде **buydaġ** /буғдай/ (124)–бидай, **keġdŭrdġ ōlŭkke**/кейдүрді өлүкке/(129)–мәйітке кебін кигізді т.б.

Редукция құбылысын сандық және сапалық деп екі түрге бөлеміз:

Сандық редукция екпін түспеген дауыстылар созылықылығын қысандатып, қолданғанмен дыбыстық сапасын сақтап қалады. Мысалы, **erenler** /еренлер/(140)–ерлер т.б. мұндағы е фонемалары ашық айтылғанымен, басқа бір дыбысқа айналып тұрған жоқ. Демек, екпін түспеген кейбір дауысты қысандар ы, і, сондай-ақ ашық а, е фонемалары мүлде айтылмай қалса да, басқа фонемаға ауыспай, түсіріліп айтылады. Мысалы: көрік-көркі, ауыз-аузы, орын-орны. Ескерткіш тілінде де осы құбылыс сақталған: **aġġz** /ағыз/ (99)–ауыз, **aqzġ aġilmayan yuze** /ақзы ачилмған йузе/(99)–аузы ашылмаған мақта, **orġn**/орын/(110)–орын т.б. Бұл өзгерісте дауысты дыбыстардың қарқыны қысқарып, сандық редукция болып саналады.

Сапалық редукцияда екпін түспеген дауысты дыбыстар айтылуда өзінің негізгі дыбыстық сапасын сақтамай, басқа дыбыстық сапаға ауысады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде: тұнық-тынық, Москва-Масква. Ал ескерткіш тілінде екпінсіз буындағы қысаң дауысты, екпін түскен буындағы дауыстыға

қарағанда, жиі редукцияланып, көмескі айтылады. Мысалы, **qiliš** /қылыш/ (119)– қылыш, **pišiq kirpič** /пішік кірпіч/ (120)– күйген кірпіш т.б.

Әдетте, редукция құбылысына екпін түспеген буын ұшырайды десек, түбір сөздерге қосымша жалғанғанда түбірдің соңғы буынындағы қысаң дауысты екпіннің қосымшаға ауысып, редукция құбылысына ұшырап, мүлде түсіп қалады. а) үнді, ұяң дауыссыздардың аралығындағы қысаң дыбыстар: **boyun** /бойун/ (119) – мойын, **burun** /бурун/(135) – мұрын т.б. ә) ұяң дыбыстың аралығындағы қысаң дауысты дыбыстар: **ayiz** /ағыз/ (99)–ауыз, **aqzi acilmayan yuze** /ақзы ачилмаған йузе/ (99)–аузы б) үнді мен қатаң дыбыстың аралығындағы редукция құбылысы: **yetinči** /йетінчі / (142)– жетінші. Сөйлеу тілінде редукция құбылысын шын редукция және жалған редукция деп шартты түрде екіге бөлуге болады. Шын редукция сөзде қысаң дауысты дыбыстар айтылмайды және жазылмайды. Мысалы, қорық –қорқақ. Ал ескерткіш тілінде, **qorqti** /қорқты/ (96) – қорықты, **qorqqan**/қорққан/(96) – қорыққан. Демек, ескерткіш тілінде редукция құбылысы жүйелі сақталған.

Ал жалған редукция дегеніміз – айтылымда дауысты дыбыс көмескі айтылғанымен, жазуда таңбаланады. Әдлет, қаблет, соңра т.б. Ал ескерткіш тілінде, **yanqilišqa** /йанқылыш/ (99)– қателік, жаңылыс, **tirik** /тірік/(100)– тірілей т.б.

Жалпы түркі тілдерінің тарихи дамуында негізгі етістік пен көмекші етістіктің редукцияға ұшырауы сирек құбылысқа жатпайды. Қазіргі қазақ тіліндегі отыр, жатыр, жүр, тұр етістіктерінің де қосымшалардан қысаң дауысты дыбыстардың түсіп қалуынан жасалынған болуы мүмкін. Жатыр етістігінің нақ осы шақ мәнінде жұмсалуды –ыр қосымшасына байланысты. [80,46]. Қысаң дауысты дыбыстың түсіп қалуы салдарынан қосымшаның соңғы дыбысы түсіріліп айтылады.

Сондай-ақ, редукция құбылысына -ған есімшесі мен соң септеулік шылауының тіркесін жатқыза аламыз. Мысалы, барған соң, -барғансын, көрген соң –көргесін. Мұндағы соң шылауы екпін түспегеннен орфоэпияда үлкен өзгеріске ұшырайды. Ал ескерткіш тілінде **bolyan** / болған /(128)–болған, **ekilesini** / екілесіні /(140)– екеуін т.б.

Редукция құбылысы жайлы Н.Жүсіпұлы қазақ тілінде сандық редукция өте әлсіз, ал сапалық редукция бар деген тұжырым жасайды [83,6].

Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде гаплогия құбылысы кездеседі. Ғалым С.Қалиев: гаплогия – сөз ішіндегі біркелкі буындардың түсіп қалуы, бұл буындарға екпін түспеудің себебінен пайда болады,–дейді [77,85]. Тіл білімінде гаплогия терминін алғаш – Блумфольдті қолданған. Демек, гаплогия – ұқсас екі буынның біреуінің түсіп қалуы. Мысалы, **erenlerni** /еренлерні/ (125)– ерлерді, **biyiklikdin** /бійікдікдін/ (126)–биіктіктен т.б. Тілімізде гаплогия, редукцияның ұқсастығы бар. Редукцияда өзіне тән дыбыс түсірілсе, гаплогияда ұқсас буындар түсіріліп айтылады. Бұл да сөйлеу кезінде ықшамдаудан туындаған құбылыс.

Метатеза – сөз ішіндегі кейбір дыбыстардың не буындардың орын алмауы [83,10]. Тілде метатеза құбылысы ассимиляция не диссимиляция құбылыстарының нәтижесінде пайда болады. Сөз ішіндегі белгілі бір дыбыс не буын өзара орын алмастырады. Тілде диалектілерде жиі кездеседі. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде де метатеза құбылысы байқалады. Мысалы, өкпе-өпке, шапқы-шақы көрші тұрған дыбыстардың орын алмасу нәтижесінде пайда болған құбылыс. Ескерткіш тілінде: **öpke** /өпке/ (108)–өкпе, **iklik** /іклік/(108)–шыбық, **berklik** /берклік/ (113) – беріктік т.б.

Сондай-ақ, іргелес емес екі дыбыстың орын ауысуы. Мысалы, қолғап-қолбақ, айналу-айлану т.б. Белгілі ғалым Б.Қалиев: сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын алмасуы. Бұл –айтылым әрекетін жеңілдетуден пайда болатын құбылыс [77,87]. Көбіне метатеза құбылысы іргелес пк, кп дыбыстарының кп, кп түрінде орын ауыстырылып айтылады. Мысалы, **kitabda** / кітабда / (140)– кітапта .Тілімізде метатеза құбылысы лексиканы байыту, толықтыру қызметін де атқарып келеді.

Диереза – гректің «бөліп тастау, алып тастау» мағынасын білдіреді. Диереза құбылысы да ассимиляция мен диссимиляция әсерінен болады. Яғни, сөз ішінде дыбыстардың не буынның түсіріліп айтылуы. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде диереза құбылысы өте сирек кездеседі. Белгілі тілші ғалым К.Аханов: «Қос дауыссызға біткен сөздерге қосымша жалғанғанда, қос дауыссыздың соңғысы ығысып түсіп қалады», - дейді.

Ескерткіш тілінде сөз аяғындағы дыбыстық құбылыстар жиі ұшырасады. Яғни, аутлаут – сөз соңындағы дыбыстардың белгілі бір өзгеріске түсуінің нәтижесінде болатын құбылысты айтамыз. Аутлаут құбылысында белгілі бір дыбыс түсіп қалуы мүмкін не бұрын жоқ жаңа бір дыбыс не буын пайда болуы мүмкін. Бұл құбылысқа эпитеза , апокопа, синкопа т.б. жатады. Эпитеза – дыбыстың ерекшелігіне байланысты сөз соңына жаңа бір дыбыстың не буынның пайда болуы. Бұл жөнінде С.Мырзабеков: «Протеза құбылысына қарама-қарсы, яғни, протезада дыбыс сөздің алдынан қосылса, эпитезада сөздің соңынан қосылады». Мысалы, Қаса батыр (Қас батыр) т.б. Ал ескерткіш тілінен мынадай мысалдар келтіруге болады: **adap ögrendi** /адап өгренді/ (94) – әдеп үйренді, **aiyir at** /айғыр ат/ (97) – айғыр ат т.б.

Ал Б.Қалиев: бунақтағы сөздердің іргелес екі дауыстының алдыңғысының түсіріліп айтылуы [77,68 б.]. Мысалы, қара ат (қарат), торы ала –торала, жоғары іл-жоғаріл. Ғалым мұны контактілі элизия дейді. Мысалы, ескерткіш тілінде де контактілі элизия құбылысы өте жиі кездеседі: **ala at** Ала ат (97)– ала ат, **öldürdi anı** /өлтүрді аны/ (97)– оны өлтірді, **öltürgüçi yılan** /өлтүргучи йылан/ (97)–өлім жыланы т.б.

Яғни, элизия құбылысын контактілі және контактісіз деп екіге бөледі. Ал контактісіз элизия – екінші буындағы дауысты дыбыстың қосымшаның әсерінен түсіп қалуын айтамыз. Элизия – сөз соңында белгілі бір дауысты

дыбыстың түсіп қалуы. Ауызекі сөйлеу тілінде жиі ұшырасады. Тілімізде ықшамдау мақсатын сөз ішіндегі дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Ескерткіш тілінде тіркескен сөздер арасында болады. Мысалы, **erini aq** /еріні ақ ат/(141)–жоғары ерні т.б.

Аккомодация – сөз аралығында не түбір мен қосымшалар жігінде іргелес тұрған не алшақ бір дыбыстың екінші фонемаған ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал етуінен пайда болады. Тілімізде дауыстылар дауыссызға үстемдік етіп, өз ықпалын жасап, дауыстың қатысына қарай өзіне бейімдеп, ұқсатып алады. Мысалы **ala qarqa** /ала қарқа/(97) – ала қарға, **a. köz** /Ала көз/(97)– ала көз, **aritti tişlerini** /аритти тишлерини/ (105)–тісін тазартты, **arqa kötergen neme** /арқа көтерген неме/ (106)–арқаланған зат

Бұл мысалдарда дауысты дыбыстар дауыстың қатысына қарай дауыссыздарды игеріп тұр. Бұл құбылыс ұяң мен үннің, үн мен салдырдың арасында қолданылады. Сөз ішіндегі дауысты іргелес дауыссызға не дауыссыз дауыстыға әсер етіп, өзінің ерекшелігіне қарай игеріп айтылады. Мысалы, **sač** /сач/ (140)–шаш, **yay** /сач/ (140)– жай сөздері айтылымда жәй, шәш, түріне ауысып, жіңішкеріп айтылады. Себебі ч, ш, й палаталь дыбыстар. Мысалда берілген сөздерге тіл ұшының қызметі тұрғысынан ықпал етіп, өздеріне бейімдеп, тіл арты- жуан дыбыстарды тіл алды жіңішке дыбыстарға өзгертіп тұр. Н.А. Садуақас «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» еңбегінде аккомодацияны сингорманизммен қатар қарастырады [5,153]. Сондай-ақ Б.Қалиев те аккомодация құбылысына арнайы тоқталып, пікірін білдіреді. Ғалым: «Дауысты және дауыссыз дыбыстардың біріне-бірі ықпал етіп бейімделуі аккомодация» (лат. бейімделу, ұқсату) деп қорытады [77,86 б.] Біз қарастырып отырған ортағасырлық ескерткіш тілінде де аккомодация құбылысы кездеседі.

Синкопа – сығылыстыру, тығыздай түсу мағынасын сөз ортасындағы бір я бірнеше дыбыстың түсіріліп қалуы [82,150 б]. Ескерткіш тілінде сөз ортасындағы дыбыстардың тұрақсыздығынан пайда болады. Мысалы, уақыт –**waqt** /вақт/ (130)– уақыт. Синкопа құбылысын тарихи фонетикамен байланыстра зерттеудің мәні зор. Тіліміздегі су сөзі де ескерткіш ілінде «сув» болып тұлғалық материалдары дәлел бола алады. Демек, су сөзінің өзі бірнеше нұсқада өтіп жеткеніне көз жеткізе аламыз. Белгілі ғалым Б. Қалиұлы бұл мәселені «дыбыстық өзгерістер» деп қарастырды [82 ,86 б].

Қорыта айтқанда, тілдегі дыбыстық құбылыстар тілдің өмір сүру салтынан туындайды. Ал дыбыстық құбылыстар тілдің дыбыстық жүйесі заңдылығынан пайда болады. Яғни, тіл заңдылығына сай болмаған кезде дыбыстық құбылыстар пайда болады. Ескерткіш тіліндец дыбыстық құбылыстардың өзіндік ерекшеліктері, фонетикалық және морфологиялық біреуіне жататындығы қарастырылды. Бірақ ортағасырлардағы ескерткіш тілін зерттеуде фонетикалық құбылыстарға байланысты әлі де бірыңғай көзқарас қалыптаспаған, яғни, бір арнаға тоғысып болмаған.

2.3. «Мукаддимат әл- Адаб» ескерткіші тілінің лексикасы

Тіліміздің лексикология саласын зерттеу Европа, Ресей ғалымдарының және ХХ ғасырдағы қазақ зиялыларынан бастау алады. Қазақ тілінің лексикология саласын салыстыра зерттеген көрнекті неміс ғалымы – Г.Ю.Клапрот (1783-1835). Ғалымның 1925 ж. жазылған еңбегінде қазақ халқы туралы қысқа түсінік беріп, түрік, қазан татары, тобыл татары лексикасымен салыстыра қарап, французша-қазақша сөздік құрастырған.

А.И.Левшиннің (1799-1879) «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» (СПб, 1832) атты қазақ тарихы мен этнографиясын зерттеуде үлкен із қалдырған еңбегінде фонетика мен лексикология саласын қарастырды.

Орыс түркітанушылары қазақ тілін жүйелі зерттеуді ХІХ ғ. ортасынан бастады. Ең алғаш профессор Н.И.Ильминскийдің (1822-1891) Қазан қаласында 1860-1861 жылдары басылып шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегі тіліміздің грамматика саласын зерттеуге арналған алғашқы еңбек болды. Бұл зерттеу жұмысы кіріспе, дыбыс бөлімі, грамматика және сөздіктен тұрды. Ғалым бұл еңбекті қазақ тілін жеке тіл ретінде емес, түркі тілдерінің диалектісі деп қарады [84].

Қазақ тілін зерттеу тарихында В.В.Радловтың (1837-1918) еңбегі ерекше. Түркі тілдерінің лексикография, лексикология, салыстырмалы және тарихи грамматика салаларына елеулі үлес қосты. Ғалымның «Опыт словаря тюркских наречий» (СПб, 1888-1917, 4 томға біріктірілген 24 басылымнан тұрады) атты көлемді еңбегі түркі тілдерінің лексикологиясы мен лексикографиясына арналды. Бұл еңбекте түркі тілдері реестрге түсіріліп, мағынасын орыс тілінде түсіндірген. Салыстыру ретінде қазақ тілінің сөздері өте көп кездеседі [85]. Қазақ тілі жайында кешенді зерттеу жүргізіп, лексикографияға елеулі үлес қосқан – В.В.Катаринский (1846-1902). Ғалымның «Киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1897) атты көлемді еңбегі лексикография саласын толықтыра түсті. Сөздікте 10000-ға жуық сөз қамтылып, түсінік берілді.

ХХ ғасырдың басында қазақ тіл білімінің дамуына үлкен үлес қосқан Ахмет Байтұрсыновтың (1873-1937) есімімен байланысты. 1912 ж. шыққан «Оқу құралы» атты еңбегінде балаларға дүниетанымдық мәні бар (ай, күн, жыл аттары, мақал-мәтелдер т.б.) материалдар қамтылды [86,46].

Тіліміздің бұрын зерттелмей, ғылыми пән ретінде оқытылмай келген лексикология саласы жайлы алғашқы еңбектер пайда болды. І.Кеңесбаев қазақ тілінің тұрақты сөз тіркесі, Ғ.Мұсабаев, Қ.Шәріпов, Ә.Ермеков лексикологияның тақырыбы аумағында мақалалар жариялады. Лексикография саласы ілгеріледі.

Қазақ тіл білімінің кенжелеп қалған лексикология саласы 1950 ж. бастап жан-жақты зерттеле бастады. Лексикологияның жалпы мәселелері жайлы К.Аханов [78], Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалимұлы [86], М.Серғалиев [87],

Б.Сағындықұлы. [88], Ш.Бектұров [89], С.Исаев [64] т.б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді.

Тіліміздің өткен тарихын білу үшін орта ғасырлардан қалған ескерткіштерді зерттеудің керек болды. Қазақ тілінің тарихы көне түркі ескерткіштерімен байланыстыра зерттеле бастады. Тіліміздің тарихи лексикологиясы, фонетикасы мен грамматикасын ортағасырлық жазба ескерткіштермен байланыстыра зерттеу жолға қойылды. VI-VII ғ. ескерткіштерінің тілі туралы Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың [91] «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» т.б. оқулық, оқу құралдары жарық көрді.

Біз лексикологиялық зерттеулердің тұжырымдарына сүйене отырып, ескерткіш тіліндегі синоним, омоним, антоним сөздер мен кірме сөздерді ажыраттық. Сонымен, синоним дегеніміз – сөздердің дыбысталуы мен мағынасы жағынан салыстырып қарағанда, ұғымы бір, әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобы [86,104 б.]. Синонимдерді А.Салқынбай: «Тұлғалық жағынан әр алуан, мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздердің жүйелі тобы,» – дейді [91,93 б.]. Ғалым синонимдерді лексикалық, мағыналық және стильдік синонимдер деп үш түрге бөледі. Лексикалық синонимдерге заттар мен құбылыстардың қасиетіне, сапасына, сыр-сипатына, қимыл-амалына байланысты жұмсалатын мәндес сөздеді жатқызады. Ал мағыналық синонимдер – болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше атауыштық қасиеттерін аздаған ерекше мағыналық реңін нақты білдіру үшін жұмсалатын сөздерді жатқызса, стильдік синонимдер сөздердің белгілі бір стиль түріне қарай қолданысы арқылы анықталатын қатар. Ал С.М.Исаев «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: Мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздерді синоним дейді [93,29 б.]. Белгілі ғалым К.Аханов: «Мағыналары бір-біріне жақын, өзара мәндес сөздер синонимдер деп аталады,» –дейді [78,164]. Ғалым синонимдердің пайда болуының бірнеше жолын ұсынады:

1. Сөздер мағыналық жақтан дамып, жаңа мағынаға ие болуы синонимдік қатар жасайды.

2. Заттар мен құбылыстардың айрықша белгілері бірте-бірте ашылып, оларды атау үшін жаңа мағына қалыптасады.

3. Әдеби тіл лексикалық диалект сөздердің есебінен толығыады.

4. Синонимдік қатар кірме сөздердің есебінен толығыады.

Біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған ескерткіш тілінің синонимдерін мына белгілеріне қарай топтастырамыз: 1. Сөздің дыбысталуында өзгешелік болу керек. 2. Сөздер тобы бір ғана ұғымды білдіруі керек. 3. Сөздер бір ғана сөз табына жатуы тиіс. Бұл белгілер–сөздерді синоним деп танудың шарты.

Сонымен, синонимдер – мәндес сөздердің тобы. Бір мағынаны білдіретін бірнеше сөздердің тізбегін синонимдік қатар не синонимдік ұя деп атайды. Синонимдік қатарға енген сөздердің ішінен бір сөз басқаларын

мағына жағынан ұйыстыруға ұйытқы болатын тірек сөз болады. Мұны доминант (тірек сөз) дейді.

Демек, синонимдерге бір ғана ұғымды түрлі қырынан анықтайтын, бір-бірінен мағынасы бойынша ғана ажыратылатын, сөйлеуде бір-бірін алмастыратын сөздер жатады. Синонимдер тілімізде актив қызмет атқарады. Бір сөздің екінші бір мағынасын ашып көрсетеді. Әрбір тілдің қандай да бір дәрежеде дамып, жетілгендігі оның байлығы мен оралымдығын синоним сөздерден байқауға болады. Синонимдер ерте ғасырлардан келе жатқан құбылыс. Олар да мағынаға байланысты толығып не тарылып отырады. Тілде синонимдердің пайда болуы, дамуы туралы түрлі көзқарастар бар.

Ә. Болғанбаев синонимдердің пайда болу себептері әлі күнге тіл білімінде айқындалған мәселе емес екенін, орыс тіліндегі синонимдердің пайда болуы туралы пікірлердің бірізді еместігін айта келе, қазақ тіліндегі синонимдердің пайда болуының өзіндік мынадай жолдарын атап көрсетеді:

1. Көп мағыналы сөздер арқылы толығыады.
2. Сөз тудыру тәсілдері арқылы жасалады.
3. Кірме сөздер арқылы пайда болады және т.б. [93, 95 б.].

Ал Ю.Д. Апресян, В.А.Серебренников, Т.А.Зуева, Н.В.Акимова, И.В.Фомина, И.Д.Фришберг сынды ғалымдар тобы синонимдердің тілде қалыптасуын адамдардың ойын нақты жеткізу қажеттілігінен, экспрессияның қажеттілігінен, заттың жаңа белгілерін бөліп көрсетуге ұмтылуымен, яғни, адамның танымдық әрекетімен байланыстырады.

Ю.Д. Апресян мағыналас сөздерді қарастыра келе, сөздер мен фразеологизмдердің синонимділігінің екі критерийін көрсетеді:

- 1) мағынасының толық сәйкес келуі;
 - 2) бір ғана сөз табына жатуы [67, 223 б.].
- Ғ. Қалиев пен Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде синонимдерді мына белгілеріне қарай топтастыруды ұсынады:

а) сөздердің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелік болуы керек;

- ә) Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі керек;
- б) Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс.

Бұл белгілер сөздерді синоним деп танудың негізгі алғышарты болмақ.

Біз де осы критерилерді басшылыққа ала отырып, ескерткіш тіліндегі синоним сөздерді қарастырдық. Сонымен, дыбысталуы әр басқа болғанмен, мағынасы жақын сөздер синонимдер деп аталады. [86,104]

Синонимдер – адамзат дамуының бір бөлігі іспеттес. Қоғамның дамуына байланысты синоним сөздер тұрмыстың, саясаттың жай-күйін білдіреді. Демек, ескерткіш тіліндегі сөздердің синонимдік қабатын анықтау арқылы сол дәуірдің мәдениеті мен әлеуметтік жағдайын, саяси өмірін анықтай аламыз. Қолжазбада синоним сөздер жиі кездеседі. Олардың жасалу жолдары мен құрамы да әртүрлі болып келеді. Ескерткіш тіліндегі сөздердің

синонимдік қатарын жоғарыдағы тұжырымдарға сүйене отырып, мынадай мағыналық топтарға бөлдік:

а) Синонимдік қатар бірыңғай түркі сөздерінен тұрады: там (110) – үй, қабырға, **ew** /ев/ (110) – үй, **oqşadi** /оқшады/ (95) – ұқсады, **mengzedi** /меңзеді/ (95)–ұқсады, **borčni** /борчны/ (94) – берешек, қарыз; **öntüç** /өнтуч/ (103)–берешек, **yarmaq** /йармақ/ (103) – берешек, **'āriyet** /ариет/ (104) – берешек, там (110) – үй, қабырға, **ew tori** /ев төрі/ (110) – үйдің төрі, **berk** /берк/ (113) – мықты, **tebdirliq** /тебдірлік/ (113) – берік, **berk** /берк/ (113) – мықты, **tak** /так/ (126) – жүзім, **üzüm** /үзүм/ (120)–жүзім, **çal** /чал/ (127)–сұр, **qiryil** /қырғыл/ (127)–сұр, **čüčük** /чүчүк/ (101) – тәтті, **tatliq** /татлық/ (101)–тәтті, **meze** /мезе/ (101) – дәм, тәтті, **turdi** /турды/ (109)– тұрды, **qopti** /қопты/ (122)–тұрды, **auç** /ауч/ (97)–алақан, **aya** /айа/ (97) – алақан т.б.

ә) Бір сыңары түркі сөзі, бір сыңары араб, парсы сөздерінен тұрады: **eş** /еш/ (102)–дос, **dos(парсы)** /дос/ (102)– дос, **tamam (араб)** /тамам/ (111) – аяқталды, **bütüti** /бүтті/ (128) – аяқталды, **saf (араб)** /саф/ (106) – таза, **arıq** /арық/ (105) – таза т.б.

б) Бірыңғай кірме сөздерден тұрады, яғни, араб, парсы сөздері. Мысалы, **kent(парсы)** кент (111) – қала, **şehar (парсы)** /шехер/ (109) – қала.

Синоним сөздер мағыналық жағынан бірыңғай болып келе бермейді. Стыльдік жағынан не мағыналық жағынан өзгешеленіп тұрады. Синонимдер кез келген тілдің байлығы. Сөздік құрамның құнарлы да мәнді бір саласы болып табылады. Тілдің кемеліне келіп, жетілгендігінің айғағы. Адамның ойын, көзқарасы мен көңіл-күйін жеткізу үшін синонимдер ерекше қызмет атқарады.

Омонимдер біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ ұғымы басқа-басқа сөздер тобын білдіреді [86, 96]. Тілімізде дыбысталуы да жазылуы да бірдей бола тұра бір-бірімен мағыналық қатынасы жоқ сөздер кездеседі. Бұндай сөздер тіл- тілде омоним деп аталады [95, 15 б.] Омонимдер бір сөз табына ғана емес басқа да сөз табына қатысты бола алады. Ал мағына жағынан өзара жақындық, ұқсастық мүлде сезілмейді. Қайта мағына алшақтығы барынша аңғарылады.

Ескерткіш тілінде омоним сөздер сирек кездеседі.

От I. Зат есім. шөп; **От** /от/ (101) – шөп.

От II. Зат есім. – от; **Tutaştı ot** /туташти от/ (112)–от жанды.

Шаш I. Зат есім. **Saç**/сач/ (98) – шаш. **Yeşildi saçı** /йешілді сачы/ (98) – шашы шешілді.

Шаш II. Етістік. **Saçtı uruqni** /сачты уруқны/ (129)–ұрықты шашты.

Іш I. Зат есім. **İş** /иш/ (109) – іс, жұмыс. **turdi işde** /турды иште/ (109)–жұмыста тұрды.

Іш II. Етістік. **İş**/ иш/ (121)– іш. **çayır iştiler** /чағыр іштілер/ (121)–шарап ішушілер.

Қой I. Зат есім. Ala qoı /ала қой/ (97)– ала қой.

Қой II. Етістік. Otlayalı qoıdı keleni /отлағалы қойды келені/ (96) – малды отқа қойды.

Ат I. Зат есім. Ala at /ала ат/ (97)– ала ат.

Ат II. Етістік. Öldürdi anı oq atmaqda /өлтүрді аны оқ атмақда/ (97)– оны оқ атуда атып өлтірді.

Ашу I. Зат есім. Ащй / ачығ/ (108)–ашулы

Аш(у) II. Етістік. I. ащй /ачығ/ (108) – ашу.

Кір I. Зат есім. qulaq kiri /кулақ кірі/ (135)–құлақтың кірі.

Кір II. Етістік. çölge kirdiler el /чөлге кірділер ел/ (136)– ел шөлге кірді.

Берілген мысалдардың арасында семантикалық байланыс жоқ екендігіне көз жеткізуге болады.

Сонымен, омонимдерді мағынасы мен формасына қарай: лексикалық омонимдер, лексика-грамматикалық омонимдер және аралас омонимдер деп үш мағыналық топқа бөлеміз. Лексикалық омонимдер бір ғана сөз табына тиесілі болады. Ескерткіш тілінде кездескен от (I,II зат есім) сөзін осы қатарға жатқызамыз.

Ал лексика-грамматикалық омонимдер әр сөз табына қатысты болады да, түбір тұлғасында жұмсалады. Ал қалған уақытта әрбір сөз өзіне тән ерекшелігіне қарай өзгеріп, түрлене береді. Жоғарыдағы ат, шаш, қой, іш т.б. (I зат есім, II етістік) омонимдер жатады.

Ал аралас омонимдер бірнеше сөз табына қатысты болады. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде мұндай омонимдерді кездестірмедік.

Антонимдер – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді айтамыз [96,39 б]. Қазақ тіл білімінде антонимдер жайлы А.Байтұрсынов, С.Болғанбаев, К.Аханов, А.Жұмабекова, Ж.Мусиндер т.б. арнайы тоқталды. Ғалымдардың антонимдерге қатысты пікірлері өте жақын. Тілде кездесетін қарама-қарсы екі сөзді антонимдер деп атаймыз,– деп тұжырымдайды [68,156].

Ғалым К.Аханов: «Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады,–дейді [78,173]. Сондай-ақ: «Қазақ тіліндегі антонимдер көбіне сын есімдерден, етістіктерден, зат есімдерден, үстеулерден жасалады. Ал қалған сөз таптарынан жасалған антонимдер өте аз,»–дейді[78,118].

Демек, антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сипатын, мөлшер-көлемінің артық-кем қасиеттерін салыстырып, біріне-бірін қарсы қоюдан туындаған. Яғни, дүниедегі заттар мен құбылыстар туралы ұғымдарды салыстыру және оларды бір-біріне қарама-қарсы қою қабілетінен туындаған [97, 37 б.]. Антонимдер өзара қарама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен бұлардың әр сөз табына қатысы бірдей болмайды. Біз

қарастырып отырған ескерткіш тілінде антонимдердің мына сөз таптарынан жасалғанын байқадық:

- 1) Зат есімнен;
- 2) Сын есімнен;
- 3) Етістікке тән;
- 4) Үстеуден жасалған;

Қолжазбадан қазіргі түркі тілдерінен еш айырмашылығы жоқ антоним сөздерді кездестіреміз. Ескерткіш тіліндегі антоним сөздер көбіне сын есімдерден, етістіктерден жасалған.

Екі сыңары да зат есімнен болады:

ер-әйел: *er* / ер/ (108)–ер, *ḡatun* / хатун/ (96) – әйел.

Екі сыңары да сын есімнен болады:

узун-қышқан: (ұзын- қысқа); *uzun* / узун / (96) – ұзын, *qıŝqan* /қышқан / (103) – қысқа.

тақыр -чүчүк: *taqır* /тақыр/(97)–ащы, *čüčük* /чүчүк/ (101) – тәтті.

ақ-қара: *aq* / ақ/ (129)–ақ, *qara* /қара / (115).

оң-сол: (оң-сол) ong /оң / (112)–оң, *sol* / сол / (112)– сол.

таза- кір: *arīq* /арық/(105)–таза, *kir* / кір/ (135) – кір.

Екі сыңары етістіктен жасалады:

ач-йап (аш-жап): *yap*/йап / (128) – жап, *ač* /ач/ (99)– аш

өл-тіріл: өл (97)– өл, *tiril*/тіріл/ (100)–тіріл.

Екі сыңары да үстеуден жасалған антонимдер:

жоғары-төбен: *yoqarı*/ йоқары/ (141)–жоғары, *töben* /төбен / (143) – төмен.

аз- артық: *az* /аз/ (136)–аз , *artuq* /артуқ / (106)– артық т.б.

Демек, бір сөз табы антонимге бай, ал екінші бір сөз табы соншалықты кедей не болмаса кейбір сөз таптарында мүлде кездеспеуі де мүмкін. Қазіргі қазақ тіліндегідей «Мукаддимат әл-Адаб» лексикасында сын есім мен етістіктерден антонимдер көбірек кездесетінін байқадық. Керісінше, үстеу мен зат есімде аздау, ал басқа сөз таптарынан байқалмады.

Кірме сөздер. Тілдің толығып, кемелденуі өзінің ғана ішкі мүмкіншілігі арқылы емес, өзге тілдерден енген сөздер арқылы да жетіліп отырады. Тарихқа көз жүгіртсек, Жібек жолы бойымен жасалған сауда-саттық экономикаға, әлеуметтік жағдайға, тілге, саясатқа өз ықпалын тигізбей қоймады. Бұл қатынас жайлы тарихта: «Римнен, Византиядан, Үндістаннан, Ираннан, Араб халифатынан, кейінірек Европа мен Русьтен өндірілетін товарлар тасылды [98,500 б.].

Ел арасындағы достық, сауда қатынасының болғандығын тіліміздің сөздік құрамынан да байқауға болады. Сауда арқылы тек мал-мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ заттарын ғана алып қоймаған, рухани байлық, тіл де біріне-бірі алмасқан. Осындай жағдайларға байланысты бір тілден екінші тілге

енген. Тіліміздегі кірме сөздерді халқымыздың басынан кешкен даму тарихымен байланыстыра зерттеген жөн.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ халқы ұзақ даму барысында бірсыпыра елдермен тығыз қарым-қатынаста болған. Ертеде туыстас халықтармен, кейіннен VIII-IX ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII- XIII ғасырларда монғол халқымен байланыста болды. XVIII ғасырдан бүгінгі күнге дейін орыс халқымен үздіксіз қатынас жасап келеді. Осындай маңызды әрі ұзақ байланыстар тіліміздің сөздік құрамына көп мөлшерде кірме сөздердің енуіне алып келді.

Басқа орта ғасырдағы ескерткіштер секілді «Мукаддимат әл-Адаб» лексикасы өлі және қазіргі түркі тілдеріне ортақ сөздерден құралады. Кейбір сөздер фонетикалық өзгеріске ұшырамай қалпын сақтаған болса, ал кейбіреулері дыбыстық өзгеріске ұшырап, мағыналық байланыс арқылы ажыратылады. Сөз мағыналары – тарихи лексикологияның басты объектісі. Б.А.Лариннің айтуынша: «Далекая цель исторической лексикологии – выяснение таких компонентов словарной системы языка, которые в истории его развития эволюционируют единым фронтом, т.е. обнаруживают прочные, устойчивые связи» [99,12 б.]. Егер әрбір сөз тарихи тұтастықты білдіретін болса, біз нысанға алып отырған 1200 сөздің 80 %-ы қазіргі қазақ тілінде кездеседі. Ал ендігі бір сөздің мағыналық және дыбыстық өзгеріске ұшырағанын байқаймыз. Сондай-ақ қолжазба тілінде араб және парсы тілінен енген кірме сөздер өте жиі кездесетінін байқауға болады.

Кірме сөздер – тілдің өзіне тән сөзжасамдық тәсілмен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалып, не олардан енген сөздер[86,135] . Демек, кірме сөздерге тілге басқа тілдерден әр түрлі себептермен енген сөздер жатады [100, 9 б.]. Қазақ тіл білімінде кірме сөздер жайлы К.Аханов, Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев, Б.Сағындықұлы, Ш.К.Бектұров т.б. отандық ғалымдар жүйелі зерттеу жүргізді.

Басқа тілдерден енген сөздер уақыт өте келе әбден кірігіп, фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтан игеріліп, сіңісіп кетеді [78,208 б.]. Ғалым К.Аханов кірме сөздерді екі түрлі жолмен енеді деп санайды. Ауызша түрде және жазбаша түрде енген сөздер. Ауызша енген сөздердің көпшілігі тұрмыс-тіршілікке байланысты зат атаулары. Кірме сөздердің ерекшелігі – енген тілдің фонетикалық заңдылықтарына, орфоэпиялық ерекшеліктеріне тез бейімделеді. Мысалы, ескерткіш тілінде де осы құбылыс сақталған. Араб тіліндегі «ғайд» сөзі ескерткіш тілінде айт болып өзгерген. Тілімізде сөз басында ғ дыбысы қолданылмайды. Кейбір жазбаша түрде енген кірме сөздердің басында ғана кездеседі. Мысалы, ғалым, ғылым т.б. Жазбаша кірме сөздерге ғылым мен техниканың және әдебиет арқылы енген сөздер жатады. Жазбаша түрде енген кірме сөздер өзінің дыбысталу ерекшелігін сақтайды.

Тілімізге араб, парсы тілдерінен енген сөздердің ауысу процесі орта ғасырлардың алғашқы кезінен басталады. Араб және парсы сөздері

тіліміздегі кірме сөздердің ең мол қорын құрайды. Араб тілінен енген сөздер кірме сөз болғанына қарамай, тілімізде ұзақ өмір сүрді. Демек, араб-парсы тілінен енген кірме сөздер қазіргі тіліміздің төл сөздеріндей болып, әбден сіңісіп кеткен.

Бұл сөздер кірмелігін жойып, сөздік қорымыздан түпкілікті орын алып отыр. Араб және парсы тілдерінен сөз алмасу ерте кезден басталады. Таяу Шығыс және Орта Азия халықтарының арасында араб тілі халықаралық тілдің қызметін атқарып келген [101,8]. Қазақстанда Кеңес өкіметі құрылғанға дейін бұл қатынас үзілмеді. Осындай себептерге байланысты, араб және парсы тілінен енген сөздердің көпшілігі сырттай да ішкі мағыналық жақтан да әбден кірігіп, етене жақын болып кеткендігін байқаймыз.

Демек, араб-парсы тілінен енген сөздер тіліміздің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймай, лексикасын түр-түрпаты мен мағына жағынан кеңейтіп, кемелдендірген. Кірме сөздер монғол, қытай, араб, парсы, орыс және еуропа тілдерінен енген сөздер. Бірақ ондай кірме сөздердің лексикалық құрамымыздағы үлесі мен қабылдану, тілге сіңісу деңгейі бірдей емес [102,100 б.].

Араб сөздері. Түркі сөздеріне араб тілінің лексикасының енуі ислам дінінің келуімен тікелей байланысты екені даусыз. Ислам дінінің Орта Азияға келуі VIII ғасыр болғанмен, діннің кең тарап, сіңуі X ғасырдағы Қарахан мемлекетінің тұсында болған. Араб тілінің кірме сөздері алғашында тек дінге қатысты сөздер болғанмен, кейінірек сол дінді таратушылардың халық арасында сіңісуімен тілдің барлық саласына әсер етпей қоймады. Парсы-араб тілдерінің ықпалы түркі елдерінің мәдени дамуына күшті әсер еткен. Оның көріністерін зерттеп отырған жазба ескерткіш тілінен де байқаймыз. Сондай-ақ тек түркі елдері емес араб тілі өзге де халықтардың тілдеріне, әсіресе, мәдениет пен ғылым саласына әсері мол. Араб тілінің ықпалымен орта ғасырда бірнеше ғылыми, классикалық, әдеби шығармалар жазылды. Кейіннен әдет-ғұрып, салт-санамызға берік орнап кеткен араб кірмелері қоғамда болып жатқан құбылыстардың барлығына әсер етіп, лексикалық қорымыздан орын алғанын байқауға болады. Араб тілі ,алдымен, ислам дінінің тілі ретінде еніп, кейіннен ғылым мен дін тілі ретінде қолданылған. Араб тілінен енген кірме сөздер қазіргі қазақ тілі құрамындағы ең мол сөздік қорды құрайды. «Мукаддимат әл-Адаб» лексикасы күнделікті өмірде кездесетін этнолингвистиканы құраса, араб тілінен енген сөздер де барлық сала бойынша енген.

Дінге байланысты енген сөздер: **namaz** /намаз/ (122) – намаз, **amin aiti aning duasıqa** /амин айти аның дуасықа/ (100) – оның дұғасына әумин деді, **uça** /уча/ (106) – кәпір, **šefa'at tiledi andin** /шефаат тіледі андын/ (105) – ол одан шапағат сұрады, **ziyaret** /зиарет/ (106) – сұрау, тілеу, **diwler** /дівлер (142) – жын.

Адамның лауазымына, кәсібіне және әлеуметтік жағдайына байланысты сөздер: **altanči** /алтанчы/ (100) – алтын ісінің шебері, **wezir**

/vezir/ (102) – уәзір, **čerik begi** /черік бегі/ (132) – әскербасы, **wekil** qıldi anı işke /векіл қылды аны ішке/ (143)–оны жұмысқа уәкіл қылды.

Ғылыми-ағартушылық мәндегі сөздер: **kitab** /кітаб/ (139) – кітап, **delil** /деліл / (95) – дәлел.

Адамның мінез-құлқына, жақсы қасиеттерге байланысты: **adapliq** /адаплық/ (94) – мейірімділік, әдептілік, **bereket tiledi andin** /берекет тіледі андын/ (117)–одан береке сұрады.

Мезгіл мен уақытты білдіретін сөздер: **waqt boldi sanqa filan işni qılsang** /вақт болды санқа филан ішні қылсан/ (130) – мұндай жұмысты жасайтын уақыт келді, **tamam yıl** /тамам йыл / (120) – жыл өтті т.б.

Парсы сөздері және олардың лексика семантикалық ерекшеліктері: Ескерткіш тілінде кірме сөздердің екінші бір тобы парсы элементтері. Тарихи деректерге сүйенсек, парсы сөздерінің енуі араб сөздерінен бұрын болғандығын көрсетеді. Иран халқымен сан ғасырлар бойы іргелес отырғандықтан, түркі тіліндегі сөздер діни ұғымдардан гөрі тұрмыстық, сауда, әдебиет пен өнерге қатысты сөздер жиі енген. Кірме сөздер туралы Э.В.Севоротян, Р.Сыздық, Б.Жұбатова, А.Айғабыловтар аң-құс, бау-бақташылық кәсіпке қатысты атаулар, жеміс-жидектер мен өсімдіктер, үй-тұрмысына қажетті, асыл тас атауларының парсы тілінен түркі тіліне енгені жайлы айтады.

Демек, кірме сөздердің тұлғасы екі түрлі жағдайда өзгереді: 1) Кірме сөздердің морфологиялық тұлғасында түркі тілінде айтылмайтын дыбыстар болса, олар өздері енген тілдің қолтума дыбыстарымен алмасады. Мысалы, араб тіліндегі эмфатикалық дыбыстардың орнына қыпшақ тіліндегі с, з, т дыбыстары қолданылады. Басқаша айтқанда, белгілі бір дыбыстар (нақтылы бір тілдің негізгі ерекшелігі болып саналатын дыбыстар) бөтен тілге ауысқанда ана тіліндегі өз табиғатына тән қасиетін жойып алады. 2) жаңа тілдегі кейбір дыбыстардың позициялық қолдану ерекшелігіне қарай кірме сөздердің құрылысына тиісті өзгерістер енеді: жаңадан қолтума дыбыстар қосылады, не түбірдің кейбір дыбыстары қысқарып кетеді. Бұл өзгеріс кейбір дыбыстар құрамының сол өздері енген тілде айтуға ыңғайлы болу үшін жасалады. Ескерткіш тіліндегі парсы тілінен енген мына сөздер мысал бола алады: ф//п – **ferište** (періште), ғ//қ – **bay** (бақ), ч//ш – **paḡsačī** (пақсашы–ұста, шебер) т.б. алмасулары кездеседі.

Шаруашылық атауларына байланысты сөздер: **kele bazar** /келе базар/ (96) – мал базар, **bay** /бағ / (109) – бақ т.б.

Ал **діни** терминдер араб сөздеріне қарағанда әлдеқайда аз екендігіне көз жеткіздік: **ruze** / рузе/ (99) – ораза, **Jan alqučī ferište** /жан алқучи фериште/ (100) – жан алушы періште т.б.

Адамның лауазымына, кәсібіне және әлеуметтік жағдайына байланысты сөздер: **paḡsačī** /пахсачы/ (110) – ұста,шебер, **bahadur** /баһадүр/ (115) – батыр т.б.

Монғол сөздері және олардың лексика семантикалық ерекшеліктері: Орта Азия халықтарының түркі, монғол тілдеріне жататын халықтарының мәдени, әлеуметтік, тұрмыстық, тарихи қатынастары ұқсас, біріне-бірі етене жақын болып келген. Осындай ортақ қатынастар тіл жақындығына алып келеді. А.А.Реформатский де: «При втором – книжном – пути заимственные слова и звуковому виду и по значению ближе к оригиналам, но зато они больше остаются неосвоенными варваризмами в заимствующем языке сохраняя некоторые черты чуждые фонетике и грамматике заимствующего языка» [103,483] – деген болатын.

Тілімізде монғол тілінен енген сөздер жиі кездеседі. Қазақ тілінің монғол тілімен қатынасы мына жағдайларда қарастырылады. Бірінші, екі халықтың көршілес тұрып, бір-бірімен тікелей тығыз қатынас жасауы. Сондай-ақ XIII ғ. Монғолдардың Қазақстан мен Орта Азия жеріне басқыншылық жасап, Шыңғыс тұқымының XV ғасырға дейін билік етуінің әсері тиген. Тіпті XV- XVIII ғасырлар арасында да монғолдармен тегі бір Жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне үнемі жорықтар жасап отырғаны тарихтан белгілі.

Сондай-ақ қазақ тіліне монғол тілдерінің ауысып келуін кешенді зерттеген Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев қазақ тіліне монғол тілінен ауысты деуге келмейтін екеуіне де ортақ сөздер барын айтады [86,143 б.]. Ескерткіш тіліндегі монғол сөздерімен түр-тұрпаты ұқсас, үйлес сөздерді мынадай топтарға бөліп қарастырамыз: Мал шаруашылығына байланысты: қой, құнан, бұқа, аңға байланысты: бұғы, барыс, аң аулау. Шаруашылыққа байланысты: алтын, темір т.б., туыстық атаулар: ер, құдағи, т.б. Сын есімдер: ала, қара, көк, сары, т.б. Осы сияқты сөздер тек қазақ тілі емес, түркі тілдеріне тән. Бұл сөздер монғол тілдерінен түркі тілдеріне ауысты ма не түркі тілдерінен монғол тілдеріне ауысты ма – оны дәлелдейтін ақпарат тіл білімінде жоқ. Сондықтан да бұл сөздерді түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздер деп қарауға негіз бар. Монғол және түркі тілдеріне ортақ сөздердің бар екендігін белгілі ғалым Ш.Уалиханов та тоқталып өткен. [104,179 б.] (Түркі-монғол тілдерін салыстырмалы зерттеп жүрген Б.Базылханның пікірінше, «Монғолша-қазақша сөздікке енген 40000 сөздің 60 пайызы екі халыққа да ортақ сөздер екенін айтады [105,7 б.].

Монғол тілдері мен түркі тілдерінің ұқсастықтары жайлы грамматикалық ерекшеліктерінен де анық байқауға болады. Ғалым Б.Базылханның «Қазақ және монғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы» еңбегінде екі тілдің ұқсастықтары мен ерекшеліктері жайлы айтылады [106]. Ал Б.Я.Владимирцов, Н.Ф.Катанов, Г.Д.Санжеев бұл тілдерді түбі бір тілдердің қатарына жатқызуды жөн санайды. Мұны Алтай заманындағы түркі-монғол бірлестігінен бастау алады дейді.[107,14 б].

Ескерткіш тілінде кездесетін монғол сөздерін төмендегідей лексикалық топтарға бөлдік: **туыстық атаулар:** **bahadur** /баһадүр/ (115) – батыр, **xatun**/ хатун/ (125) – қатын, **oylan** /оғлан/ (137) – ұлан т.б.

Самотикалық ұғымдар: **aqqa** /аңқа / (93) – арқа, **yüz**/ йүз/(140) – бет, жүзі, **ter** /тер/ (95)– тер, **tamur**/ тамур/ (118)– тамыр, **saqal** /сақал / (131)–сақал т.б.

Уақытқа байланысты: **yil** / йыл / (120) – жыл; **пайдалы қазбалар:** **altun** |безеді алтун |(133) – алтын, **temür**/ темүрні / (140) – темір; аңға байланысты: **buғu** /буғу / (124) – бұғы, **aq/aң/** (93) – аң, **aqla** /аңла/(93) – аула т.б.

Жаратылыс атаулары: **yer** /йер/(134) – жер, **qar** /қар/(131) – қар, **su/cy/** (107) – су, **tuman** /туман/ (124) – тұман т.б.

Жидектер мен өсімдіктер: /йығач/ (95) – ағаш, **üzüm** /үзүм/ (120) – жүзім т.б.

Дәнді-дақылдар: **arpa** /арпа/ (104)–арпа, **buғдай/** бұғдай/ (124) – бидай, **tarıy** /тарығ/ (102) – тары. Сондай-ақ, **asa** /аса/ (119)– таяқ, **tam** /там/ (110) – үй, қабырға, **süt** /сүт/ (127) – сүт, **saraj** / сарай/ (139)–сарай т.б. сөздері монғол тілінен енген сөздерге жатады.

Түркі тілдері және олардың тұлғалық және мағыналық ерекшеліктері. Түркі тілдеріне ортақ сөздер жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күнгі түркі тілдеріненің барлығында кездесетін сөздерді айтамыз. Сондықтан да жалпытүркілік сөздер деп аталады [86,130]. Ескерткіш тілінің негізгі сөздік қоры түркі сөздерінен тұрады. Түркі тілдерінің туыстығы, сол халықтардың шыққан тегінің бір екендігінің айғағы.

Дегенмен, түркі тілдерінің өзара жақындығы бірдей бола бермейді. Жалпытүркілік сөздер фонетикалық өзгерістерге ұшырағанмен, лексикалық мағыналарын жоғалтпаған. Ескерткіш тілінде кездесетін түркі тілдеріне ортақ сөздерді былай топтастырдық:

Соматикалық атаулар: **baş** /баш/ (100) – бас, **qulaq** /кулак/ (134)–құлак, **köz/** көз/ (136) – көз, **saç** /сач/ (134) – шаш, **elik** / елік/ – қол, **aйız/** ағыз/ (101)–ауыз, **tiş** / тіш/ (105) – тіс, **erin** /ерін/(141)– ерін т.б.

Мал атаулары: **at** /ат/ (143)– ат, **tai тай** (139) – тай, **айғыр** /айғыр / (97) – айғыр, **tewe** /теве/ (120) – түйе, **qoі** /қой/ (97) – қой, **buzau** / бузау/ (124) – бұзау, **qozi** / қозы/ (111) – қозы т.б.

Жан-жануар, жәндік атаулары: **arслан** /арслан / (106)–арыстан, **qarqa** / қарқа/(97) – қарға, **it** /ит/ (136)–ит, **yılan** / йылан/ (97) – жылан т.б.

Табиғат құбылыстарының атаулары: **su dayi yel** /су дағы йел/ (109)–су мен жел, **yıғaç** /йығач/ (110) – ағаш, **taş** /таш/ (137) – тас, **ai** / ай/ (112) – ай, **kün/** күн/ (95) – күн, **yulduz** /йулдуз/ (106) – жұлдыз, **qar/** қар/ (131)– қар, **yer** / йер/(131)– жер, **tengiz** / теңіз / (138)– теңіз т.б.

Түр-түсті, сапа-сынды білдіретін атаулар: **qizil** /қызыл/ (133)– қызыл, **qara** /қара / (115) – қара, **aq** /ақ/ (129)– ақ, **kök** /көк/(131)–көк, **qışqan** /қышқан/ (103) – қысқа, **uzun** /узун / (96) – ұзын, **yуған/** йуған/ (119) – қалың, **kines** /ыстық/(136)–ыстық, **çüçük** /чүчүк/ (101) – тәтті, **taqir** /тақыр / (97)–ащы т.б.

Сан есімдер: **bir** /бір / (129) – бір, **eki** / екі / (137) – екі, **yeti yüz** /жеті йүз/ (142)–жеті жүз, **yeti ming** /жеті миң/ (142) – жеті мың, **qırq** /қырк/ (143) – қырық т.б.

Есімдіктер: **men** /мен/(118) – мен, **biz** /біз/ (118) – біз, **sen** /сен/(132) – сен, **siz** /сіз / (125)–сіз, **ol** /ол/ (95)– ол, **alar**/ алар / (105) –олар, **bu** /бу/ (117) – бұл , **barça** /барча/(112) – барлық, барша ,**öz** / өз /(128)–өз т.б.

Қимыл атулары: **kel** /кел/ (101) – кел, **yür** йүр (98)– жүр, **kir** /кір/ (136)–кір, **al**/ ал/ (135)– ал, **ber**/бер/(100) – бер, **qoı** /қой/(99)– қой, **öl** /өл/ (97) – өл т.б.

Үстеулер: **yanında** /йанында / (110) – жанында, **qatında** / қатында / (128) – жанында т.б.

Шылаулар: **dayi yaş** /турды қан дағы йаш/ (109)–қан мен жас тұрды, **dayi** /дағы / (112)–тағы, **kelin we yenge** /келін ве йенге/(118) – келін мен ене. **barmaq birle** /бармақ бірле/ (138) – саусағымен т.б.

Бұл мысалдар ерте түркі дәуірінен келе жатқан төл сөздер. Қазіргі түркі тілдеріне ортақ сөздер болып табылады.

Ендігі бір сөздер әртүрлі өзгерістерді бастан кешірген. Олардың кейбірін бірден тани қою қиындық тудырады. Тіліміздегі варианттарымен не басқа сөздермен не туыстас тілдердегі элементтерімен салыстыра отырып анықтауға болады. Бұл топқа кіретін сөздердің барлығы дыбыстардың түсірілуімен не басқа дыбыспен алмасуы секілді фонетикалық өзгерістермен жетіп келген. Мысалы, **қавуқ** сөзінің тіліміздегі баламасы – **қуық**. Қазақ тілінде у дыбысының алдынан көмескіленіп **ұ//ү** дыбыстары естілетіндіктен, дифтонг дыбыс деп қарайды да **ұ** жазуда елене бермейді. Ғалым Ә. Жүнісбек тіліміздегі дауыстылар қатарында жүрген и,у таңбаларын екі дыбысты белгілейтін таңбалар екендігін, сондықтан да «жиын–жыйын, курап–құурап» деп жазылуы тиіс десе [108, 22 б.]. Ж.Аралбаев «у–дың негізін **ұ** мен **ү** дыбыстар құрайды десе, екінші көмекші компонентті көмескі сонор у дыбысы құрайды,» – дейді [109, 36 б.]. Демек, тіліміздегі қуыс сөзі «құуыс» болып дыбысталады. Ал бірінші буыннан кейінгі буындардағы у дыбысы ерін үндестігінің әлсіздігінен **ы** дыбысына айналатынын ескеретін болсақ, мынадай дыбыс сәйкестіктері келіп шығады: **а-о –ұ; ғ -в –у; у –ы; ч- ш -с**.

Сондай-ақ, көне түркілік сөз соңында **ғ** дыбысының түсірілуі арқылы келген бірқатар сөздер де кездеседі. Мысалы, **tarıy** /тарығ/(102)–тары, **açıy** /ачығ/ (108) – ашу, **acılıy** /ачығлығ/ (108)–ашулы т.б.

Ендігі бір топ сөздер көне түркілік түбір мен қосымшаның жымдасып, бірігуінен жасалған. Осы сөздер ескерткіш тілінде түбір күйінде қолданылғанмен, көбісінің түпкі мағынасы көмескіленіп, өлі түбірге айналған. Мұндай өлі түбірлер ескерткіш тілінде жиі кездеседі: **ögrengen** /үйренген/, **mengzedi** /ұқсады/, **ariti** / тазартты/, **amraq boldi** / жақсы болды/, **eglendi** /пахаттанды/, **aұqa** /арқаға/, **mezesiz** /дәмсіз/ т.б.

Негізгі түбірі ұмытылып, өлі түбірге айналған немесе дыбыс алмасудың нәтижесінде көнерген сөздерді байқауға болады: Мысалы,

dirikledi /өмір сүрді/, **dadeklendi**/ жұмсады/, **tefsirledi** / пікір айтты/, **čečeklendi** /гүлдеді/, **ölčekledi** /өлшеді/ т.б.

Көне түркілік түбір күйінде кездескен өлі түбірлер: ескерткіш тіліндегі мына сөздерді жатқызуға болады: **derzi** /тігінші/, **dewit** /сия/, **čilbuq** /ірің/, **čeček** /гүл/, **tütük** /перде/, **čal** /сұр/, **bexil** /сараң/, **küze** /құмыра/ т.б.

Мағынасы жағынан көнерген сөздер қатарына қазір де қолданылатын, алайда ескерткіш тілінде мағыналық өзгерістерге түскен сөздер де кездеседі. Мысалы, **oylan** /оғлан/ (118) – сөзі қазіргі қазақ тілінде **ұлан** тұлғасында келеді.

Фонетикалық тұлғасы жағынан көнерген сөздердің құрамындағы белгілі бір дыбыстар ғана архаизмдер болып саналады да қалған дыбыстар мен мағыналар сол күйінде кездеседі. Мысалы, **sačaq** /сачақ (129) – шашақ, **aγiz** /ағыз/ (99) – ауыз, **idi** /іді/ (99) – иісі, **učı** /учы/ (100) – іші, **arčı** /арчы/ (104) – арша.

Сөздердің не қосымшасы не түбірі өлі болып келеді. Мысалы, **čüčük** /чүчүк/ (101) – тәтті, **emin** /емин/ (102)– қорғады, **iklik** /іклік/(108)–шыбық, **bexil** /бехил/ (113) – сараң, **bizar** /бізар/ (120) – жиіркеніш, **čayir** /чағыр/(121) – шарап сөздерінің түбірлері актив қолданылғанмен, түбірлері өлі компонентке жатады.

Ескерткіш тілінің лексикасында омоним, синоним, антоним сөздер кездеседі. Синоним сөздердің ерекшелігі, жасалу жолдары айтылды. Синоним бола алу қасиеттері анықталды. Антоним сөздердің қасиеттері анықталды. Антоним бола алатын сөз таптары нақтыланды. Сондай-ақ кірме сөздер, олардың сөз мағыналарын кеңейтудегі ролі айтылды. Кірме сөздер белгілі бір тақырыптық топқа бөлініп қарастырылды. Түркі сөздері және олардың лексика-семантикалық ерекшелігі қамтылды.

2.3 Әз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-Адаб» ескерткіші тілінің сөздік құрамы

XIX ғ. ортасынан басталатын түркі тілдерінің лексикалық, фонологиялық, грамматикалық құрылымындағы әр түрлі құбылыстардың табиғатын түсінуде көп зерттеу жүргізілді. Түркі тілдерінің өзіне тән құрылымдық ерекшеліктерін кешенді зерттеуде орыс және отандық ғалымдардың қалыптастырған мектептің маңызы зор. Түркі тілдерінің грамматикасына қатысты іргелі зерттеуді алғаш орыс түркітанушылары жүргізді: А.А. Казамбек, О.Бетлинг, В.Радов, В.Вербицкий, П. Мелиоранский, А. Самойлович, В.Гордиевский, Н.К. Дмитриев және т.б. ғалымдар түркі тілдерінің грамматикалық құрылымын кешенді қарастырды. Белгілі ғалым А.Н Баскаков түркі тілдерінің құрылымын зерттеуді екіге бөліп қарастырады. 1) аналитикалық бағыт – неміс түркітанушыларының өкілдеріне тән; 2) синтетикалық, орыс түркітанушыларының өкілдеріне тән.

Неміс аналитикалық мектебінің өкілдеріне В.Банг, К.Брокельман, Г.И. Ралистед еңбектерін жатқызады. Бұл бағыт бойынша, аффикстердің грамматикалық формалары, грамматикалық құрылымы талданды. Ал орыс мектебінің өкілдері В.Вербицкий, П.М. Мелиоранский, В.А. Гордлевский, Н.К. Дмитриевтің сөзжасам мен сөз түрлерін аффикстері мен грамматикалық құрылымы сипатталып, категориялық жағынан жүйеленеді. П.М. Мелиоранский қазақ тілінің морфологиялық құрылысын талдаған. Есім, есімдік, етістік, сан есім, үстеу, жалғаулық, септеулік, демеулік деп 8 сөз табына бөлген. Есім мен етістікті толығырақ талдаған. Негізгі және туынды зат есімдер ажыратылмағанымен етістіктің барлық ерекшеліктеріне жүйелі талдау жасалынған. Сөйтіп, П.М: Мелиоранскийді қазақ тілінің грамматикасына тұңғыш жүйелі зерттеу жүргізген ғалым деп тануымызға негіз бар. Тіліміздің морфология саласына кешенді зерттеу жүргізген – В.В. Катаринский (1846-1902) «Грамматика киргизского языка.» Фонетика, этимология и синтаксис (Оренбург, 1897) еңбегінде сөз таптарын этимология (морфология) бөлімінде қарастырды. Сын есім, одағай жеке сөз табы ретінде қарастырылды. Зат есімнің жеті септік жалғауы бары, сын есімнің мағыналық түрлері, үш шырайы болатыны қазіргі күнге дейін талданған.

XX ғасырдың басында қазақ тіл бөлімінің негізін салушы А.Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығының морфология (1914) бөлімінде сөздің құрамы, сөз таптары қарастырылды. Оларға қазақша терминдер ұсынылды. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау, одағай т.б. сөздерге атау берді.

1930 ж. бастап қазақ тілінің ғылыми тұрғыда зерттеле бастауы Қ.Қ. Жұбановтың (1899-1938) есімімен тығыз байланысты. Ғалымның «Көмекші етістіктер» еңбегі морфология саласында әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған.

С. Аманжоловтың (1903-1958) 1938 ж. шыққан «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінің бірінші бөлімінде морфология саласын қарастырды.

1950-90 жылдардың арасында морфология саласында бірқатар құнды еңбектер пайда болды. А.Ысқақовтың есім сөз таптары жайлы, етістік категорияларын Ы.Маманов, Т.Қордабаев, А.Қалыбаева, И.Ұйықбаев, М.Оразов т.б. атауға болады. Сондай-ақ сын есімдер жайлы Ғ.Мұсабаев, Ж.Шәкенов, Ә.Төлеуов, сан есімдер жайлы Ә. Хасенов, шылаулар жайлы Р.Әміров т.б. ғалымдардың еңбектерін айта аламыз. Сөздің морфологиялық құрылымы жайлы мәселе грамматиканың ең өзекті тақырыптарының бірі. Сөздің морфологиялық құрылымына қатысты ұғымдарды ажыратып алу керек. Бұл негізгі ұғымдарға морфема және оның түбір морфема және аффикстік морфема деп аталатын ұғымдары енеді.

Сөз морфологиялық құрылымы жағынан алуан түрлі болады. Мысалы, ескерткіш тілінде: бір морфемадан *bas/бас/-бас*, екі морфемадан (*bas-qa*) құралады. Сөз құрамындағы морфемалардың әрқайсысының өзіне тән мағынасы болады. Мысалы, **yüklük** /йүклүк/ (95) – жүкті деген сөздің

құрамындағы екі морфеманың біріншісі жүк заттық мағынада, екіншісі лүк(-ті) сындық мағына білдіреді. Демек, сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшегін морфема деп атаймыз.[1,360] (К.Аханов). Ал А.Ысқақов: Сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектері морфемалар деп атайды [110,24 б.].

Морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан әр алуан. Лексикалық мағынаны білдірсе, екінші біреуі грамматикалық мағынаны береді. Мысалы, **yüklük** /йүклүк/ (95) – жүкті сөзінің құрамындағы жүк түбір морфема деп аталады. Грамматикалық мағыналарды білдіретін морфема аффикстік морфема не көмекші морфема деп аталады. Түркі тілдерінде сөздің түбірі белгілі бір мағынасы бар дербес сөз ретінде қолданылады. Дербес сөз ретінде түбірдің қарастырылуы түркі тілдеріне тән қасиет. Демек, лексикалық мағынаны білдіретін морфема негізгі морфема деп қарастырылса, грамматикалық мағынаны білдіретін морфема аффикстік морфема деп аталады [78,363]. Қосымша морфемада мағыналық дербестік те тұлғалық дербестік те болмайды. [110,25]. Аффикстік морфемалар өз ішінде жұрнақтар және жалғаулар болып екі түрге бөлінеді. Жұрнақтар жалаң сөздерді жасау үшін қолданылса, жалғаулар сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Осы ерекшеліктеріне қарай: түбір мен аффикстік морфемалардың қатынасы белгілі бір заңдарға сүйенеді; олар бір-бірімен талғап тіркеседі. Яғни, есім сөздерге не етістіктерге ғана тән аффикстік морфемалар болады.

Қайсыбір қосымша жалғанса да түбір морфема тұлға жағынан өзгермейді. Ал аффикстік морфемалар тұлға жағынан тұрақсыз, түбір морфеманың ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады.

Жұрнақ пен жалғаудың мағыналарына ғана емес, қызметтерінде де айырмашылық бар. Жалғаулар сөз аралығындағы жалпы қатынасты білдірсе, жұрнақтар өздері жалғанған сөзге жаңа лексикалық мағына үстейді. Ғалым А.Ысқақов аффикстік морфемаларды жалғаулар, жұрнақтар және қосалқы сөздер деп бөледі. Жұрнақтарды іштей сөз тудырушы және сөз түрлендіруші деп екі топқа ажыратады [110,25]. Ал Ы.Мамановтың пікірінше, аффикстік морфемаларды сөз тудырушы және форма тудырушы деп ажыратады да, форма тудырушы морфемаларды жалғау және жұрнақ деп бөліп, ерекшеліктеріне қарай талдайды[111,49]. К.Аханов жұрнақ пен жалғауды ажыратады да, жұрнақтарды іштей екі топқа бөледі: сөз тудырушы, форма тудырушы жұрнақтар [112,316.]

Белгілі түркітанушы М.Томанов түркі тілдерінде қосымшалар дербес сөздердің әр түрлі өзгеріске түсуінен қалыптасқан [113,15 б.]. Демек, жұрнақтар сөз тудыруға қабілетті сөзге жаңа лексикалық мағына үстейді. Өзі жалғанған сөзді жаңа лексикалық мағынаға айналдырады. Мысалы, **аң** /аң/ (93)– аң, **аңці** /аңчы/ (93)– аңшы, **yük** /йүк/ (94)– жүк, **yüklük хатун** /иүклүк хатун (95) – жүкті әйел, **öltürgüci yılan** /өлтүргучи / (97)–өлтүруші т.б.

Ескерткіш тіліндегі жұрнақтарды қазіргі қазақ тіліндегідей сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтар деп екіге бөлеміз. Сөз тудыратын

жұрнақтар өзі жалғанған сөзге екінші бір жаңа мағына үстейді. Сөз тудырушы жұрнақтарды ғалым А.Ысқақов «Өзі жалғанған сөзден лексикалық мағынасы басқа жаққа сөз туады,»–дейді [110,30] Мысалы, **altanċi** /алтанчы/(99)– (100)–алтын ісінің шебері сөзін алсақ, түбірі -алтын -шы жұрнағы жалғану арқылы есім сөзден зат есім туып отыр. Яғни, заттан субъектігі айналып отыр. Сөз түрлендіруші жұрнақтар өзі жалғанған сөзге мағынасын өзгертпей, түрлендіреді. Мысалы, **ölgен** /өлген/ (97) – қайтыс болған, **dostliqdin**/достлықдын/(103)–достық, **körgüzdi** /көргүзди/(103)–көргізді, **bahadurluqqa** /баһадурлук/ (115)– батырлық т.б. Жұрнақтар құрамына қарай жалаң жұрнақтар және құранды жұрнақтар болып екіге бөлінеді [1,32].

Жалғаулар – сөздерді өзгертіп, түрлендіру арқылы грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық форма. Жалғауларда мағыналық және тұлғалық дербестік болмайды. Себебі жалғаулар жеке-дара қолданылмайды, жеке тұрса да ешқандай мағына болмайды. Ал толық мағыналы сөзге жалғанғанда, грамматикалық мағына жасайды.

Жалғаулар өзі жалғанатын сөздің ыңғайына қарай жуан не жіңішке болып сәйкеседі. (Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың да өзі жалғанатын сөзге қарай қатаңданып, ұяңданып жалғанады). Мысалы, **anqa** /анқа/ (116)– оған, **belgüge** /белгүге / (117) – белгіге, **tonni** /тонны/ (117)– тонды, **tengrige** /тенгриге / (121) – Тәңірге, **sarajni** /сарайны/ (122)–сарайды, **qulni** қуланды қулны(122)– құлды, **aşdin** /ашдын/ (131)–астан, **yerni** /йерні/ (131)–жерді т.б. Яғни, жалғаулардың жуан, жіңішке нұсқасы бар. Жалғаулар сөз бен сөйлемдердің аралығында әр қилы қатынастарды білдіреді. Жұрнақтарға қарағанда, жалғаулардың өрісі де кең. [1,39] (А.Ысқақов). Тілімізде жалғаулардың төрт түрі бар. Ескерткіш тілінде де көптік, септік, тәуелдік, жіктік, жалғауларының барлығы кездеседі.

Көптік жалғауы. Тілімізде көптік категориясы өте кең қолданысқа ие. Ескерткіш тілінде де көптік жалғауы өте жиі кездеседі. Көптік категориясы үш түрлі жолмен беріледі: лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсіл арқылы. Ешқандай қосымшасыз-ақ тікелей көптік ұғымды білдіретін сөздер бар. Мысалы **su** /су/ (106) – су, **saç** /сач/ (140)–шаш, **yüng** /йүн/ (124)– жүн, **arpa** /арпа/ (104)–арпа, **buydaı** бұғдай(124)–бидай т.б. Көптік ұғымның осылайша тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы берілуін лексикалық тәсіл деп атаймыз [1,40] (А.Ысқақов). Реттік, болжалдық сан есімдер көптік ұғымды білдіретін сөздермен тіркесіп, ешқандай аффикссіз-ақ көптік ұғымды білдіреді. Мысалы, **yetinċi boldi el** /йетінчі болды ел/(142)– жетінші халық болды т.б.

Сөзге қосымшалар жалғану арқылы жасалуын морфологиялық тәсіл деп атайды. Ескерткіш тілінде де қазақ тілінде де көптік ұғымды білдіру үшін үш түрлі морфологиялық форма арқылы жасалады. –ыз, (-із, -з) формасы арқылы көне заманнан бері ұшырасады. Мысалы, **biz** /біз/ (118) – біз, **köz** /көз/ (133)– көз, **siz** /сіз/ (140) – сіз сөздерінде ғана кездесіп, олардың

бөлінбейтін бөлшегіне айналған. Аталған –з (-ыз, -із) тұлғасы алғашында көптік жалғау емес, жұптық мағына беретін қосымша болған [1,41] (А.Ысқақов).

Екінші түрі көптік мағынаны беретін морфологиялық форма –лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер) екені белгілі. Ескерткіш тілінде -лар, -лер қолданылады. Мысалы, **barča erenler** /барча еренлер/ (140) – барлық ерлер, **diwler** /дівлер/(142)– жындар, **malning iyileri** /малның ійілері/ (127)–малдың иелері т.б.

Ал қазіргі қазақ тілінде көптік жалғауының барлық нұсқалары сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан я жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы, адамдар, келіндер, құрылысшылар, жүргізушілер т.б. Қолжазба тілінде көптік жалғаулары буын үндестігіне қарай -лар, -лер түрінде келеді. Мысалы, **a. ičištiler tengri atı birle** |ант ічістілер тенгри аты бірле|(102)– олар Тәңірдің атымен ант ішушілер, **'ahd qilištılar** /ахд қылыштылар/ (103)–өзара міндеттеушілер, **u. a. b. erenlerni** |урды алар барча еренлерні|(125)– барлық ерлерді ұрды, **barča xatunlar** / барча хатунлар/ (127) – барлық әйелдер, **malning iyileri** /малның ійілері/ (127) – малдың иелері.

Көптік жалғауының -тар/-тер, -дар/-дер нұсқаларының да пайда болу тарихы әріде жатыр. Түркі тілдері дамуының диахрония дәуірлерінде бірыңғай жуан дауыстылар мен қатаң дауыссыздар болғанын, синхрония дәуірлерінде жіңішке дауыстылар мен ұяң дауыссыздар тілдік өмірге келген. Сонда т>д, а>е фонологиялық өзгерістерін диахрония мен синхрония жемістері деп тануымызға тура келеді. Демек, санамаланған алты варианттың түпкі тегі (архетипі) -тар екендігінде дау жоқ. Өңгіменің барлығы осы вариант төңірегіне шоғырлануы оның түпкітек болғандығынан деп түсінген жөн. Бұл жайтты да ескермеске болмайды. Көптік жалғауларының даму тарихы қысқартып айтқанда осындай.

Тәуелдік жалғаулары – сөзді қатынасқа түсіретін қосымшаның бір түрі. Тәуелдік жалғау заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді. Тәуелденетін зат 3 жақтың біріне меншікті болып тұрады. Сол себепті, тәуелдік жалғауының 3 жағы және әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады.

I жақ жекеше түрінде –**ым,menim başım janım bolsun** /менім башым жаным болсун/(100)–басым жаным үшін. Ал көпше түрде -**умыз: bizim qulumiz** /бізім қулуымыз/ (118)–біздің құлымыз.

II жақ жекеше түрінде -**ың** тұлғасында кездеседі. Мысалы, **sening basıng janıng ücün** /сенің башың жаның үчүн/ (134)– сенің басың жаның үшін .

III жақ жекеше және көпше түрде -сы, -ы жіңішке формада -сі, -і түрінде кездеседі. **oqšatti ani atasıya** /оқсатты аны атасыға/ (95)– оны әкесіне ұқсатты, **kelening eki qulayı arasında urdı** /келенің екі құлағы арасында урды/ (96) – малдың екі құлағының ортасына ұрды, **kelening uçaşı yaıır boldi**

/келенің учашы йағыр болды/ (96)– малдың арқасы жауыр болды, **auç içi** /ауч ичи/ (97) – алақанның іші, **malning iyileri** /малның ійілері/ (127)–малдың иелері т.б.

Сөздер жекеше түрде де көпше түрде де тәуелдене алады. Егер сөз жекеше түрде тәуелденіп тұратын болса, зат бір ғана адамға я затқа тәуелді екендігі білінеді. Егер, зат көпше түрде тәуелденіп тұрса, яғни, бірнеше зат я құбылыс бір адамға ғана меншікті екенін білдіреді. Тәуелденудің бұл түрі оңаша тәуелдену деп аталады [110,50].

Ескерткіш тілінде тәуелдік жалғауының бірінші, екінші, жақтарынан гөрі үшінші жағының өрісі кең. Себебі, бірінші және екінші жақтың қосымшалары өздері жалғанған сөзді тек бірінші я екінші жаққа тәуелді етсе, үшінші жақтың қосымшасы өзі жалғанған сөзді тек үшінші жаққа ғана емес, жалпы жақтарға тәуелді етеді.

Сонымен, көне және қазірге түркі тілдерінде тәуелдік жалғауының шығу төркіні жайлы нақты деректер берілмеген [114,83]. Ал М. Танаков «Тәуелдік жалғауларының арғы негізі жіктеу есімдіктері» деген пікірді жоққа шығармайды [115,1].

Жіктік жалғаулары – баяндауышқа ғана тән жалғау. Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Жіктеу категориясы – қазіргі қазақ тілінде тек етістікке ғана тән қасиет емес, баяндауыш болып қызмет атқара алатын өзге де сөз таптарына, соның ішінде, есімдерге де тән қасиет.

I -дым, -дім бірінші жақтың жуан және жіңішке формалы жалғауымен жасалады: **aylaq qıldim filan kişi birle** /ағлақ қылдым філан кіші бірле / (96) – осындай адаммен байланыстым, **öçüm aldım öldürgendin** /өчум алдым өлдүргендін/ (97) – өлтіргеннен өшімді алдым, **aylaq qıldim filān kişi birle** /ағлақ қылдым філан кіші бірле/ (96)– осындай адаммен байланыстым.

II Байқағанымыздай, жіктік жалғауының екінші жағында қосымша келе бермейді. Тек екінші жақтағы жіктеу есімдікті негізге ала отырып жасалғанын аңғардық. **Мысалы, sen xatun** /сен хатун/(132)–сен әйел, **s. er**/ сен ер/(132)–сен ер т.б.

III **'imar qildī asbabnī** |имар қылды асбабны/(93) – мал мүлікті жабдықтады, **adap ögrendi** /адап өгренді/ (94) – әдеп үйренді, **keltür** /келтүр/ (95) – келтір. Көпше: **aqladılar** /ауладылар/ (93) – аулады, **köreštiler** /көрештілер/ (94) – күресті, **ülešdiler oljanī** /үлешділер олжаны/(94) – олжаны бөлді.

Сөздік тілінде септік жалғаулары өте жиі кездеседі. Жалғаулар сөздің жекеше және көпше, тәуелдік формаларына жалғанады. Қолжазбада жай септелу мен тәуелдік септелудің арасындағы айырмашылық жоқ деп айтуға болады. А. Байтұрсынов септік категориясы тұрғысында: «Қазақ тіліндегі септік жалғаулары сөздердің үйлесуіне сеп болады. Олар алты септікке бөлінеді және бес жалғауы бар: атау, ілік (-дың), барыс (-ға), табыс (-ды), жатыс (-да), шығыс (-дан)», бірақ көмектес септікті атамаған [116,110 б.]. К. Ахановтың пікірінше, «Әр септіктің өзіне тән мағынасы мен формасы

болады, бірақ олардың бірде-бірі өздігінен грамматикалық категорияны, атап айтқанда, септік категориясын жасай алмайды және дербес грамматикалық категория ретінде таныла алмайды да септік категориясы күллі септіктердің мағыналары мен формаларының жиынтығынан, қалыптасқан жүйесінен құралады» [90,41 б.]. Зат есімнің барлық септіктегі парадигмасы ғана септік категориясын құрайды. Қазақ тіліндегі септік категориясын құрайтын жеті септіктің әрқайсысының өзіне тән мағыналары бар. С. Исаев: «Қазіргі қазақ тілінде жеті түрлі септік жалғау бар. Бұл септік жалғаулар өзіне тән грамматикалық мағына білдіріп, сөйлемде тиісті қызмет атқарады», - дейді [117, 81 б.]. С. Исаев септік жалғауларының мәнін ашатындай тұжырымды бір анықтама беру қиын деп есептейді, өйткені септік жалғаулары зат пен қимыл, зат пен зат, зат пен сын арасындағы субъекті-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктілік, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық тәрізді алуан түрлі қатынастарды жүзеге асырады. Бұл қатынастарды кейде өзі тікелей ұйымдастырса, кейде тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауымен байланысып барып атқарады. Осы қызметтеріне орай, С. Исаев қазақ тілі грамматикаларында септік жалғауына берілген анықтамаларды сараптай келе былайша түйіндейді: «...септік жалғауларына (категориясына) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себепмақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады. Септік жалғау жүйесінің басқа жалғаулардан құрделілігі де осында» [88,65 б.].

Атау септігінің арнайы грамматикалық ерекшелігі жоқ. Атау септігі өзге септіктерге негіз болады. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан атау септігінің грамматикалық формасы нөлдік формада [137,208]. Атау септігінің арнайы тұлғасы ескерткіш тілінде ғана емес, қазіргі барлық түркі тілдерінде кездеспейді. Бірақ атау септігінің заттық мағына беретін грамматикалық мағынасы, нөлдік формасы, грамматикалық субъектіні сипаттайтын синтаксистік қызметі бар. Сондықтан да «атау септік деп септік жалғауларының басына қою, сөзге септік жалғауларының грамматикалық табиғатын тану үшін аса қажет, өйткені барлық септік жалғауларына негіз болатын сөз» [118]. Атау септігі жекеше, көпше және тәуелдік тұлғаларында кездеседі. Мысалы, **xatun** / хатун/ (105) – әйел, **yulduz** /йулдуз/ (106) – жұлдыз, **uça** /уча/ (106)–кәпір, **iş** /берк / (113) –іс, **quşlar** / қуслар / (93) – құстар, **xatunlar** /хатунлар / (125) – әйелдер, **çelbek tabası** челбек табасы(132) – шелпек табасы, **böri balası** /бөрі баласы/ (134)– қасқырдың бөлтірігі т.б.

Жеті септіктің ішінде атау септігінен басқа септіктердің барлығының грамматикалық көрсеткіші бар. Атау септігін барлық зерттеуші ғалымдар басқа септік тұлғаларына негіз болатын форма ретінде қарастырған. Сондықтан барлық түркологиялық әдебиеттерде атау септігі негізгі септік

(основной падеж) дейді. Атау септігінің формасы, бір жағынан, басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып, ажырату үшін қабылданған негізгі форма болса, екінші жағынан, ол тек белгілі бір затты атау үшін ғана емес, онан әлдеқайда кең грамматикалық қызмет атқаратындықтан, арнайы талдайтын негізгі форма ретінде қаралады. Септік жалғауларының мағыналық құрылымын

Ілік септігінің мағынасы иелікті, меншікті білдіреді. Ілік септігі тәуелдік жалғауымен тығыз байланыста дамыған. Қазіргі қазақ тілінде ілік септігінің жуан және жіңішке нұсқалары қатар қолданылады. Сондай-ақ, дыбыс үндестігінің әсерінен қатаң дыбысқа аяқталған сөздерге қатаң нұсқасы, ұяң, үнді дыбыстарға аяқталған сөздерге ұяң дыбыстардан басталатын нұсқалары жалғанады. Ал біз қарастырып отырған қолжазба тілінде бұл заңдылық сақталмаған. Мысалы, **qulaqning yimshaq eti** /қулақның йымшақ еті/ құлақтың жұмсақ еті, **qanning dayi yashning sacraqani** /қанның дағы йашның сачрақаны/ (135) – қанның тамшысы мен жастың шашырағаны. **qamursqaning yumutqasi** /қамурсқаның йумутқасі/ (136)–құмырсқаның жұмыртқасы, **tonning keseki** /тонның кесекі/ (141)–тонның бөлігі, **tiriklikning yaxshiliqi** /тириқлиннің йахшылығы/(100)–өмірдің жақсылығы, **aning duası** /аның дуасы/ (100)–оның дұғасы.

Ескерткіш тілінде ілік септігі тұлғасының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де жиі кездеседі. Мысалы, **adina mesjidi** /адіна месжіді/ (96)– жұма мешіті, **ayiz idi** /ағыз іді/(99) – ауыз иісі, **ayiz suyı**/ағыз суы/(100)–ауыз суы, **ayiz uci** /ағыз учы/ (100) – ауыз іші, **teri ici** /тері ічі/ (104) – тері іші, **arслан balası** арслан баласы (106)–арыстанның күшігі.

Қимылдың, әрекеттің бағытын, мерзімі мен мөлшерін және мақсатын білдіретін септік түрі – барыс септігі. Орта ғасырлардағы ескерткіш тілінде барыс септігінің формасы –қа, -ға, -га, -ге формада кездеседі. Барыс септігі қолжазба тілінде жай септелу мен тәуелдік септелуде де дауыссыз дыбыстардан кейін –қа (-га), -ке, ал дауысты дыбыстан кейін –ға, -ге (ге)формасында қолданылады. Мысалы, **aqqa ogrenen** /аңқа өгренген/ (93) – арқаға өңгерген. **oqsat[t]i atasıya** /оқсатты атасыға/ (95) – атасына ұқсатты, **mengzedi anga** /меңзеді анга/ (95) – оған ұқсатты, **a.tengrige** /ант тенгриге/(102) – Тәңірге ант.

Сөйлемде табыс септігіндегі сөздер сабақты етістікті құрап, тура толықтауыш қызметін атқарады. Ескерткіш тілінде табыс септігі жалғауы – ны, -ні түрінде екі фонетикалық формада ғана кездесіп отырған. Мысалы, **a. qildi er xarab yerni** /абадан қылды ер хараб йерні/ (93) – ер адам қиранды елді көркейтті, **a.q. ani er** /абадан қылды аны ер/ (93) – ер оның жағдайын жақсартты, **a. kelesni** /аулады келесні/ (93) – кесіреткіні аулады, **a. susarni** /аулады сусарны/ (93)–сусарды аулады, **a. ani** /аулады аны/ (93) – оны аулады, **a. malni** алды малны (94) – байлықты алды, **keterdi yamanliqni** /кетерді иманлықны/ (94)– имандылықты кетірді, **aldi borchni** /алды андын борчны/(94) – қарызды алды.

Табыс септігінің жалғауы жасырын тұрып, нөлдік формада кездеседі. Мысалы, **Jan alquči** /жан алқучи / (100)–жан алушы, **aritti altun** /арытты алтун/ (104) – алтын тазартты.

Жатыс септігі ортағасырлардағы ескерткіштер тілінде де заттың, құбылыстың, қимыл-әрекеттің мерзімін, көлемін, мекенін білдіреді. Осыған байланысты сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш және баяндауыш та болады. Ескерткіш тілінде жатыс септігі буын үндестігінің ерекшелігіне қарай -да, -де болып екі түрлі фонетикалық нұсқада қолданылғанын байқадық: **kelening eki qulayı arasında urdi** /келенің екі қулағы арасында урды/ (96) – малдың екі құлағының ортасына ұрды, **saraida turyan** /сарайда тұрған/ (110) – сарайда тұрған, **aldadi anı satıqda** /алдады аны сатықда/ (98) – оны саудада алдады.

Шығыс септігі қимылдың, әрекеттің шыққан орнын, себебін, мезгілін, орнын білдіреді. Ескерткіш тілінде шығыс септігінің қосымшасы -тын,-дын, -дін формасында кездеседі. Мысалы, **dostliqdin berdi anqa neme** /достлықдың берді анқа неме/(103) – оған достықтан бір нәрсе берді, **šefa'at tiledi andin** /шефаат тіледі андын/ (105) – одан шапағат сұрады, **surdi andin** /сурды андын/(107)–одан сұрады, **ziyaret qilmaq tiledi dostin** /зиарет қылмақ тіледі достындын(106) – досынан отыра тұруын сұрады, **tamdin bir kesek** тамдын бір кесек (110)–үйден бір кірпіш, **endürdi anı qoryandin** /ендүрді аны қорғандын/ (114)–оны қорғаннан түсірді, **bereket tiledi andin** /берекет тіледі андын/ (117)–одан береке сұрады, **andin bizardur men** /андын бизардур мен/ (118)–мен одан жиіркенемін.

Көмектес септігі қолжазбада бирле, биле септеулік шылауларының тіркесуі арқылы жасалады: **körešti aning birle** /көрешті аның бірле/ (93) – онымен бірге жауласты. Омен күресті, жауласты, **q. a. filān iş birle** /қорқутти аны филан ис бирле / (96) – Оны бір іспен қорқытты, **ant içti tengri birle** /ант ічті тенгри бірле/(102)–Тәңірі атымен ант берді, **dostliq qildi aning birle** /достлық қылды аның бірле/ (103) – онымен дос болды, **dostlaštı aning birle** |достлашты аның бірле| (103)–онымен достасты.

Бирлә, бирле тұлғалары XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінде көмектес септік мәнінде жұмсалған [119,40 б.].

Ескерткіш тіліндегі септік жалғауларының барлығы екі фонетикалық варианттан тұрады (көмектестен басқа). Жай септеу мен тәуелді септеуде айырмашылық жоқ. Тек III жақ тәуелдік жалғаулы сөздерге септік жалғаулар **-н** дәнекері арқылы жалғанады.

2.3 Әз-Замашаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің сөз таптары

Сөз – жаратылыстағы заттар мен құбылыстардың атауы. Әрбір сөз заттың атын, әрекетті, бейнені, түр мен түсті, мезгіл мен мекенді және т.б. ұғымдарды атау керектігінен туындайды.

Тілімізде сөздің құрылысы күрделі. Сөздің ішкі құрылымында бірнеше мағына болуы мүмкін. Адам миындағы ұғымның атау ретінде таңбалануы сөзді дұрыс пайдалануға алып келеді. Ойды нақты жеткізу үшін сөзді мағыналық жақтан қараудың мәні мен қабылдау қажеттілігі басты орында болады.

Тіл білімінде сөз таптарын кешенді түрде зерттеген ғалымдар: В.В.Виноградов, А.А.Шахматов, Ф.Ф.Фортунатов, Л.В.Щерба, О.П.Суник, А.А.Реформатский, И.И.Мешанинов, В.А.Жирмунский қарастырса, отандық тіл білімінде А.Байтұрсынов, К. Аханов, М. Оразов, Ә. Керімұлы, Ы.Е. Маманов т.б. ғалымдар кешенді зерттеу жүргізді.

Тілдегі сөздерді жекелей алып қарастыру мүмкін емес. Сөздерді морфологиялық құрылымы арқылы жіктеп, бірізге салып анықтау орынды. Әр сөздің өзіндік ерекше белгілеріне қарай анықталады. Мысалы, ағаш, отыр, кел, сағат, қызыл, әдемі сөздерін алып қарайтын болсақ, лексикалық терең мағынасы мен ортақ грамматикалық мағынасына назар аударамыз. Ағаш – далада өсетін үлкен өсімдік; кел – белгілі бір нысанның қозғалыс бағыты, қызыл – түс, белгілі бір заттың не құбылыстың беретін реңк түрі. Бұл – әрбір атаудың білдіретін мағынасы. Ал, ағаш, сағат – зат атауы, отыр, кел – іс-әрекет, қимылды білдіреді. Демек, тілде қанша сөз болса, барлығының ішкі құрылымын, жалпы грамматикалық мағынасын біліп сөз таптарына топтастыра аламыз.

Тіл білімінде сөз таптары күрделі сала болып табылады. Демек, сөз таптарына сөздердің мынадай белгілеріне қарап топтастырылады:

- белгілі бір морфологиялық категорияның болуы;
- сөздерде ортақ белгілі бір абстрактілі мағынаның болуы;
- негізгі синтаксистік қызметінің бірдей болуы;
- ортақ морфологиялық түрлену жүйесінің болуы.

Сөздерді сөз таптарына топтастырып, зат атауларына – зат есім, сын атуларына – сын есім, сан атауларына – сан есім, қимыл атауларына – етістік деп бөліп, оларға атау беріп, ұлттық дүниетанымымызға сай белгілеп, ғылыми терминмен атап көрсеткен ғұлама ғалым – А.Байтұрсынұлы. Ғалым зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті білдіретін лексика-грамматикалық мағынасына сай – атауыш сөздер деп, ал үстеу, одағай, демеулік, жалғаулықтарды – шылау сөздерге бөлген.

Ал белгілі ғалым А.Ысқақов сөз таптарын семантикалық және грамматикалық ерекше белгілеріне қарай атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер деп жіктейді [120,126 б.] . Сөздерді таптастыруда ерекше пікір айтқан – С.Исаев. Ғалымның пікірінше, «Сөздерді сөз таптарына бөліп қарағанда, әртүрлі белгілері арқылы анықталмай, сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізінде, жүйелі принциптер айқындалуы керек » , – деп тұжырымдады [121, 290 б.]. Тіліміздегі барлық сөздердің қатары белгілі бір сөз табында жатуы тиіс деп, сөз таптарын былайша жіктейді: зат есім,

сын есім, сан есім, есімдік, етістік, еліктеуіш сөздер, одағай, шылау және модаль сөздер.

Н.Оралбайдың «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты оқулығында орыс тіліндегі зерттеулерге сүйене отырып, сөздерді үш топқа бөліп қарастырады. Олар: атауыш, одағай және көмекші сөздер деп көрсетіп, атауыш және көмекші сөздердің өзіне тән ерекшеліктеріне кеңінен тоқталып өтеді [122, 49-59 бб.]. Ғалым тілімізде тоғыз сөз табы бар екенін айта келіп, модаль сөздердің жеке сөз табы бола алмайтынын былай түсіндіреді: «Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдік көрсеткіш болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қалпында қалады және олардың саны аз» [122, 63 б.].

Тілде кездесетін кез келген сөз бір ғана сөз табына қатысты болады. Сөз таптарына кіретін топтардың өзіндік ерекшелігі бар. Сөз таптарына бөлудің мақсаты – лексикалық мағынасының ерекшелігі мен грамматикалық мағынасын тану. Десе де, сөз таптарының арасында үлкен шегара жоқ. Тіл үздіксіз дамып отыратындықтан, кейбір сөздердің мағынасы тарылып не кеңейіп екінші бір сөз табына ауысып отыруы мүмкін.

Сөздердің шығу тегі мен өз алдына сөз табы болуы үшін олардың қазіргі құрамы мен құрылысын, басқа сөздермен тіркесе алу қабілетін, мағынасын ескеру қажет. Осындай даму нәтижесінде кейбір сөздер мағынасы тарылып не кеңейіп басқа сөз табына ауысып та отырады. Бұл бірден болатын процесс емес. Тіпті ұзақ ғасырларға созылатын жағдай болуы да мүмкін. Жалпы, ескерткіш тіліндегі сөз таптары қазіргі түркі тілдеріне өте жақын. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін сөз таптарының барлығы дерлік біз нысанамызға алып отырған ортағасырлық туынды «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің тілінде кездеседі.

Белгілі бір тілдегі сөздерді сөз таптарына топтастыруда сөздердің табиғаты мен өзіндік ерекшелігін білу өте маңызды. Жеке тілдердегі немесе тілдердің тобындағы сөз таптарын айқындауда сол тілдердің немесе тілдер тобының грамматикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, сөз таптарының жалпы категориясына негізделу қажет [78,65 б.].

Сөз таптарының ішінде грамматикалық құрылысы, семантикалық сипаты жағынан ерекшеленетін сөз табының бірі – **зат есімдер**. Бізді қоршаған дүниедегі заттар, заттық ұғымдар мен оқиғалардың атын білдіретін есімдер тобына жататын сөз табы. Зат есімнің тағы бір ерекшелігі–мағыналық және құрылымдық тобын анықтауға болады.

Ал ғалым А.Ысқақ: «зат есімдер заттық ұғымды білдіретіндіктен, іштей нақтылық пен абстрактілік, жалпылық және даралық, жекелік және топтық сияқты семантикалық категорияларды қамтитынын айтып, олардың ішінен адамзат және ғаламзат есімдерін, жалқы есімдер мен жалпы есімдерді, көптік мәнді есімдерді семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар мағыналық топтар»,– деп көрсетеді [120,89]. Зат есімдерді адамзат және

ғаламзат есімдері деп бөліп, кім? және не? сұрағына жауап беретін сөздерді кешенді талдайды.

Айналадағы заттарды, құбылыстарды тану мен олардың санадағы концептуалды моделін жасау зат есімдер тобын құруға негіз болған [91]. Зат есімдер заттар мен заттық ұғымдарды жалпылама түрде және жеке дара аталуына қарай жалпы есімдер және жалқы есімдер болып бөлінеді.

«Қазақ грамматикасының» (2002) зат есімдерді лексика-грамматикалық жағынан жалпы және жалқы, адамзат және ғаламзат, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді, экспрессивті-эмоционалды реңі бар топтарға бөлген [118,56]. Бізді қоршаған әлем, жанды-жансыз құбылыстардың барлығының жеке атауы бар. Әрбір заттың бейнесіне ат беріп, айдар таққан – халық. Өзінің ойлау дәрежесіне, ұлттық ерекшелігімізге қарай әр зат атау алған.

Сонымен, зат есімдердің мағыналық топтарына қатысты ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып, ескерткіш тіліндегі зат есімдерді мынадай мағыналық топтарға бөлеміз: а) жалқы және жалпы, ә) адамзат және ғаламзат атаулары, б) деректі және дерексіз, в) дара және күрделі, г) эмоция-экспрессивті мәні бар ғ) көптік мәнді есімдер реңдік мәнді есімдер.

Тіліміздегі зат есімдер мағыналық жақтан бір саласы адам атаулары екінші саласы адамнан басқа барлық заттық атауларды жатқызамыз. Аталған екі топтың біріншісіне қатысты сөздердің барлығына кім? деген сұрақты қоямыз да, екінші топтағы сөздердің барлығына не? деген сұрақты қоямыз. Адамға қатысты атауларды адамзат есімдері деп атау береміз. Адамзат есімдеріне А.Ысқақов :«адам атаулымен байланысты ұғымдардың аттары жататындықтан, оларды осы мағыналық ерекшеліктеріне қарай адамзат есімдері деп атаймыз», – дейді. [120,138 б.]. Мысалы, ескерткіш тіліндегі зат есімдерді осы айтқан тұжырымдарды басшылыққа ала отырып төмендегідей топтарға бөлеміз: **туыстық атаулар: xatun** /хатун/ (105) – әйел, **kelin we yenge** /келін ве йенге/ (118) – келін мен ене, **eren**/ ерен/(125) – ер, **er** /ер/(132)– ер, **kişiler**/ кішілер/ (138) – адамдар.

Кәсіп иелері: altançi /алтанчы/(99) – (100)–алтын ісінің шебері, **düşman** /душман/ (126)– дұшпан.

Лауазым атаулары: wezir /везір/ (102)–уәзір, **qul** / қул/ (109)–құл, **bahadur** /баһадүр/ (115) – батыр, **tanuqlar** / тануқлар/(127)– куәгерлер, **çerik begi** черік бегі(132) – әскербасы, **sultan**/султан/ (137)–султан, **хан** /хан/(138)–хан.

Ғаламзат атауларына – адамнан өзге барлық жануарлар мен дүниелік заттар және нәрселердің атауларын жатқызамыз. Не? деген сұраққа жауап беретін сөздерді ,яғни, ғаламзат атауларын деректі және дерексіз заттық ұғымдар деп екіге бөлеміз. Деректі зат есімдер – қолмен ұстап, көзбен көруге болатын зат атаулары:

Жан-жануарлардың, құстардың, жәндіктердің атаулары: ökük / өкүк/ (143)– өгіз, **kele** /келе/ (96) – мал, **at** /ат/ (94) – ат, **buyüning buzaui** /буғуның бузауы/ (124)–бұғы бұзауы, **bit** /бит/ (123)–бит,

keles/келес/(93)–кесіреткі, **susar**/сусар/(93)–сусар, **quş** /куш/(93)–құс, **qarluyaç** /қарлуғач/ (121)–қарлығаш, **хорос** /хорос/(121)–қораз, **majmun** /маймун/ (115)–маймыл, **tewe** /теве/ (120)– түйе, **arslan balası** /арслан баласы/(106)–арыстанның күшігі, **qaçır** /қачыр/(130)– қашыр, **ta’uq** /тауқ/(123) – тауық т.б.

Өсімдік атаулары: **tariy** /тары/(102)–тары, **buydaj** /буғдай/ (124)–бидай, **çeçeklendi yıyaç** /чечекленді йығач/ (131)–ағаш гүлдеді, **арпа** /арпа/ (104)–арпа, **arçı** /арчы/ (104)–арша, **üzüm** /үзүм/ (120)–жүзім, **ot** /от/ (101)–шөп, **bürlügeç** /бүрлүгеч/ (128) – бүлдірген т.б.

Ас пен ішімдік атаулары: **etmek**/етмек/(130)– нан, **çayır** /чағыр/(121)–шарап, **süt** /сүт/ (106)–сүт, **bışlaq mayası** /бішлақ майасы/(119) – ірімшік ашытқысы, **et** /ет/(120)– ет, **su**/су/ (94) – су т.б.

Демек, адамнан басқа барлық тіршілік иелері мен заттық ұғымдардың атауларын түгел қамтитын зат есімдерді ғаламзат есімдері деп атаймыз. Олар не? деген грамматикалық сұрауға жауап береді [,138 б.]. А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі». 2 басылым. – Алматы: Ана тілі, 1991. –381 б.

Дерексіз зат есімдер – қолмен ұстап, көзбен көруге келмейтін, ой мен сана деңгейінде сезілетін ұғымдар. Мысалы, **qorqunç** /қорқунч / (108) – қорқыныш, **köngül** /көңүл/ (108) – көңіл, **sewinç** /севінч/(114)–қуаныш, **qayıu** / қайғу/ (94) – қайғы, **bilik** /білік / (94)– білік, **tedbir** /тебдир/ (113) – ақыл, **beşilliq** /бешиллик/ (113) – сараңдық, **sabiri** /сабыры (139)–сабыры /сабыры/ (139)–сабыры, **mekr** /мекр / (105)– қулық т.б.

Тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін атаулар жалпы есімдер деп аталады. Мысалы, **burçaq** /бурчак/ (125)–бұршақ, **tuwaq** /тувак/(127) – тымақ, **qazan** /қазан / (128) – қазан, **ton** /тон/ (128) – тон, **daru** /дару/ (129)– дәрі, **tütük** /түтүк/ (129)–перде, **çadur** /чадур / (130)–шатыр, **qazuq** /казуқ/ (130)– қазық т.б.

Ал белгілі бір затты арнайы даралай айтатын ұғымды жалқы есімдер деп атаймыз. Ғалым Ш.Бектұров: бірнеше заттың ішінен дараланған жеке нәрсенің арнаулы атын білдіретін сөздер жалқы есімдер деп аталады, –дейді [123,83 б.]. . Ескерткіш тілінде ономастикалық атаулар мүлде кездеспейді десек артық емес. Яғни, кісі есімдері, өндіріс, қала атаулары мен жан-жануар, өсімдік аттары кездеспейді. Тек Тәңірі сөзі өте жиі ұшырасады. Мысалы, **waqt qoıdı tengri namazqa** /вақт қойды тенгри намазқа/ (130)–Тәңірі намазға уақыт берді, **tirgüzdi tengri ölüknı** /тіргүзді тенгри өлүкні/ (100)–Тәңірі өлікті тірілтті, **tiriklik berdi sanqa tengri** /тіріклік берді санқа тенгри/ (100)–Тәңірі саған өмір берді, **berdi anqa tengri birle dausı üçün** /ант берді анқа тенгри бірле даусы үчүн/ (102) – ол өзінің сот ісіне байланысты оған Тәңірі атымен ант берді, **a.tengrige** /ант тенгриге/ (102)–Тәңіріне ант, **a. içti tengri birle** /ант ічті тенгри бірле/(102)–Тәңірі атымен ант берді т.б.

Зат есімдер құрылымы жағынан дара және күрделі болады. Дара зат есімдер – бір ғана түбірден құралған есімдер. Дара зат есімдер екіге бөлінеді: бірі – түбір зат есімдер, екіншісі – туынды зат есімдер. Түбір зат есімдер –

ешқандай жұрнақсыз тұрған заттық атаулар. Мысалы, **yük** /йүк/ (94)– жүк, **kele** /келе/ (95) – мал, **er** /ер/ (139)– ер, адам, **bulut** /булут/ (139)–бұлт т.б. Ал түбірге жұрнақтар қосылу арқылы туынды зат есімдер жасалады. Мысалы, **aşlıq** /ашлық/ (135)–астық, **öldürgüçi** /өлдүргүчі/ (135) – өлтіруші, **tikkuçi** /тіккучі/ (129) – тігуші, **içküçi** /ічкүчі/ (127) – ішкіш, **bözçi** /бөзчі/ (124) – тоқушы т.б.

Екі я одан көп түбірден құралған зат есімдерді күрделі зат есімдер дейді. Күрделі зат есімдер ескерткіш тілінде көп кездесе бермейді. Күрделі зат есімдердің біріккен, қосарланған, тіркескен түрін кездестіреміз. Мысалы, **bel bay** /бал бағ/ (128)–белбау сөзі қазіргі қазақ тілінде біріккен зат есімге жатса, ескерткіш тілінде тіркескен зат есімдердің құрамына енген. Яғни, бел және бау сөздері тіркесіп келіп, бір мағынаны беріп тұр. Біріккен зат есімдер: **bilezük** /білезүк/ (119)–білезік, **arслан yulduz** /арслан йулдуз/ (106) – арыстан жұлдызы, т.б.

Зат есімнің жұрнақтары есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар және етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар деп екіге бөлінеді. Ескерткіш тілінде туынды зат есім жасайтын мына жұрнақтар кездеседі:

- шы, - ші (ескерткіш тілінде -чы): **auçi** /аңчы/ (93)– аңшы, **altançi** /алтанчы/ (99) – (100) –алтын ісінің шебері, **ik yonuçiñing sanduqu** /ік йонғучының сандуқы/ (108) – құрылысшының сандығы, **bitikçi** /бітікчі/ (118)–хатшы, **çayirçi** /чағырчы/ (121)–шарап жасаушы т.б.

-лық, -лік, -дық (ескерткіш тілінде тек -лық нұсқасы кездеседі): **abadanlıq** /абаданлық / (93)– жайлылық, **bilik** /білік/ (94)– білік, **yamanlıq** /йаманлық/ (94)–жамандық, **alpliқ** /алплық / (97)– батырлық, **dostliқ** /достлық / (103) – достық, **bajliқ** байлық (115)–байлық, **bahadurluқqa** /баһадурлуқ/ (115)– батырлық, **bexüliқ** /бехұллық/ (118)–құмарлық, **qulluқ** /қуллуқ / (120) – құлдық, **aqliқ** /ақлық/ (130) – ақтық, **aşliқ** /ашлық/ (134) – аштық, **aşliқ** /ашлық/ (135)–астық т.б.

Ескерткіш тілінде етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар кездеседі:

-ым, - ім, -с: **ilim** /ілім/ (113)– ілім, **berimlediler** /берімледілер/ (118)–берушілер т.б.

-ық, -ік, -қ: **eşik** /ешік/ (137) – есік, **bilik/білік/** (119)–білік, **bürünçek** /бүрүнчек/ (128) – кимешек т.б.

-ыш, -іш: **qorqunç** /қорқунч/ (108) – қорқыныш, **sewinç** /севінч/ (115)– қуаныш, **köreş** /көреш/ (94) – күрес, **sançış** /санчыш/ (132) – соғыс, **yanqılış** /йанқылыш / (126) – жаңылыс т.б.

-шы,-ші: **öltürgüçi yılan** /өлтүргүчи йылан/ (97)–жылан өлтіруші, **qılıuçi** /қилғучы/ (93) – жасаушы, қылушы, **baqqıluçi** /баққучы/ (96) – бағушы, **tinquçi** /тинқучы/ (102) – демалушы, **satquçi** /сатқучы/ (121)– сатушы т.б.

Сын есімдер.

Есімдер деп аталатын сөздердің ішіндегі зат есімнен кейінгі есесі де, еншісі де молы – **сын есімдер**. Түркі тілдерінде сын есімдерді алғаш сөз табы ретінде қарастырған – Казем-бек. Ғалымның «Түркі-татар тілінің грамматикасы» еңбегінде сын есімнің шырай категориясын да қарастырды. Жалпы тіл білімінде сын есімдерді И.А.Батманов (Части речи в киргизском языке. – Фрунзе, 1936), А.П. Кононов (Грамматика узбекского языка. – Ташкент, 1948), Н.К.Дмитриев (Грамматика кумыкского языка. –М-Л., 1940) кешенді зерттеді.

Қазақ тілінде сын есімді алғаш зерттеушілер–М.Терентьев (Грамматика турецкая, персидская, киргизская), В.В.Катаринский (Грамматика киргизского языка, фонетика, этимология и синтаксис. – Оренбург, 1897) т.б..

Ғалым П.М.Мелиоранский сын есімдерді сырт қарағанда зат есімдерге ұқсатады. Негізгі және туынды түрлерінің қандай жұрнақтар арқылы жасалатынын айтады. В.В.Катаринский сын есімдерді сапа және қатыстық деп екіге бөледі де, қатыстық сын есімдерге тілдегі сын есімдердің орнына қолданылатын қабыса байланысқан сөз тіркестерін жатқызады. Мысалы, ағаш балта, алтын күрек т.б.

Сын есім жөніндегі көзқарастар қазақ зерттеуші ғалымдарының еңбектерінде жүйелі қарастырылды. А.Байтұрсынов сын есімдерді тек сыны және сыр сыны деп екі түрге бөледі. Сыны деп берілген түріне тегіне қатысты сын есімдерді жатқызады: ағаш, күміс, темір т.с.с. Ал сыры мен реңін, түрін, түсін, пішінін, күйін білдіретін сын есімдерге биік, аласа, терең, толық, жасыл т.б. мысалдарды келтіреді.

Ғалым А.Ысқақов сын есімдерді жеке сөз табы деп қарастырады да, мағыналық жағынан сапалық және қатыстық деп бөледі [120,168 б.]. Сапалық сын есімдер заттың әр алуан сыры мен сипатын білдіріп, атап айтқанда, түрін, түсін, сапасын, дәмі мен көлемін білдіреді. Ал қатыстық сын есімдер деп бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-амалдың қатысы арқылы білдіреді [120,168 б.].

Сын есімдердің грамматикалық топ ретінде қалыптасуы зат есімдермен байланысты құбылыс екендігі мәлім. Өйткені бір кездері зат есімдер зат жайлы ұғыммен бірге, сын, сапа жайлы ұғымдарды да бойына жинаған грамматикалық класс болған. Әйтсе де, түркі тілдеріндегі зат есімдер мен сын есімдердің саралануы өте көне дәуірде болған процесс болса керек. Себебі Орхон-енисей жазбаларында бұл екі сөз табының ара-жігі ажырап, сын есім жасаушы аффикстер өз алдына жіктелген топ есебінде көзге түседі [124,179 б.]. Зерттеушілер түркі тілдерінде сын, сапа категориясын білдіретін арнаулы морфологиялық тұлғалар жүйесі болмағандығын, ондай жүйенің тілдің даму барысында басқа жолдармен қалыптасқандығын айтады. Есім және етістік туынды түбірлер қолданыс барысында сын мен сапаны білдіретін сөздер тобы болып, ал туынды түбірлерді жасайтын қосымшалар жүйесі сын есімдер жасайтын қосымшалар ретінде қалыптасты. Бұған ескерткіш тіліндегі, сондай-ақ қазақ тілі мен басқа да түркі тілдеріндегі

қызыл (қыз+ыл), өлі (өл+іг), тірі (тір+іг), кіші (кіш+іг) сөздері о баста етістік түбірден қимыл есім, зат есім жасалған да, осындай құбылыстың нәтижесінде сын есімдер тобында тұрақталған. Яғни, сын есімдер грамматикалық класс болып, лексикалық, семантикалық қолданыс барысында және етістіктердің есім тұлғаларының адъективтенуі арқылы біршама сын есім жасайтын қосымшалар жүйесі де қалыптасты.

Біз қарастырып отырған жәдігерлік тілінде: **čüčük** /чүчүк/ (101) – тәтті, **ala** /ала/(97) – ала, **boz** /боз/ (121)–сұр, боз, **qiryil** /қырғыл/ (121)–сұрғылт, **amraq** /амрақ/ (101) – жақсы, **mezesiz** /мезесіз / (101) – дәмсіз, **mezeliq** /мезелық/(101) – дәмді, **yaman** /йаман/ (102)– жаман, **ariq** /арық/ (105)–таза, **saf** /саф/ (106) – таза, **bexil** /бехил/(113) – сараң, **berk** /берк/ (113)–қатты, берік, **tul** /тул/ (116) – жесір, **čalاک** /чалақ/ (119) – пысық, епті, **boғaz** /боғаз / (120)– буаз т.б. сын есімдер кездеседі.

Сын есімдерді қазақ тілінің грамматикасына сүйене отырып, екі мағыналық топқа бөлуге болады:

Сапалық сын есімдер. Сапалық сын есімдерді де ескерткіш тілінде кездесетін ауқымына қарай бірнеше түрге жіктеуге болады.

а) Заттың түрі мен түсіне байланысты: **ala** /ала/(97) – ала, **boz** боз(121)–сұр, боз, **qiryil** /қырғыл/ (121) – сұрғылт т.б.

ә) Заттың көлеміне, аумағына байланысты сын есімдер: **qışqan** /қышқан / (103) – қысқа, **keng** /кең/ (108) – кең, **uшаq** /ушақ/(120)–кішкентай т.б.

б) Заттың мөлшерін білдіретін сын есімдер: **yуған** /йуған/ (119) – қалың т.б.

в) Заттың сапасын, сыны мен сипатын білдіретін сын есімдер: **amraq** /амрақ/ (101)– жақсы, **mezesiz** /мезесіз / (101) – дәмсіз, **čüčük** /чүчүк/ (101) – тәтті, **mezeliq** /мезелық/(101)–дәмді, **yaman** /йаман/ (102)– жаман, **ariq** /арық/ (105)–таза, **saf** /саф/ (106) – таза, **bexil** /бехил/(113) – сараң, **berk** /берк/ (113) – қатты, берік, **tul** /тул/ (116) – жесір, **čalاک** /чалақ/ (119) – пысық, епті, **boғaz** /боғаз / (120)– буаз т.б.

Қатыстық сын есімдер. Сын есімдердің қосымшалар арқылы басқа сөз табынан жасалатындығы, заттың сыны мен сипатының басқа бір заттың қатысы арқылы жасалатын сын есімнің ерекше түрін айтамыз[]: Мысалы, **biliklik** /біліклік/ (119) – ақылды, **jansiz** /жансыз/ (100) – жансыз, **mezeliq** /мезелық/(101) – дәмді т.б.

Сын есім тудырушы жұрнақтар:

-лы, -лі жұрнақтары есім сөздерден сын есім тудырушы өнімді жұрнақтарға жатады. Біз зерттеп отырған ескерткіш тілінде **-лық** жұрнағы зат есім де сын есім де тудырып отыр. Мысалы, **aciyliq** /ачығлық / (108) – ашулы, **naqışliq** /нақышлық / (133) – кестелі, **saçayliq** /сачағлық / (129) – шашақты.

Есім сөзден зат есім тудырған жұрнақ: **aqliq** /ақлық/ (130) – ақтық, **tökdi aşıqni** /төкді ашықны/ (135) – астықты төкті және т.б.дж

-сыз, -сіз есім сөздерден сын есім жасаушы өнімді жұрнақтың қызметін атқарады. Мысалы, **jansiz** жансыз(100) – жансыз, **sabirsiz**/сабырсыз/ (102) –

сабырсыз, **baxtsiz** /бахтсыз/ (114) – бақытсыз, **tuzsiz** /тузсыз/ (137)–тұзсыз, **mezesiz neme** /мезесіз неме/ (101) – дәмсіз бірдеңе, **xoşnudliq** /хошнудлық/ (114) – көңілді, **sewinçlik** /севінчлік/ (115) – көңілді т.б.

-ғыл, -гіл: qiryil қырғыл (121)–сұрғылт, **qiryil boldi** /қырғыл болды/ (127) – сұрғылт болды.

-ыл жұрнағы әбден көнерген және өнімсіз қызмет атқарады. Қолжазбада сын есім жасаушы -ыл жұрнақтары өте аз кездеседі: **qizil birle** /қызыл бірле/ (133) – қызылмен.

Сын есімнің шырайлары. Заттың сыны мен сапасы үнемі бір дәрежеде бола бермейді. Мысалы, ескерткіш тілінде **qizil** /қызыл/ (133) – қызыл, **qiryil** қырғыл (121)–сұрғылт, **aq** /ақ/ (133)– ақ, **ab aq** /аб ақ/ (129) – аппақ т.б. сөздерінің әр түрлі дәрежеде қолданылып тұрғанын байқауға болады. Заттың түрін, түсін, сапасы мен белгісін, иісі мен дәмінің әрқилы реңдерін шырай дейді (Ш.К.Бектұров Қазақ тілі: лексика, фонетика, морфология, синтаксис. –Алматы: «Атамұра», 2006. –336 б., 95 б). Мысалы, **choqur** /чоқур / (136) – соқыр, **yaman** /йаман/ (102)– жаман, **ariq** /арық / (105) – таза, **tul** /тул / (116) – жесір т.б.

Ғалым Ш.К.Бектұров заттың сынының әр түрлі дәрежеде болуын шырай деп атаймыз десе [123, 95 б]. Г.Сыздықова: заттың бір түрлі сындық белгісінің түрлі дәрежеде болуын білдіретін грамматикалық категория, – дейді [125,53 б.].

Біркелкі сынның я сапаның бір-бірінен артық я кем екенін көрсететін шырайды салыстырмалы шырай дейді. Мысалы, **qiryil** /қырғыл/ (121)–сұрғылт т.б.

Заттың сапасын, көлемін аумағын, дәмін, иісін, т.б. қасиеттерін күшейте түсетін сын есімнің шырайы. Мысалы, **ab aq** /аб ақ/ (129) – аппақ т.б.

Сан есімдер. Есімдер тобына жататын сөз табының бірі болып саналатын сан есімнің өзіндік зерттелу тарихы бар. Түркі тілдеріндегі грамматикалардан бастап сан есімге көңіл бөліне бастады. Бұл грамматикалардың бәрінде де сан есімдер қысқаша болса да сөз болды. Мысалы, Н.И. Ильминскийдің, А. Казембектің, М. Терентьевтің, П. М. Мелиоранскийдің, В.В.Катаринскийдің, С.В.Ястремскийдің, Н.Ф.Катановтың еңбектерінде сан есім жеке сөз табы ретінде қарастырылған. Кеңес дәуіріндегі түркологтар еңбектерінде де сан есім жайында пікірлер бар. Мысалы, А. Боровковтың оқулығында сан есімнің екі түрі көрсетілсе, Н. П. Дыренкованың грамматикасында төрт түрі берілген. Бірақ бұл грамматикаларда сан есімнің семантикалық жақтарына қарай бөлінуін бірінші орынға қойғанмен, ол элементарлы түрде қысқа ғана түсіндіріліп, барлық қолдану ерекшеліктері толық және жан-жақты қамтылмай баяндалған [126, 8 б.].

Ғалым А.Байтұрсынов сан есімдерді есептік, реттік және темілдік сан есімдер деп үш топқа бөледі. Ал А.Ысқақов, Н.Оралбай сан есімдерді

есептік, реттік, болжалдық, жинақтық, топтық, бөлшектік деп алты түрге жітейді. Сондай-ақ «Қазақ грамматикасында» (2002 ж.) сан есімдерді алты мағыналық топқа бөліп қарастырады: есептік, реттік, жинақтық, болжалдық, бөлшектік, топтық.

Сан есімдердің өзіне тән арнайы грамматикалық категориясы жоқ, сондықтан түрленбейтін сөз табына жатады.

Сан есімдер ескерткіш тілінде көп кездеспейді. Санаулы ғана сан есімдер көрініс тапқан. Мысалы, **bir** /бір/ (129) – бір, **eki** /екі/ (137) – екі, **yeti yüz** /жеті йүз/ (142) – жеті жүз, **ming** /мін/ (142) – мың, **qırq** /қырқ/ (143) – қырық. Ескерткіш тілінде сан есімдерге жататын сөздер мағыналарына және тұлғаларына қарай мынадай топтарға бөлінеді:

а) **Есептік сан есімдер: bir kesek** /бір кесек/ (129) – бір кесек, **kağadning bir yüzi** /қағадның бір йүзи/ (131) – қағаздың бір беті, **dapşidï keleni eki ayaqïdin bir ayaqï birle** /дапшыды келені екі аяқыдын бір аяқы бірле/ (137) – екі аяғының біреуін жылқы тепті, **yeti yüz** /жеті йүз/ (142) – жеті жүз, **y. ming** /йеті мін/ (142) – жеті мың, **qırq** /қырқ/ (143) – қырық т.б.

ә) **Реттік сан есімдер.** Түркі тілдерінде **реттік сан есімдер** - ынчы, -інчі қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Ескерткіш тілінде де реттік сан есімдерді морфологиялық құрылысына қарай дара және күрделі деп екіге бөлеміз. Ескерткіш тілінде дара сан есімдер жиі кездеседі: **yetinçi boldï elge** /йетінчі болды елге/ (142) – жетінші халық болды т.б.

б) **Жинақтық сан есімдер.** -лесі қосымшасы -ау, -еу жұрнағының мағынасын береді. Сан есімнің басқа мағыналық түрлеріне қарағанда, жинақтық сан есімдерде заттық мағына басым болғандықтан, сөз түрлендіруші грамматикалық формалардың барлығымен түрлене алады. Ескерткіш тілінде де жинақтық сан есімдер заттанып келіп, септеле алады: **aldadı ekilesini** /алдады екілесіні/ (105) – екеуін алдады, **teng qıldï ekilesini bir birle** /тең қылды екілесіні бір бірле/ (140) – екеуін бір-бірімен салыстырды.

Есім сөз таптарының орнына жұмсалатын сөз табын **есімдіктер** деп атаймыз. Есімдіктерді сөз табы ретінде жалпы қасиеттері мен қалыптасу тарихы, заңдылықтары жөніндегі алғашқы еңбекті Кастерн, В.Шотт, В.Радлов, В.Банг т.б. еңбектерінен кездестіреміз.

Қазақ тілінде есімдіктерге арнайы тоқталып, өз пікірін білдірген ғалымдар аз болмады. Н.Сауранбаевтың «Есімдіктер», Ә.Төлеуовтің «Қазақ тіліндегі есімдіктер», Ш.Сарыбаевтың «К вопросу о местоимении в казахском языке» т.б. еңбектерінде есімдіктердің тарихы, құрамы, мағыналық түрлері қарастырылды.

Ал ғалым А.Ысқақов еңбегінде есімдіктерді заттық ұғымды білдіретін сөз табы деп анықтама береді де, заттық ұғым және заттық белгі деп екі топқа бөледі. Заттың белгісін білдіретін есімдіктер, атрибутивтік: бұл, сол, анау т.б. Заттық ұғымды білдіретін есімдіктер субстантивтік: мен, сен, ол, біз т.б. Сондай-ақ, есімдіктердің мағыналық тобын жеті түрге бөліп қарастырады. Атап айтсақ, жіктеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық

және жалпылау деп көрсетеді. Бұл жіктеуді Ә.Ибатов, Н.Оралбай да қолдайды.

Жіктеу есімдіктеріне жақтық қасиет тән. Ескерткіш тілінде де жіктеу есімдіктері үш жақта кездеседі.

а) Жіктеу есімдігі қолжазба тілінде

Жекеше

I **men** /мен/ (118) – мен

II **sen** /сен/ (132) – сен

siz /сіз/ (125) – сіз

III **ol** /ол/ (95) – оны

Көпше

biz /біз/ (118) – біз

alar /алар/ (105) – олар

Қолжазбада бірнеше септелген **жіктеу есімдіктерін** байқауға болады. Ілік септікте: **menim** /менім/ (100) – менің, барыс септікте жіңішке нұсқалы қосымшаны кездестірмедік. Мысалы, **bizlerға** /бізлерға/ (118) – бізге, ал көмектес септікте -мен, -бен, -пен қосымшасының орнына **бірле** шылауы тіркеседі: **bizim birle** /бізім бірле/ (118) – бізбен бірге. Сондай-ақ табыс септікте -ні қосымшасының актив қолданылатынын байқадық: **sözni** /сөзні/ (94) – уәдесін, **nemeni** /немені/ (94) – затты. Шығыс септікте -дын, -дін қосымшасымен жасалады: **qorqti andin** /қорқты андын/ (96) – одан қорықты, **q. Tengridin** /қорқты Тенгридин/ (96) – Тәңірден қорықты.

Сонымен, жіктеу есімдіктері ескерткіш тілінде саны жағынан аз болғанмен, қызметі жағынан өте жиі қолданысқа ие. Түрлену жүйесі де күрделі.

ә) **Сілтеу есімдіктері.** Сілтеу есімдіктері аралық қатынасты білдіреді. Заттар мен құбылыстардың аралығының қаншалықты жақын не алыс қашықтықта екенін нұсқау, көрсету үшін қолданылатын есімдіктің бір түрі [125, 70 б.]. Ескерткіш тілінде сілтеу есімдіктері көп кездеспейді: **ol** /ол/ (114) – бұл, ол, **bu** /бу/ (117) – бұл сілтеу есімдіктері ұшырасады. Бұл сілтеу есімдіктерінің септелген нұсқалары қолжазбада кездеспейді.

б) **Жалпылау есімдігі.** Белгілі бір заттар мен құбылыстарды жинақтап айту үшін қолданылатын сөздерді жалпылау есімдіктері деп атаймыз [125, 74 б.]. Ескерткіш тілінде **barča** /барча/ (112) – барлық, барша түрдегі жалпылау есімдігі қолданылады. Мысалы, **tutingiz siz barča xatun** /тутингиз сиз барча хатун/ (112) – барша әйелді ұстаңдар. Қолжазба тілінде барлық, түгел сөздері кездеспейді.

г) **Өздік есімдіктері.** Қолжазба тілінде **өздік есімдіктері** кездеседі. Мысалы, **u. kitabni özge kitab birle** /уруштурды кітабны өзге кітаб бірле/ (140) – кітапты өзге кітаппен салыстырды, **yapti özige tonlarni** /йапты өзіге тонларны/ (128) – өзіне тонын жапты, **özge qiliq tutti** /өзге қылық тутты/ (119) – басқа мінезді меңгерді, **aldadi ani ozi sari** /алдады аны өзі сары/ (105) – оны өз пайдасы үшін алдады.

Сонымен, қолжазба тілінде есімдіктер белсенді қолданылған. Есімдіктердің лексикалық ерекшеліктерінде айтарлықтай өзгешелік жоқ.

Заттың іс-қимылын, әрекетін, белгісін білдіретін сөз табы етістік деп аталады. [125, 76 б.]. Ғалым А.Ысқақов: Етістік – тек субъектінің әрекетті емес, табиғат пен қоғамда ұшырасатын адамның абстрактылы ойы мен санасы арқылы туатын неше түрлі амал, әрекеті, қозғалысы мен жай күйі. [120, 222 б.]. Ал Ш.К.Бектұров: заттың қимылы мен амалын, жай-күйін білдіретін сөз табын етістік дейміз. [123, 116 б.]. Сондай-ақ етістіктердің қалыптасуына іргелі зерттеу жүргізген ғалымдар: А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Ы.Маманов, С.Исаев, Н.Оралбай т.б. ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор.

Етістік сөз табының ішіндегі мағынаға да, грамматикалық формаға да бай сөз табы. Қазақ тілінің, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінің сөз байлығының тең жарымына жуығы етістіктер. Сондықтан да түркология ғылымында етістіктердің зерттелуі ерекше орын алады. Тілдің ерекшеліктерін сипаттайтын сөз таптары десек, соның ең күрделісі етістік те ұлт тілі дәрежесіне жеткенше қаншама ғасырлар бойы көптеген сандық, сапалық өзгерістер мен әрқилы, жүйелі құбылыстарды бастан кешірген. Ескерткіш тіліндегі етістіктердің септелуі, жіктелуі, мағыналық түрлері қазіргі тілімізден алшақ емес.

Етістіктер мағынаға да, грамматикалық формаға да бай сөз табының бірі. Сол себепті де түркология саласында етістіктерді зерттеуді көп қажет етеді.

«Мукаддимат әл-Адаб» жазба ескерткішінде ең көп кездесетін сөз табы – етістіктер. Мысалы, **oqša** /оқша/ (95) – ұқса, **gildi** /қылды / (95) – қылды, **qorqtı** /қорқты/ (96) – қорықты, **tiledi** /тіледі / (99)– тіледі, **eglendi** /егленді/ (101)–рахааттанды, **ačry** /ачығ/ (108) – ашу, **aıladı** /аңлады/(93) – аулады, **elt[tj]** /елті / (94)– алып кетті, **aldı** /өғренді/ (94)– алды, **keterdi** /кетерді / (94) – кетірді, **ülešdiler** /үлешділер / (94) – бөлді, **qabul qııyan** /қабул қылған/ (94) – келіскен, қабылдаған, **ögrendi** /адап өғренді/ (94) – әдеп үйренді, **oqšatti** /оқсатты / (95) – ұқсатты, **kirgen** /кірген/ (96) – кірген, **baq[q]uči** / баққучы/ (96) – бағушы, **urdi** /урды/ (96) – ұрды, **qorqtı** /қорқты/ (96) – қорықты, **indedi** /індеді/ (96) – шақырды, **öldürdi bitni**/өлдүрді бітні/(97)– өлтірді бітті, **oldadı** /олдады/(98) – алдады, **yešildi** /йешілді / (98) – шешілді, **yürimek** /йүримек/ (98) – жүрмек, **keldi** /келді / (101) – келді, **tındı** /тынды/ (102) – демалды, **tutti** / тутты / (102) – тұтты, **a. berdi anqa** ант берді анқа(102)–оған ант берді, **berdi** /берді / (102) – берді, **ičdi** /ічді/ (102)– ішті, **tutulıyan** / тутулған/ (103)– байланған, **saldı** /салды/ (103)– салды, **körgüzdi** /көргузди/(103) – көргізді, **qalyan** / қалған / (103) – қалған, **kišnedi** /кішнеді/(103)– кісінеді. **berdi** /берді/(103) – берді. **ber-** беру, **tiledi** / тиледі/ (104) – сұрады, тіледі, **alıšdı** /алышды / (104) – алмастырды, **soıyan**/ сойған/(104) – сойған, **arbadı** /арбады/ (104) – арбады, **arıttı** /арытты/ (104) – тазартты, **qıldı** /қылды / (105)– жасады, **aldadı** /алдады / (105) – алдады, **azyan** /азған/ (105)–кұртылған,бұзылған, **surdı** /сурады / (106) – сұрады, **tedi** теді(107)–деді, айтты, **töküldi** /төкулді/ (107) – төгілді, **qorqqan** /қорққан/ (109) – қорыққан т.б

Етістіктің мағыналық түрлерін ажыратуда түрлі пікірлер айтылды. А.Ысқақов етістіктерді морфологиялық құрылымына қарай жалаң және күрделі етістіктер деп екі топқа бөледі. Жалаң етістіктердің өзін түбір және туынды деп қарастырады. Ескерткіш тілінде жалаң етістіктерді былай топтастыруға болады:

а) **Түбір етістіктер.** Ескерткіш тілінде морфологиялық құрылымы бойынша сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін бастапқы мағыналы бөлігі кездеседі. **ol/ол/**(98) – ал, **tat /тат/** (101) – дәмін көру, тату, **tün /тын/** (102) – демалу, **kişne/кішне/** (103) – кісіне, **te /те/** (107)–де,айтты, **bol/бай бол/** (114) –бол.

ә) **Туынды етістіктер.** Ескерткіш тілінде туынды етістіктер түркі тілдеріндегідей есім және етістіктерге жұрнақ жалғану арқылы жасалады. **dostlaşmaq /достлашмақ/** (103) – достаспақ т.б.

Есім негізді етістіктер мынадай жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

-ла, -ле жұрнақтары. Есім сөзден етістік тудыратын өте өнімді жұрнақ: **auladı /аңлады/**(93) – аулады, **yırladı /ахісте йырлады/** (98)–баяу жырлады т.б.

-лан (-лен, -дан, -ден, -тан, -тен) жұрнақтары. -ла және -н қосымшаларынан құралған құранды жұрнақтар. Ескерткіш тілінде: **acıyları /ачығланды ачығлық кіші/**(108)–ашулы кісі ашуланды, **qullandı anı /кулланды аны/** (122)–кұлдыққа алды т.б.

-лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес) жұрнақтары. –ла, -ле және –с қосымшаларынан бірігіп жасалған есім сөзден етістік тудырушы өнімді жұрнақ. Ескерткіш тілінде лас, лес нұсқасы -ла, -ле түрінде кездеседі. Мысалы, **sözledi sözni /сөзледі сөзні/**(117)– сөйлесті. Ал басқа нұсқалары: **dostlaşmaq /достлашмақ/** (103) – достаспақ т.б.

-а, -е,-й – көне қосымшалардың бірі. Алғашында есім сөзді етістікке айналдыратын қнімді жұрнақ болғанмен, кейіннен алғашқы жалғанған сөздердің аясында ғана қалып қойған. Ескерткіш тілінде де есім сөзден етістік тудырады. Мысалы, **oynadı /ойнады/**(132) – ойнады, **yasaqan /йасақан/**(110) – жасалған т.б.

-ар, -ер, -р көнеден келе жатқан өнімсіз жұрнақ. Мысалы, **aqardı /ақарды/**(130)–ағарды.

Етістер. Қимылдың, іс-әрекеттің нысан мен субъектінің арасындағы қатынасын білдіруімен ерекшеленеді[Г.Сыздықова,80]. Ескерткіш тілінде де етістер кездеседі. Олар дәл қазіргі қазақ тіліндегідей белгілі бір жұрнақтардың көмегімен жасалады. **Өздік етіс** ескерткіш тілінде -ын, -ин, -үн, -н жұрнақтары арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар өздік етістермен қатар ырықсыз етістің формасын да жасайды. Мұны контекстегі мағынасына қарай ажыратуға болады: **sewindi /севінді/** (114) – қуанды.

-н жұрнағын ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан -ні қосымшасымен шығу тегі бір. Жалпы бұл жұрнақтың шығу тегі жайлы нақты

дерек айтылмайды. Сондай –ақ -ыл, -ил, -ул, -үл жұрнақтары түркі тілдерінде етістіктерге жалғанып, ырықсыз етістермен қатар өздік етіс қызметін де атқарады.

Ырықсыз етіс. Қазіргі қазақ тіліндегі сияқты **-ын, -ин, -үн, -н** жұрнақтары өздік етіспен қатар ырықсыз етіс те жасайды: **qajnardin** /қайнардын/(109)–қайнату. Ғалым М.Оразов М.Қашқари сөздігінде бұл қосымшаның өзгелік етіс те жасағанын айтады [96,44]. **Qobarildi** /қобарылды/(122) – қопарылды, **egildi** /егілді/ (123) – бүгілді, **töküldi yamyur** /төкүлді йамғур/(135) – жаңбыр төгілді, **teşildi terisi** /тешілді терісі/(137) – терісі тесілді, **töküldi yaş** /төкүлді йаш/ (107) – жас төгілді, **tirildi** /тірілді/ (100) – тірілді.

Өзгелік етіс. -т аффиксі тарихи тұрғыдан алып қарағанда, өзгелік етіс көрсеткіштерінің көне түріне жатқызамыз [96]. «Мукаддимат» тілінде буын үндестігіне байланысты -т, -ыт, -үт түріндегі фонетикалық нұсқаларда жұмсалады: етістік түбірге жалғанып, амалдың басқа субъект арқылы жасалынғанын білдіреді: **aritti altun** /арытты алтун/ (104) – алтын тазартты, **butratti**/бутратты/ (126) – айырды, **aqarti** /ақартты/ (131) – ағартты

Зерттеуші В.Котвич -т өзгелік етіс жұрнағын де көмекші етістің негізінде пайда болған дейді[127, 200 б.]. Ал тілші ғалым Б.Сағындықұлы ет көмекші етістігінің негізінде -т жұрнағы пайда болған деп көрсетеді [128,110 б.].

Өзгелік етіс жасаушы -ғуз, -гиз құранды жұрнақтар. Көне түркілік қимылды білдіруші -қ және -ғ (-қы, -ғы) жұрнақтары мен өзгелік етіс жасаушы жалғыз -з жұрнағының (тамыз, еміз) бірігуінен туған. Мысалы, ескерткіш тілінде, **turyuzdi süngüni** /турғузды сүнгүні/(109)–найза қойғызды, **turquzdi ani** /турқузди аны/(109) – оны тұрғызды.

Бірақ -з мен жоғарыдағы –тур, -түр жұрнақтарының құрамындағы **-р** элементтерінің шығу тегі бір болуы мүмкін. Өйткені, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен Қашғаридің еңбегінде бұл қосымша **-қур, -гүр, -қыр, -кир** нұсқасында келеді. Мәселен, *ол евгә битиг откирди (ол үйге хат өткізді)* [129,226 б.]. Қашғаридің сөздігінде –тур жұрнағының -туз, -дуз нұсқалары да кездеседі: *ол маңа иш билдүзди (ол маған іс жүргізуді үйретті)* [129,99]. Демек, «Мукаддимат» тілінде де **-ғуз, -қуз** формалары ғана кездеседі. Түбірге жалғанып, өзгелік етіс мәнін үстейді:

Сонымен қатар, -дур, -тур, -түр, -дүр, -дер жұрнақтарының да Орхон жазбаларынан алдын пайда болған деп есептейді. Ескерткіш тілінде тек еріндік дауыстылар -дур, -тур, -түр, -дүр қолданылған.

Зерттеушілер **-тур, -түр, -дур, -дүр, -дер** өзгелік етіс жұрнақтарының Орхон жазбаларынан бұрын пайда болған деп есептейді. Орхон-енисей жазбаларында **–тур, –түр** формаларында кездесетін бұл аффикс түркі тілдерінде фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі нұсқада кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде сөздің соңғы дыбысына және соңғы буындағы дауысты дыбыстың ыңғайына қарай **–тыр, -тір, -дыр, -дір** түрінде

қолданылса, кей түркі тілдерінде –*dur* (-*дур*) түрінде кездеседі. «Мукаддимат әл-Адаб» тілінде тек еріндік дауысты –*мур*, –*мүр*, –*дур*, –*дүр* нұсқалары жұмсалған: Мысалы, **d. asadur anı** /дарға асадур аны/ (138) – оны дарға асады, **destur boldı anga iş** /дестур болды анга іш/ (139) – оған жұмыс рұқсат берді, **tengüşturdi nemeni nemege** /тенгүштүрді неме немеге/ (141) – затты затпен салыстырды, **keltür**/келтүр/(95) – келтір, **öldürdi anıng üçün öldürgüçi** /өлдүрді аның үчүн өлдургучи/(97) – өлтіруші ол үшін өлтірді.

–*мур* қосымшасының шығу тегі жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі пікір бар. Әйтсе де бұл тек сыртқы ұқсастық сияқты. Ғалым М. Оразов *мур* қалып етістігінің амал-әрекетті біреуге істету немесе істеуіне түрткі болуынан қалыптасқан деген пікір айтады[96,49 б.]. Ал М.Томанов өзгелік етістің -т және -р жұрнақтарының бірігуінен пайда болып, екеуі де дауыссыз дыбыс болғандықтан араға у дауысты дыбысы қосылған десе, А. Хасенова да осы пікірді қоштайды. Осы екінші пікір дәлелдірек сияқты. Себебі –*т* қосымшасы өзі жалғанған етістік түбір құрамында көнеріп, етіс мәнінен ажырап, етіс мағынасын тудыру үшін оның үстіне –*ур* жұрнағы жалғанады. Бұған қолжазба тіліндегі **uruşturdi** /уруштурды/ (140)–ұрыстырды етістігі осы пікірге дәлел.

–*ар*, –*ер*, –*ур*, –*ир* өлі және тірі түркі тілдерінің барлығында қолданылған. Біз қарастырып отырған қолжазба тілінде –*ар*, –*ер*, –*ур*, –*үр* формасында етістік түбірге жалғанып, өзгелік етіс мағынасы береді: **tüşürdi anı** /түсүрді аны/ (114)–оны түсірді, **pısurdı etmekni** /пысурды етмекни/ (133) – нанды пісірді, **aqardı** ақарды(130)–ағарды, **igrendürdi anı** /игрендүрді аны/(132)– оны жиіркеніш тудырды, **yedürdi aqni qızıl birle** /йедүрді ақны қызыл бірле/ (133)– оны ақ және қызылмен тамақтандырды.

Қазақ тілінде жазылған грамматика еңбектерінде –*р* жұрнағын өзгелік етіс қосымшасы ретінде сирек көрсетеді. Мысалы, И. Маманов, А. Ысқақовтардың еңбектерінде –*р* өзгелік етіс жұрнағы ретінде қарастырылмайды. Ал М. Оразов башқұрт тілінде ашық еріндік –*ор*, –*өр* тұлғасының да кездесетіндігін ескере отырып, бұл аффикстің ертеректе –*ар*, –*ер*, –*ор* секілді нұсқаларының да болуы мүмкін екендігін айтады [130,51 б.].

Ортақ етіс. Ортақ етістерде –*ыс*, –*іс*, –*с* немесе –*ыш*, –*іш*, –*ш* жұрнақтары арқылы жасалады. Ескерткіш тілінде бұл жұрнақтар жиі ұшырасады. Мысалы, **jan baqışi** /жан бақышы/ (101)–жан бағу, **antlaştı awing birle**/антлашты аның бірле/ (103) – онымен анттасты, **'ahd qılıştılar** /ахд қылыштылар/ (103) – өзара міндеттеушілер, **dostlaşmaq** /достлашмақ/ (103) – достаспақ.

–*ыш*, –*иш*, –*ш* ортақ етіс жұрнақтары өте ерте дәуірден бері келе жатқан қосымша. Орхон-енисей жазбаларынан бастап, тарихи ескерткіштер мен қазіргі түркі тілдерінің барлығында кездеседі. Ескерткіш тілінде –*ыш*, –*иш*, –*ш* тұлғасы ортақ етіс мәнінде қолданылған. Мысалы, **jan baqışi** /жан бақысы/ (101) –жан бағысы, **antlaştı awing birle** /антлашты аның бірле/ (103)–онымен анттасты, **alıştı anqa** /алышты анқа/ (104) – оған ауысты т.б.

М. Қашғаридің сөздігінде –**ыш** ортақ етіс қосымшасының ортақ етіс мағынасында қолданылатынын айтады [131]. Бұл жұрнақтың да арғы тегі нақты дәлелденбеген. Әйтсе де түрлі жорамалдар бар. Э.В. Севортян оны көптік жалғауымен байланыстырады [132]. Ал Б. А. Серебренников бұл қосымшаның шығуына көне түркі тіліндегі көптік және іс-әрекеттің бірнеше рет қайталанғандығын білдіретін **-ш** жұрнағы себеп болған дейді [133]. Осы пікірді А.А. Юлдашев, В.Г. Кондратьев, А.Н. Кононов сияқты ғалымдар да қолдайды.

Ескерткіш тіліндегі етістердің жұрнақтары тұлғалық жағынан болсын, мағыналық жағынан болсын қазіргі тілімізден алшақ емес. Десе де өзіндік ерекшеліктері де баршылық. Қосымшалар бірлі-жарым болмаса, негізінен қатаң дауыссыздан басталмайды. Көбіне еріндік, қысаң даустылармен айтылады. Езулік, қысаң дауысты нұсқалары сирек ұшырасады. Тілдің даму барысында грамматикалық формалардың жайлап өзгеріске ұшырайтындығы белгілі. Кей жұрнақтар аздаған фонетикалық өзгеріске түссе, енді біреулері сол күйінде өзгеріссіз қолданылады. Ескерткіш тіліндегі қосымшалар сонау Орхон-енисей, көне ұйғыр және орта ғасырлық басқа қолжазбалар мен қазіргі түркі тілдері материалдарымен әрі мағыналық, әрі тұлғалық жағынан ұқсасып, сабақтасып жатады. Яғни мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да айтарлықтай өзгеріс жоқ.

Есімше. Орта ғасырлардан бастап кең қолданысқа ие болған–**ған** тұлғасы –көне түркілік **-миш** жұрнағын ығыстырып, оның атқаратын қызметін ескерткіш тіліндегі **-ған**, **-қан** жұрнақтары алмастырған. Көне түркі тілдерінде етістіктің ерекше түрі есімше жиі кездесетінін байқадық. Мұнда қазіргі қазақ тілінен саны жағынан әлдеқайда көп екенін көруге болады [103]. Ескерткіш тілінде **-ған**, **-ген**, **-қан**, **-кен** түріндегі есімшенің жұрнақтары жиі кездеседі: **batqan** /батқан/ (111) – батқан, **qabul qilıyan** /қабул қылған/ (94) – келіскен, қабылдаған, **ölgен** /өлген/ (97) – қайтыс болған, **ayız açtı ruze tutqan** /ағзы ачти рузе тұтқан/ (99)–ораза тұтқан ауыз ашты, **yeşilyan saç** /йешілған сач/ (98) – жайылған шаш.

Біз нысанымызға алып отырған ескерткіш тілінде есімшенің **-ар**, **-ер**, **-ур**, **-үр**, **-р** жұрнақтары актив қолданылғанын байқаймыз. Мысалы, **çökerür yer** /чөкерүр йер/ (136) – тізерлеген жер, **keltürür** /келтүрүр/ (95) – алып келетін. Орхон-енисей жазбаларында сирек ұшырасатын **-мақ**, **-мек** орта ғасырлық ескерткіштер тілінде аса белсенділік танытқан жұрнақтардың бірі. Ескерткіш тілінде де кездеседі. Мысалы, **qorqmaq** /қорқмақ/ (96) – қорықпақ, **öldürdi anı oq atmaqda** /өлтүрді аны оқ атмақда/ (97) – оны оқ атпақта өлтірді. М. Қашғари бұл жұрнақты қимыл-қозғалысқа байланысты екенін айтады [131]. Ғалым М. Томанов бұл жұрнақтың қазақ тілінде үш түрлі қызмет атқаратындығын айтады. Әуелі, істі атқаруға ниетті екендігін білдіретін етістіктің келер шақ түрі (мақсатты келер шақ) жасалса, қимыл есімі және тұйық етістік жасаушы жұрнақ ретінде қолданылады (*бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ*) [68, 34 б.].

Шақ категориясы. Ескерткіш тілінде осы шақ пен келер шақ белгілі бір жұрнақтар арқылы жасалады. Екеуі де -ар, -ер, -ур, -үр есімше жұрнақтары арқылы жасалған: **turar** /турап/(119)– тұрап, **köterdi** /көтерді/ (94) – көтерді. Бір буынды етістіктерге ашық, ал көп буынды етістіктерге қысаң нұсқалар жалғанады.

Сонымен қатар қолжазба тілінде -мақ, -мек тұлғалы мақсатты келер шақтың формалары кездеседі. Мысалы, **qorqmaq** /қорқмақ/ (96) – қорықпақ, **tatmaq** /татмақ/ (101) – татпақ, **turmaq** /турмақ/(115) – тұрмақ.

Қолжазбада өткен шақтың түрлерін кездестіреміз: **Жедел өткен шақ: qobardi** /қобарды/ (122) – көтерді, **boldi** /болды/ (122) – болды, **b. nemeni aldi** /барча немені алды/ (127)–барлық затын алды, **bürünçek kejdürdi anqa** /бүрүнчек кейдүрді анқа/ (128) – оған кимешек кидірді.

Бұрынғы өткен шақ -қан, -ған жұрнақтары арқылы жасалады: **tutqan** /тутқан/ (99) – тұтқан, **antqa tutulyan** /антқа тутулған/ (103)–антқа байланған, **azyan** азған(105) – құртылған, бұзылған.

Ауыспалы өткен шақтың -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтарының атқаратын қызметін **-ур, -үр** жұрнақтары атқарады: **kele turur yer** /келе туруп йер/ (96) – мал тұратын жер.

Әрбір тілдің өткен тарихы, қазіргі қалпы және болашағы бар. Тіл материалдарын салыстырғанда, оның қазіргі жайын өткен тарихымен байланыстыра қараған жөн. Осыған орай салыстырмалы тарихи зерттеудің негізгі мақсаты – ең көне формасын анықтау [134,24 б.]. Жадыхат тіліндегі түркі сөздерін үш топқа бөліп көрсетуге болады. Бұл сөздердің баз біреулері сонау ерте дәуірлерден бері жалғасып түркі тілдерінің барлығына ортақ болып кеткен. Бұлардың кейбірі аздаған фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, мағынасы мен негізгі тұлғасы сақталған. Ендігі бір топ сөздер түрлі фонетикалық өзгерістермен бүгінгі күнге дейін жетсе де, оларды бірден тани қою мүмкін емес. Оларды тіліміздегі вариантымен немесе басқа да сөздермен, тіптен туысқан тілдер элементтерімен салыстыра отырып анықтауға болады. Ал ендігі бір топ сөздер қазіргі тілімізде яки түркі тілдерінде мүлдем кездеспейді. Олар тарихи даму барысында қолданыстан шығып қалған. Әйтседе, олардың саны көп емес. Осындай түбірлері көнеленген сөздер **үстеу** сөз табында жиі кездеседі

Үстеулер – сөздермен сөз тіркестерінің ұзақ тарихи қолданылу процесінде бастапқы мән-ерекшеліктерін жойып, көнерудің салдарынан басқа сөз таптарынан келіп шыққан грамматикалық категорияларды айтамыз. Ғалым А.Байтұрсынов: «сын есім, сан есім, сан есім, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылған сөздерді үстеу» деп атаса, Қ.Жұбанов: істің мезгілін не мекенін білдіретін сөз табы деп тұжырымдайды. Демек, қимылдың, әрекеттің мекенін, мезгілін, амалын, мақсатын білдіретін сөз табын үстеу деп атаймыз [125,97 б.]. Сондықтан да үстеулер морфологиялық тұлғаларына қарай емес, мағынасына қарай ажыратылады:

ә) мекен үстеу: **saraj ewning yanında durur** /сарай евнің йанында дуруп/(110) – сарай жанында тұрды, **bütün boldi aning qatında iş** /бүтүн болды аның қатында іш/ (128) – оның жанында жұмыс аяқталды.

Үстеу жасаушы жұрнақтар. Үстеулер басқа сөз таптарынан келіп шыққан сөз табы болғандықтан, олардың арнайы нақты көрсеткіші болмайды. Алайда ескерткіш тілінде туынды үстеу жасайтын мына жұрнақтарды байқадық: -рақ: **astınraq** /астынрақ/(143)–төменірек

-к: **tirik** /тірік/ (100)– тірілей .

Шылаулар. Түркітану саласында осыған дейін руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер арнайы ғылыми зерттеу ретінде қарастырылмаған. Дегенмен, тіл ғылымындағы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап бой көрсете бастаған еңбектерде түркітанушы ғалымдардың азды- көпті пікірлерімен әртүрлі көзқарастары бар. Бірақ олар алғашқы зерттеулердің бірі болғандықтан, тілдің даму эволюциясына байланысты кейбір көзқарастары қазіргі түркітілдес тілдердің жүйесіне сәйкес келе бермейді. Себебі негізгі міндеті мен мақсаты белгілі бір сөз табын жан-жақты зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан болжамдар мен дәлелдемелер жазып, елеулі еңбектер қалдыру емес. Мұнда тіл білімі саласындағы қайшылықтар мен басы ашылмаған мәселелерді реттеу, қандай да бір халықтың тіл ерекшеліктерін айқындау, тілдік жүйесін бірізге келтіру сияқты көпшілікке танымал грамматикалық оқулықтар жасау десек артық не кем айтқандық бола қоймас. Мәселен, И.Гиганов «Грамматика татарского языка», М.Казем-Бек «Общая грамматика турецко-татарского языка», «Алтай тілдері грамматикасы», П.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киркизского языка», М.Терентьев «Грамматика турецкого, персидского, киргизского и узбекского языка» деген еңбектерде әрбір жеке сөз табын көбінесе ғылыми жағынан гөрі, жалпы сипаттамалық тұрғыдан қарастырған. Жалпы жоғарыда көрсетілген грамматикалық оқулықтарда көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер жайлы жекелей тарау болмағанымен, олардың табиғатына қатысты деректер жоқ деуден аулақпыз.

Шылау сөз табы даму барысында көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген туында тарихи категория. Олай дейтін себебіміз, қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір шылау сөздердің құрамындағы жұрнақтар шығу тегі жағынан алғанда, сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп бір тұтас бөлінбейтін бөлшекке айналған. Осындай түбір мен қосымшаның жымдасуынан, яғни, транспозициялық тәсілдің нәтижесінде, шылаулар қалыптасқан. Тарихи шығу төркіні жағынан алып қарағанда, шылау сөздердің бәрі дерлік атауыш сөздерден, демек әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан. Бұл процесс тілдің белгілі бір даму тарихында кейбір есім, етістік формаларынан бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте қолданыста солғындап, әр алуан грамматикалық мағыналарға ие болуының нәтижесінде қалыптасады. Жалпы шылаулардың дамуында көне түркі, орта

ғасыр, қазіргі түркі тілдеріне тән негізгі ортақтық – етістіктің көсемше формалары мен есімдерге тән формалар арқылы көнеленіп шылаулану процесіне өтуі. Содан барып, біртіндеп тіл дамуында өзінің қолданылу аясына байланысты шылау сөз табының құрамына енген. Бұл сөз табы ретінде түркі тілдерінде басқа сөз таптарынан кенже қалыптасқан. Олардың сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы тілдің ғасырлар бойындағы тарихи даму барысында әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Бұдан жалпы сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи дамуы барысында біртіндеп жасалатындығын шылаулардың сөз табы ретінде қалыптасуынан – ақ айқын көруге болады.

Шылаулар деп – толық лексикалық мағынасы жоқ, тек сөз бен сөзді сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын сөз табын айтамыз. Ғалым Г.Сыздықова шылауларға грамматикалық мағыналы сөздер деп анықтама беріп, шылаулардың грамматикалық мағыналары олардың лексикалық мағыналарының грамматикалық қалыпқа көшуімен айқындалады [125,108 б.].

а) Жалғаулықтар. Жалғаулық шылаулардың мағыналық түрлерін Ғ.Әбуханов, А.Ысқақов түрліше жіктейді. Ғ.Әбуханов жалғаулық шылауларды ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдарлық деп төр түрге бөледі [135, 89 б.]. Ескерткіш тілінде және, тағы, қайта шылауларының орнын дағы шылау басады. Мысалы, **tökdi suni dayi eritken yulanı** /төкті суны дағы еріткен ғуланы/ (107) – пролил воду и расплавленную бронзу, **t.qan dayi yaş** /турды қан дағы йаш/ (109)–қан мен жас тұрды, **dayi yiyachning** /дағы ййғачның/(112)–тағы да ағаштың бұтақтары, **dayi işke** /дағы ішке/ (112)–қайта жұмысқа, **q. urušni dayi fitneni** /қобарды урышны дағы фитнені/ (122)– жанжал мен ұрсуды көтерді, **b. tiledi başida dayi tonida** /бит тіледі башыда дағы тоныда/ (123) – басы мен тонынан бит қарады, **dayi qan** /дағы қан/ (137) – тағы қан, **d. eşik** /дағы ешік / (137) – тағы есік, **d. oylan** /дағы оғлан/ (137) – тағы сәби, **d. yazanni** /дағы ғазанны/ (137) – тағы қазан.

Мен, және шылаулары–**ve: kelin we yenge** /келін ве йенге/(118) – келін мен ене.

ә) Септеулік шылауларды топтастыруда өздері меңгеретін септік жалғаулары мен өздері тіркесетін сөздеріне үстейтін негізгі грамматикалық мағыналарына назар аударылады. Ескерткіш тілінде көмектес септігін меңгеретін бірге шылау бірле формасында кездеседі. Мысалы, **barmaq birle** /бармақ бірле/ (138) – саусағымен, **çuxladi xilal birle** /чухлады хилал бірле/ (137) – тіс шұқығышпен шұқыды, **dapşidi keleni eki ayaqidin bir ayaqi birle** /дапшыды келені екі аяқыдын бір аяқы бірле/(137) – екі аяғының біреуін жылқысы тепті, **d. teweni ayaqi birle** /дапшыды teweni аяқы бірле/ (137)– түйені аяғымен тепті, **i.q. a. barmaq birle** /ішарет қылды анқа бармақ бірле/ (138)–оған саусағымен белгі берді, **bizim birle** /бізім бірле/ (118) – бізбен бірге, **nişanliq boldi ol neme birle** /нішанлық болды ол неме бірле/ (117)– ол бір нәрсемен белгіленді.

Іш үчүн / іш үчүн/ (96) – іс (жұмыс) үшін– атау септігін қажет ететін септеуліктер.

Ескерткіш тіліндегі сөздер сөз таптарына бөліп қарастырылды. Сөз таптарына бөлудің принциптерін басшылыққа ала отырып, жіктелді. Әр сөз таптарының ерекшеліктерін ескере отырып, құрамына және мағыналық жағына қарай ажыратылды.

2.4 Әз-Замшахаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің сөз тіркестері

Тіліміздің синтаксис саласы алғашында сөйлем құрылысы синтаксисі деп қарастырылды. Кейіннен сөз тіркесі синтаксисі жеке зерттеле бастады. Алғаш 1950 жылдары сөз тіркесі синтаксисінің жасалу жолдары заңдылықтары қарастырыла бастады. Кейіннен жүйелі тармақтары, түрлері жасалу тәсілдері анықталды. Осыдан кейін сөз тіркесі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, жеке синтаксис саласының бір бөлімі ретінде дами түсті. К.Дмитриев сөз тіркесін сөйлемнен айырып тану керек екендігіне баса назар аударады: «Технический и словосочетание и предложения представляют собой группу или комплекс нескольких слов. Тем не менее принципы, по которым соединяются оба комплекса, совершенно различны. Всякое синтаксическое сочетание, части которого не обозначаются нами как внутреннее связанное подлежащее и сказуемое, будет не предложением а словосочетанием» [134,202-203 бб.]

Сөз тіркесі синтаксисін зерттеуде нәтижеге жету үшін, тарихын білмейінше, мәселенің байыбына бара алмаймыз. Қазақ тіл білімінде 50-60 жылдардан бастау алды деуге негіз бар. Оған дейін жай сөйлем синтаксисі саласы бастау алған еді.

Түркі тілдерін зерттеушілердің ішінде сөз тіркесін жан-жақты зерттеудің объектісі еткен – Е.И.Убрятова. Ғалымның «Исследование по синтаксису якутского языка» атты еңбегінде сөз тіркестерінің түрлерін, синтаксистік байланысу формаларының ізімен қарастырады: Сөйте отырып сөз тіркесін «бір бүтін мағыналық единица» деп екінші жағынан предикативті және предикативті емес тұрғысынан да қарастырады [136].

Демек, қазақ тіл білімінде «сөз тіркесі» термині ХХ ғасырдың ортасынан бастап қолданыла бастады. С.Жиенбаев қазақ тілінің синтаксис бөліміне елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Оның жай және құрмалас сөйлемдерге арналған еңбегінде сөз тіркесі бөлек талданбайды. Ғалым сөз тіркесін «үйірлі мүше » деп қарастырып, сөздердің қалай тіркесетінін, олардың байланысын атап өткен. Есімді және етістікті сөз тіркестерінің жасалу жолдары қаралады.

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» деген атпен үлкен зерттеу еңбегі жарық көрген болатын. Бұл кітапта тілдің барлық салалары қамтылды. Еңбек жүйелі әрі жаңалықтарға толы болды. Синтаксис саласында сөз

тіркестерін жай сөйлемнен бөліп алып, өзіне тән ерекшеліктері бар ғылым саласы ретінде қарастырылды.

Түркі тілдерін зерттеушілердің ішінде сөз тіркесін жан -жақты зерттеудің нысаны етіп алған ғалымдардың бірі – И.Убрятова болып табылады. Ғалымның «Исследования по синтаксису якутского языка» атты еңбегінде қарастырды. Сөз тіркесін «бір бүтін мағыналық единица» деп қарастырады.

Бұл пікірді Н.А.Баскаков та қоштайды. Анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынастағы сөздер тобы байымдауды білдірмесе, сөз тіркесі деп тұжырымдайды да, білдірсе – сөйлем деп айтады.

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың негізгі бөлігі. Сөйлем ішінде белгілі бір грамматикалық маңызға ие бірлік. Кез келген сөздер сөз тіркесін құра алмайды. Ескерткіш тілінде де кез келген екі сөз сөз тіркесінің қызметін атқара алмайды. Демек, қай жағынан алсақ та, толық мағыналы екі сөздің лексика-грамматикалық жағынан үйлесуі сөз тіркесін береді. Сөйтіп, сөз тіркесінің құрамына толық мағыналы тіркесу қабілеті бар сөздер енеді[137, 76].

Қазіргі қазақ тілінің сөз тіркестерінің түрлері секілді «Мукаддимат әл –Адаб» ескерткішіндегі сөз тіркестерін тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті деп екі топқа бөлеміз. Ескерткіш тілінде дайын сөз тіркестері мен сөйлемдер өте көп. Оларды тіркесу қабілетіне қарай бөліп қараймыз. Қазіргі тіл біліміндегі сөз тіркестерінің жасалу жолдарын ескере отырып топтастырамыз.

Сөздер бір бірімен байланысуда синтаксистік қызметке түсу үшін мағыналық жағынан берік байланысу керек. Мысалы, ескерткіш тіліндегі **Qıldi, ҧarab, abadan, yerni, er** сөздері бытыраңқы сөздер. Бір бірімен ешқандай мағыналық байланысы жоқ, кез келген сөздер тобы деуге болады. Ал бұл сөздер аяқталған ойды білдіретін сөйлемнің құрамына енгенде, өзара синтаксистік байланысқа түседі. **Abadan qıldi er ҧarab yerni** /абадан қылды ер хараб йерні/ (93) – ер адам қиранды елді көркейтті. Мұнда **ҧarab yerni, qıldi er, qıldi yerni** сөз тіркестері пайда болады. Демек, ескерткіш тілінде сөз тіркесінің байланысу түрлерінің барлығы кездеседі.

Сөздер тіркесіп келіп, тұтас сөйлем болғанда, өзара синтаксистік тәсілдер арқылы байланысатынын білеміз. «Мукаддимат әл Адаб» тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері қазіргі қазақ тілімен өте жақын. Жалғаулар арқылы байланысады(септік, тәуелдік, жіктік, көптік):

Шылаулар арқылы (демеулер, жалғаулықтар). Мысалы, **indedi anı iş ücün** /індеді аны іш үчүн/ (96) – Оны іс (жұмыс) үшін шақырды.

Сөздердің орын тәртібі арқылы: **ala qarqa** /ала қарқа/(97) – ала қарға, **цүцүк ot** /чүчүк от/ (101) – шүйгін шөп.

Ескерткіш тілінде **интонация** арқылы байланысу кездесе бермейді.

Осы байланысу тәсілдерінің негізінде байланысу формалары қалыптасады. Қазақ тілінде сөздердің байланысу формаларының мынадай түрлері бар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Есімді тіркестер. Қабыса байланысқан есімді тіркестер: Ескерткіш тілінде сөз тіркестерінің барлық түрлері ұшырасады. Сонда да оларды есімді және етістікті сөз тіркестері деп бөліп қарастырамыз. Қабыса байланысу көне түркі тілінен бері келе жатқан байланысу формасының ерекше түрі. Ескерткіш тілінде де есімді қабысу жиі кездеседі.

Қабысу – түркі тілдерінде жиі ұшырасатын байланысу формаларының бірі болып табылады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің ыңғайына, яғни, тұлғасына бейімделсе, қабысуда тең дәрежеде ешқандай жалғаусыз байланысады [138,69 б.]. Ескерткіш тілінде де осы ерекшелік сақталған. Мысалы, **abadan yer (93) /абадан йер/** – қолайлы жер, **abadan saraj (93) /абадан сарай/** – қолайлы сарай. Яғни, орын тәртібі арқылы байланысады.

Ескерткіш тілінде есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары әртүрлі болып келеді: зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, есімше. Ал басыңқы сыңарлары зат есім, сан есім, субстантивтенген сын есімнен жасалады.

Ескерткіш тіліндегі қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы көп емес. Олардың жасалу жолдары қазіргі тілімізге жақын. Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын түрі зат есімнен құралатын тіркестер болып табылады. Екі зат есім қатар тұрып, орын тәртібі арқылы алдыңғысы соңғысына бағына байланысады. Мысалы: **aiyir at /айғыр ат/ (97)** – айғыр ат, **xurma yiyaci /хурма йығачы/ (95)** – құрма ағашы.

Зат есімнен жасалған есімді сөз тіркестері көбіне екі сөзден құралады. Олар анықтауыштық қатынасты құрайды. Екі зат есім атау септігінде тұрып, қабыса байланыс орнатады. Яғни, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағына байланысып тұрады. Ескерткіш тілінде зат есімнен құралған сөз тіркестері көбінесе екі сөзден құралады. Олар әр уақытта анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Қазіргі қазақ тіліндегідей ескерткіш тілінде де анықтауыштық қатынас кез келген зат есім бола бермейді. Өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздерден тұрады. **altun uša /алтун уша/(99)**–алтын үгіндісі сөздері, керісінше, **uša altun /алтун уша/(99)**– үгіндісі алтын деп айтылмайды.

Байқағанымыздай, ескерткіш тілінде анықтауыштық қатынаста жұмсалу үшін, екеуінің алдында басқа сөздің болуын талап етіп тұратын сөз тіркестері кездеседі. Мысалы, **künlüg qonaq / күнлүг қонақ /(234)**–күндік қонақ деп айтылмайды **üč künlüg qonaq / үч күнлүг қонақ /(234)** – үш күндік қонақ, **baš at / баш ат/ (130)** – бас ат емес **aq baš at /ақ баш ат/ (130)** – ақ бас ат деп айтылады. Зат есімнен болған сөз тіркесінің бірінші сыңары конкретті, материалды заттың аты немесе басқа есімдерден болады.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес бір екпінге негізделеді. Яғни, ешқандай жалғаусыз орын тәртібі арқылы байланысады.

Сонымен, зат есімдерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады:

1. Заттың қандай заттан жасалғанын анықтау мақсатында жасалған сөз тіркестері: **altun qurya**(алтыннан жасалған белбеу) /алтун қурға/ (99) – алтын белбеу.

2. Бір затты екінші затқа арнау мағынасында жұмсалатын есімді тіркестер. Мысалы: **adina mesjid** /адіна месжід/ (96)– жұма мешіті.

3. Даралау мағынасында жұмсалады: **aiyir at** /айғыр ат/ (97) – айғыр ат.

Қабыса байланысатын сөз тіркестері сын есімдерден жасалады. Сын есімдер – заттың сынын, сапасын білдіретін сөздер. Олар зат есімдермен тіркесіп, есімді сөз тіркестерін жасайды. Сөз тіркестерін құрауда бағыныңқы сыңар болады. Мұндай синтаксистік тіркестің құрамы әр алуан болып, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері заттың түсін, көлемін, дәмін мөлшерін және жеке қасиеттерін білдіреді.

Ескерткіш тілінде және қазіргі қазақ тіліндегі сын есімді тіркестердің айырмашылығы жоқ деуге болады. Кез келген сын есім мен есім сөз тіркесе бермейді, мағыналық жағынан үйлескен сөздер тіркесе алады. Мысалы, **qıřqan burunluq** /қышқан бурунлуқ/ (103) – қысқа мұрын деген тіркесті жақсы мұрын деп алмастыруға келмейді.

Заттың түсін білдіретін сын есімдерді кез келген сондай түсі бар сөздермен еркін тіркестіре беруге болады. Мысалы, **aq boz at** /ақ боз ат/ (130) –ақ боз ат, **aq bulut** /ақ булут/ (130) – ақ бұлт, **aq qurut** /ақ қурут/ (130) – ақ құрт, **aq üzüm** /ақ үзүм/ (130) – ақ жүзім, **aq tiken** /ақ тікен/ (130) – ақ итмұрын, **aq etmek** /ақ етмек/ (130) – ақ нан, **aq qaçir** /ақ қачыр/(130) – ақ қашыр, **aq singir** / ақ сіңір/ (130) – ақ сіңір.

Сапалық сын есімдермен еркін тіркес орнағанда, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары түбір қалпын өзгертпейді де, басыңқы сыңары түрлі тұлғалы сөздермен айтыла береді. Мәселен, **ariq dostluq** /арық достлуқ / (105)– таза достық, **ariq tam** /арық там / (105)– таза үй, **ariq çayir** / арық чайыр/ (105) – таза шарап.

Қатыстық сын есімдер зат есімдермен тіркесіп, еркін сөз тіркестерін құрайды. Ескерткіш тілінде мұндай мысалдар жиі кездеседі[6]. Мысалы, **destesiz küze** /дестесиз күзе/ (112)–тұтқасыз құмыра, **barxurdar er** /бархурдар ер/ (112) – бақытты ер, **mezesiz neme** /мезесіз неме/ (101) – дәмсіз бірдеңе, **yüklük xatun** /иүклүк хатун (95) – жүкті әйел т.б.

Кейбір сын есімді тіркестердің қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда мағыналық жағынан алшақтығы барына көз жеткіздік. Мысалы, **boyaz tewe** /боғаз теве/ (120)– буаз түйе тіркесі қазіргі тілімізде тек малға қатысты ғана

қолданылғанын байқаймыз. Ал, ескерткіш тілінде **boғaz xatun** /боғаз хатун / (120)–жүкті әйел деп те кездеседі. Қазіргі тілімізде «буаз әйел» тіркесінің мағыналық жағынан тарылғанына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, **yüklük xatun** /йүклүк хатун/ (95) – жүкті әйел тіркесі де ескерткіш тілінде жарыса қолданылады.

Сан есімдер заттың санын анықтап, зат есімнің жетегінде жұмсалып, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олар зат есімдермен тіркесу арқылы қабыса байланысады[138]. Ескерткіш тіліндегі сан есімдер қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы алшақ емес. Ескерткіш тілінде сан есімдер барлық зат есімдермен тіркесе бермейді. Олар санауға болатын заттардың атын білдіретін зат есімдермен тіркеседі. Керісінше, санауға болмайтын зат есімдермен тіркеспейді. Ескерткіш тілінде мынадай ұғымдармен сан есімнің тіркеспейтінін байқадық.

а) құбылыс, процеске қатысты сөздерге сан есімдер тіркеспейді. Оларға: гүрсіл, тарсыл, мінез, қытық т.б.

ә) адамның жас кезеңдері мен сезімдік қасиеттеріне байланысты сөздер сан есіммен тіркеспеген. Мысалы, жалқаулық, сұлулық, балалық т.б.

Ескерткіш тілінде сан есіммен тіркескен сөздерге көптік жалғау жалғанбайды, басыңқы сыңарда тұрған сан заттың санын білдіріп тұрады. Мысалы, **eki qulayı** / екі қулағы / (96) – екі құлағы, **bir ayaqı** /бір аяқы / (137)– бір аяғы, **eki erkek** /екі еркек/ (142)– екі ер.

Сондай-ақ, реттік сан есімдер зат есімдермен жүйелі тіркес жасай алады. Олар зат есімдермен тіркесіп, заттың сан ретін білдіреді. Мысалы, **yetinči elge** /жетінші елге/ (142) – жетінші елге.

Ескерткіш тілінде сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік ұғымды білдіргенмен, басыңқы сыңарындағы зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы, **eki qulayı** / екі қулағы / (96) – екі құлағы.

Зат есімдермен қабыса байланысатын есімді тіркестердің бірі – есімше болып табылады. Есімшелер зат есімдермен тіркесу арқылы анықтауыштық қатынас орнатады. Мысалы, **qorqqan xatun** /қорққан хатун/ (96) – қорыққан әйел. Келер шақтық есімше зат есіммен тіркескенде болашақта болатын істі білдіреді. Мысалы, **turur yer** /туруп иер/ (96)– тұратын жер. Есімді тіркестердің құрамында жиі кездесетін есімшенің жұрнағы – -ған/ -ген. Бұл жұрнақтарға қарағанда -атын,- ар тұлғалы есімшелер сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында аз кездеседі. **inegen qoı** /инеген қой/ (134) – таңбаланған қой, **čökerür yer** /чөкерүр йер/ (136) – тізерлейтін жер, **yešilyan sač** /йешілған сач/ (98)–жайылған шаш, **yešilmış baq** /йешілmiş бақ/ (98) – жайқалған бақ, **ačilmayan yuze** /ачилмған йузе/ (99)– ашылмаған мақта , **tınyan xatun** /тынған хатун/ (102)–демалған әйел, **tizgen neme** /тізген неме/ (140) – тізілген зат, **arıtqan altun kümüş** /арытқан алтун кумуш/(105) – тазартылған алтын мен күміс, **turyan yerde** /турған йерде/ (115)–тұрған жерде.

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі келетіні – жалпылау, өздік және сілтеу есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық қатынас құрады. Мысалы, **ol neme** /ол неме/ (114) – сол зат, **ol xatunı** / ол хатуны/ (125) – сол әйел, **ol neme** / ол неме / (138) – сол зат, **barça neme** /барча неме / (127)–барлық зат т.б.

Сілтеу есімдіктері заттың айтушыға алыс не жақындығын, бағдарын анықтап тұрады. Ескерткіш тілінде «ол» сілтеу есімдігінің жиі қолданылатынын байқаймыз. Мәселен, **ol nemeni** /ол немені / (140) – сол затты.

Жалпылау есімдіктері ескерткіш тілінде бағыныңқы сыңарында тұрып, заттың жинақталған сипатын білдіріп тұрады. Мәселен, **barça xatun** / барча хатун / (112) – барлық әйел, **barça erenler** / барча еренлер/ (125) – барлық ерлер, **b. çayır** /барча чағыр / (127) – барлық шарап т.б.

Үстеулер – заттың қимылдық сапасын анықтайтын сөздер тобы. Осы себепті етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі кездеседі. Есім сөздермен тіркесуі сирек кездеседі. Мысалы, **alın erini** /алын еріні/(143)–төменгі ерні. Бірақ бұлар мағыналық байланыстың берік үйлесуі негізінде жасалады.

Мезгіл үстеулер қимылдың мезгілін білдіргендіктен, есімдерден қашықта тұрып, жанаса байланысады. Сондықтан ескерткіш тілінде үстеулі есімді тіркесті кездестіре бермейміз[139,76 б.].

Матаса байланысқан сөз тіркестері қиысу, меңгеру сияқты синтаксистік байланыстың түрі. Бұл сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары ілік септігінде, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында тұрады. Ескерткіш тілінде матаса байланысқан сөздер – негізінен, зат есімдер болып келеді. Мұндай сөз тіркестері анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Анықтауыштық қатынастағы ілік жалғаулы сөздердің әр түрлі құрамда айтылуына байланысты. Матаса байланысқан сөз тіркестері де әр түрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

1. Ілік жалғауы меншік иесі бола алатын сөзге жалғанып, меншіктілік, тәуелділік қатынасты білдіреді. Мысалы, **kelening qulayı** /келенің құлағы / (96) – малдың құлағы, **kelening uçaşı** /келенің учашы / (96)– малдың арқасы.

2.Ілік жалғаулы сөздер туған-туысқандық , дос-жарандық ұғымдағы сөздермен тіркесіп, туыстық, отбасылық қатынасты білдіреді. Мысалы, **arслан balası** арслан баласы (106)–арыстанның күшігі.

3. Ілік жалғаулы зат есімдер сол затқа қатысы бар басқа зат есімдермен тіркесіп, зат пен заттың табиғи байланысын білдіреді. Мысалы, **menim başım** /менім башым / (100)– менің басым.

4. Ілік жалғаулы сөз тәуелдік жалғаулы сан есім, есептік ұғымы бар зат есім және сан есімдермен тіркесіп, бөлшектеу, талғау мағыналарында жұмсалады.

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің бірінші сыңары жалғаулықсыз келіп, анықтауыш болғанда, олар өзара әрі анықтауыш болып, өзара қабыса әрі тәуелдене байланысады. Ондай жағдайда ілік септіктегі сөз зат пен заттың жоғарыдағыдай меншіктік, туыстық, табиғи байланысын білдірмейді. Тек заттың заттық сапасы ретінде, тәуелдік қатынаста жұмсалады. Мысалы, **saraj ešigi** /сарай ешігі / (110) – сарай есігі мен сарайдың есігі тіркестері бірдей мағына білдірмейді. Ілік септіктегі сөз жалғаулы болса, меншіктік қатынасты білдіреді, жалғаусыз болса, заттық сапа ретінде жұмсалады.

Кейбір әдебиеттерде ілік септігінің жалғаулы, жалғаусыз болуы жалғанатын сөзінің айтушыға, тыңдаушыға белгілі я белгісіз болуымен байланысты емес, меншіктілік қатынасты ерекше білдіруімен байланысты болып келеді. Егер тәуелдеулі заттың қай затқа меншікті, қатысты екенін арнап көрсету керек болғанда, ілік септігін жалғау керек болады.

Зат пен заттың меншіктілік басқа табиғи қатынасын білдіру үшін, меншіктеуші сөздерге ілік, тәуелдік жалғауы жалғанып та айтылады. Мысалы, **anñg duası** /аның дуасы/ (100)–оның дұғасы, **menim bašim** /менім башым / (100)– менің басым.

Матаса байланысқан изафеттік тіркестің екінші сыңары зат есім, заттанған сын есім, есімше, есімдіктер болады.

Зат есім тәуелденіп, ілік жалғаулы сөзбен матаса байланысқанда, меншіктілік қатынасты білдіреді: **yük sinqari** /йүк сынқары/ (95) – жүк сыңары, **kelening qulayı** /келенің құлағы / (96) – малдың құлағы, **kelening uçaši** /келенің учашы / (96)– малдың арқасы.

Сын есім тіркестің екінші сыңары болғанда, мынадай болады: **tiriklikning yaħšiliqi** /тіріктіліктің йахшылығы/ (100) – өмірдің жақсылығы.

Есімшелер матаса байланысқан тіркестің екінші сыңарында заттық, қимылдық мағынада жұмсалады. Мысалы, **qanñg sačraqanı** /қанның сачрақаны/ (135) – қанның шашырағаны.

Меншіктік ұғым үш жақта жұмсалады.

I **menim bašim** /менім башым / (100)– менің басым

II **sening janñg** /сенің башың / (134)–сенің жаның

III **qanıni andin** /қаныны андын/ (135)– оның қанын тіркестерінің басыңқы сыңарларының есімді және етістікті болуына қарай ажыратылады. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің ерекшелігін тұлғасына қарап ажыратамыз. Олар: барыс, табыс, шығыс, жатыс, көмектес септіктерінің бірінде болады да, басыңқы сыңары сол жалғауларды қажет етеді. Септік жалғаулары сөздерді байланыстырушы қызметімен қатар, түрлі синтаксистік байланысуды білдіреді. Мысалы, барыс септіктегі сөз бағытты, мақсатты, мезгілді білдіреді.

Ескерткіш тілінде меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері көп кездесе бермейді. Есімді тіркестердің ішінде бастауыштың күйін, халін білдіретін сөздер есімді сөз тіркестерінің басыңқы сыңары болып жиі кездеседі[140,87 б.]. Есімді тіркестер мына сөз таптарынан жасалады:

Зат есімдердің ішінде абстракт зат есімдер баяндауыш қызметінде сөз тіркесінің басыңқы бөлшегі болып жұмсалады.

Сын есімдер: сөз тіркесінің басыңқы сыңары баяндауыш қызметін атқарғанда, есімді тіркестің бір сыңары бола алады.

Етістікті тіркестердің грамматикалық негізі етістік болады да, соның есебінен басқа сөздер етістіктің маңына жуықтайды. Қай сөз табымен салыстырсақ та, етістіктің сөз тіркесін құрау қабілеті ерекше. Есімдердің барлық түрлері, үстеу, көсемше, есімше етістіктермен тіркесе алады. Алайда бұл сөздердің тіркесу қабілеттері, тіркесу формалары мен мағыналық қатынастары әр түрлі болып келеді. Мысалы, ескерткіш тілінде: **ауқа өgrenen** /аңқа өgrenen/ (93) – арқасына өңгерген, **а. ауни** /аулады ауны/ (93) – аңды аулады, **а. kelesni** /аулады келесні/ (93) – кесіреткіні аулады. Ескерткіш тілінде де етістікті тіркестедің екі түрі бар.

1. қабыса байланысқан етістікті тіркестер
2. меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестер

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әртүрлі болады. Етістіктермен қабыса байланысатын сөз таптары: үстеулер, сан есімдер, жалғаусыз зат есімдер болып келеді. Қазіргі қазақ тілінде де дәл осы заңдылық сақталған.

Үстеулі сөз тіркестері қимыл процесімен байланыста айтылатын сөздер деп қарастырамыз. Үстеу етістікті сөз тіркестерінің құрамында пысықтауыштық қатынаста, мезгіл, мекен, себеп, сын-қимыл мағыналарында жұмсалады. **ahiste yürimek** /ахисте йүрімек/ (98) – баяу жүрмек.

Мезгіл үстеулері. Етістіктің шақты білдіруі негізгі қасиетінің бірі болып табылады. Мезгіл үстеулері етістікпен қатар тұрып та алшақ тұрып та кездесе береді. Үш шақтың бірінде айтылған етістіктермен байланысады. Мысалы, **yana boldi** /йана болды/ (112) – жаңа болды.

Мекендік үстеулер. Әрекеттің қайда болғанын білдіру – етістіктің негізгі мақсаты болып табылады. Сондықтан мекен үстеулері ескерткіш тілінде етістіктермен жиі тіркеседі. Мысалы, **yanında durur** / йанында дуруп/ (110) – жанында тұрды, **yoqarı çiqti** /йоқары чықты / (142) – жоғары шықты.

Амал үстеулері. Ескерткіш тілінде амал үстеулері пысықтауыштық қатынаста істің амалын білдіреді. Мысалы, **ahiste yürimek** /ахисте йүрімек/ (98) – баяу жүрмек. Істің қарқынын, даму дәрежесін білдіреді.

Туынды үстеулер басқа есім сөздерге **-ша, -ше, -дай, -дей, -сыз, -сіз** т.б. қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады.

Кейде **-ған** тұлғалы есімшелерде **-ша, -ше** жұрнағын қабылдап, мезгіл үстеулерін жасайды. Мысалы, **çidayaniça qıldi** /чыдағаныча қылды/ (133) – шыдағанынша жасады.

Сын есімдердің етістіктермен тіркесуі – сирек кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндей ескерткіш тілінде де барлық сын есімдер етістіктермен тіркесе бермейді. Сын есімдер етістіктермен тіркескенде, қимылға тән қасиетті, сапаны білдіреді. Ескерткіш тілінде сын есім мен етістіктің тіркесуі сан

жағынан көп емес. Мысалы, **abadan boldi** /абадан болды / (93)– жақсы жабдықталды, **amraq boldi** /амрақ болды/ (101) – жақсы болды.

Қатыстық сын есімдердің ішіне етістіктің сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде **-сыз, -сіз** қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы, **mezesiz boldi** /мезесіз болды / (101)– жайсыз болды.

Сан есімдер заттың сандық сапасын білдіретін сөз табы ретінде сөз тіркестерінің құрамында жиі кездеседі. Ескерткіш тілінде сан есімдер етістікті сөз тіркесінің құрамында пысықтауыштық қатынаста қимылдың сандық сапа тұрғысынан пысықтайды. Атау тұлғасында тұрып, етістіктермен қатар қолданылады. Қимылдың қайталану мөлшерін білдіреді. Мысалы, **eki urdi** / екі урды/ (96) – екі ұрды. Ескерткіш тілінде сан есімдер етістіктермен сирек тіркеседі.

Жинақтық сан есімдер білгілі бір септікте тұрып етістікпен тіркесе алады. Мысалы, **aldadi ekilesini** /алдады екілесіні/ (105) – екеуін де алдады.

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің үлкен бір түрі зат есімді тіркес болып табылады. Зат есімдер сабақты етістіктермен тіркесе алады. Сабақты етістіктермен тіркесу арқылы мағыналық әрі грамматикалық берік мағына түзеді. Зат есім мен етістіктің тіркесі ескерткіш тілінде мол кездеседі : Мысалы, **qildi er** / қылды ер / (93) – ер адам жасады, **adap oğrendi** /адап өгренді/ (94) – әдеп үйренді, **layiq boldi** /лайық болды / (95)– сай болды т.б.

Қабыса байланысқан зат есім мен етістікті сөз тіркестерін тіркесу ерекшелігіне қарай екі топқа бөлуге болады:

Нақтылы зат есімдердің қимылды, қозғалысты білдіретін етістіктермен тіркеседі. Мысалы, **kirgen su** / кірген су/ (96)– су кірген, **aqzi acilmayan** /ақзы ачилмған/(99)– аузы ашылмаған, **bitidi bitikçi**/ бітіді бітікчі/(118) – хатшы жазды.

Абстракт зат есімдер сезімді, күйді білдіретін етістіктермен тіркеседі. Мысалы, **abadan qilyučı** /абадан қилғучы/ (93) – жақсылық жасаушы. Абстракт зат есімдерінің бұл түрі сирек құралады. Өйткені абстракт зат есімдер объектілік қызметі солғын болғандықтан, көп тіркесе бермейді.

Етістіктермен **меңгеріле** байланысып, әр түрлі қатынаста жұмсалатын сөздер – есімдер болып табылады.

Есімдер етістіктерге қатысты болу үшін табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып айтылады. Бұл жалғаулар есімдер мен етістіктерді жалғастырушы ғана емес, сөздердің синтаксистік қызметіне қатысты болып келеді.

Ескерткіш тілінде септік жалғауындағы етістікті тіркестер жиі кездеседі.

Меңгеру – синтаксистік байланысу формаларының ішінде ең жиі ұшырайтын түрі. Меңгеру де бағыныңқы сыңары басыңқы сыңарының ыңғайына еріп, белгілі бір септік жалғауында тұрады.

«Мукаддимат әл-Адаб» тілінде меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері жиі ұшырасады.

Табыс жалғаулы сөздерді қажет ететін етістіктерді сабақты етістіктер деп аталатыны белгілі. Ортағасырлық «Мукаддимат әл - Адаб» тілінде де етістіктерді мағыналық ерекшелігіне қарап сабақты не салт етістік екендігін ажыратамыз. Кісінің қимылы мен ісін білдіретін етістіктерді сабақты етістіктер деп қарастырамыз. Мысалы, **qildi ani**/қылды аны/– оны жабдықтады, **aldi malni** /алды малны/ (94) – байлықты алды, **adap oğrendi** /адап өгренді/ (94) – әдеп үйренді. Ал заттың қимылдық күйін білдіретін етістіктерді салт етістіктер дейміз. Мысалы, **aldadi satiqda** /алдады сатықда/ (98) – саудада алдады, **kömdi yerge** / көмді йерге/ (100)–жерге көмді т.б.

Табыс жалғаулы есімдер мен сабақты етістіктерден құралған сөз тіркестері толықтауыштық қатынаста жұмсалады[112,87 б.]. Табыс жалғаулы сөз сабақты етістікті жасайды да, етістіктің қимылы тура толықтауыш болады. Мысалы, **ariti ashni** / арыты ашны/(104) – асты тазартты, **ariq qildi tonni** /арық қылды тонны/ (105) – тонды тазартты, **surdi xaberni** /сурады хабарны/ (106) – хабарды сұрады, **asradi yetimni** /асрады йетімни/ (107) – жетімді асырады, **tökti qanini** /төкті қаныны/ (107) – қанын төкті, **tökti suni** /төкті суны/ (107)–суды төкті.

Барлық есім сөздердің сабақты етістіктермен тіркесу қабілеті бірдей емес. Осы жағдайға қатысты сөз тіркестерін екіге бөлуге болады: 1) Нақты объектілі 2) абстрактіленген объектілі.

Нақты объектілі сөз тіркестеріне қолмен ұстап, көзбен көретіндей зат есім қатысқан, яғни, деректі зат есімне жасалған сөз тіркестері жатады. Мысалы, **aqladi kelesni** /аулады келесні/ (93) – кесіреткіні аулады, **aqladi susarni** /аулады сусарны/ (93) – сусарды аулады.

Табыс жалғаулы сөзі бар етістікті тіркестердің екінші тобына кісі мен жан-жануардың сезу, көру, сезу, сөйлеу, үндеу т.б. әрекетін нақтылайтын сөздерден құралған сөз тіркестерін айтамыз. Мысалы, **ashkara qildi sirni** /ашқара қылды сырны/ (107)–сырды ашты, **bilikni oğrendi** /білікни өгренді/ (94) – ақылдылықты үйренді,

Шығыс жалғаулы сөз тіркестері ескерткіш тілінде жиі ұлырай бермейді. Жалғаулы есімдерді етістіктере меңгеріп, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынас құрады. Мысалы, **köngülidin chiqti** / көңгулидин чиқти/ (108) – көңілінен кетті, **aldi ayzidin** /алды ағзыдын/ (94) – аузынан алды, **qopdi orunidin** /қопты оруныдын/(122)–орнынан тұрды.

Толықтауыштық қызметте жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналары мынадай болады:

Істің басталу, болу орнын, мағлұматын білдіреді. Мысалы, **yaqdi kökdin** /йақды көкдін / (131) – аспаннан жауды, **keldi burunidin** / келді буруныдын/ (135)–мұрыннан ақты, **tiledi sultandin** /тіледі султандын/ (137) – сұлтаннан сұрады, **qildi yamanliqdin** / қылды йаманлықдын/ (102) – жамандықтан қорғады, **dostliqdin berdi** /достлықдын берді/ (103) – достықтан берді, **aldi dewitdin**/ алды дөуітдін/ (115)–сиядан алды, **tiledi andin** / тіледі андын/(138) – одан сұрады.

Жатыс жалғаулы есімдерді меңгере алатын етістіктер «Мукаддимат әл - Адаб» тілінде көп емес. Мұндай сөз тіркестері мынадай қатынастарда жұмсалады.

Объектілік (толықтауыштық) қатынастағы сөз тіркестерінің мағыналары қимыл процесінің қандай да бір затпен байланыста бола алатынымен, бірдеңенің кімде екенін білдіреді. Мысалы, **öldürdi atmaqda** /өлтүрді атмақда / (97)– оқ атуда өлтірді, **arçiladī arasīda** /арчылады арасыда/ (105) – арасында тұрды, **dirikledi orında** /дирикледі орында/ (110)–орнында өмір сүрді, **boldi ilimde** / болды илимде/ (113)–ғылымда сараң болды.

Ескерткіш тілінде мекендік мағынада көбінесе зат есімдер қолданылады. Мысалы, **turdi saraıda** /турды сарайда/ (109) – сарайда тұрды, **t. orında** /турды орында/ (109) – орнында тұрды, **turlaqladī saraıda** турлақлады сарайда(110) – сарайда орнасқан, **saraıda turyan** /сарайда тұрған/ (110) – сарайда тұрған, **töşedi saraıda** /төшеді сарайда/ (139)–сарайда төседі **turyan yerde** /тұрған йерде/ (115) – тұрған жерде, **qildi işde** /қылды иште/ (98) – істе көрсетті.

Сабақты және кейбір салт етістіктер көмектес жалғауы жалғанған есім сөздерді меңгеру арқылы сөз тіркесін құрайды. Көмектес жалғауын меңгерген есімдер етістіктерге меңгерілу арқылы толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастар болады[113,76].

Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері көмектес септігінде тұрып, етістіктермен объектілік қатынас құрады. Ескерткіш тілінде көмектес септігіндегі объектілік қатынастағы сөз тіркестері жиі кездеседі. Олардың объектілік мағынасы әр түрлі болады. Оның да жасалу жолына қарай себебі бар. Біріншіден, көмектес септігіндегі бағыныңқы сөздердің нені білдіретінімен байланысты болса, екіншіден, оларды меңгеретін етістіктердің мағыналарының әр алуан болуымен байланысты. Осы негізде сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

Құралдық және материалдық. Құрал-сайманның атын білдіреді не көмектес жалғаулы зат есім істелетін істің неден, қандай заттан жасалатынын не соның қатысымен істелетінін білдіреді: **altun birle bezedi** /алтун бірле безеді / (99) – алтынмен безендірді, **urdī qamçī birle** /урды қамчы бірле/ (140) – қамшымен ұрды

Заттық. Бірқатар зат есімдер көмектес жалғаулы етістіктермен тіркескенде, қимылдың заттық объектісі ретінде жұмсалады.Мысалы, **auçladī elik birle** /аучлады елік бірле/ (94) –қолымен алды, **batmanladī elik birle** / батманлады елік бірле/ (112) – затты қолмен өлшеді, **dapşidī ayaqī birle** /дапшыды аяқы бірле/ (137)– аяғымен тепті.

Бірлестік. Көмектес жалғаулы кісі аттары және кім? деген сұраққа жауап беретін сөздер көбінесе ортақ етіс тұлғалы салт етістіктермен тіркесіп, бірлестік мағынасында жұмсалады.Мысалы, **köreşti anıng birle** /көрешті аның бірле/ (93) – онымен жауласты, **meze taptī anıng birle** /мезе тапты аның

бірле/ (101) – дәм тапты, **dostlaştı anıing birle** /достлашты аның бірле/ (103) – онымен достасты.

Көмекші есімдер ілік септігіндегі сөздермен тәуелдікжалғауында тұрып байланысады. Олар сол тобымен етістікке бағынып, етістікті сөз тіркестерінің құрамына еніп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, **kelening arasında urdı** /келенің арасында урды/ (96) – малдың ортасына ұрды, **ewning yanında durur** /евнің йанында дуруп/ (110) – сарай жанында тұрды.

Ескерткіш тілінде сөздер тек жеке-дара тұрмайды. Жай сөйлемдер мен сөз тіркестері де кездеседі. Сөз тіркесі бола алатын сөздерді есімді және етістікті деп екі топқа бөліп қарастырдық. Сөз тіркесінің байланысу тәсіліне қарай ажыратылды: орын тәртібі арқылы, жалғаулар арқылы және шылаулар арқылы байланысу тәсілдеріне жататын тіркестер анықталды. Сондай-ақ сөз тіркестерінің байланысу түрлеріне талданды. Қиысу, қабысу, матасу, меңгеру және жанасу тіркестері ажыратылды.

2.5 Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігі

Қазан революциясына дейін түркі тілдерінің синтаксистік құрылысы кешенді зерттелмеді. Синтаксис мәселелерінің қамтылған уақыты 20 жылдардан басталды. Бұл кезде сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз қазірде қолданылып жүрген тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер, олардың түрлері, әр мүшенің грамматикалық белгілер мен орналасу тәртібі, қай сөз табынан болатындығы қамтылып, жай сөйлемдер өз ішінен толымды, толымсыз, болымды, болымсыз, хабарлы, сұраулы, лепті, тілекті, бұйрықты деп бөлінді. Сөйлем мүшесі бола алмайтын оқшау сөздер көрсетілді. Құрмалас сөйлемдер мен олардың түрлері талданды.

30 жылдардың екінші жартысында мақалалардың басым көпшілігі сөйлем мүшелерін талдауға арналды. С.Жиенбаевтың «Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы» мақаласы жарияланды. Мақалада автор үйірлі мүшені танытатын үш түрлі белгі бар дейді де, оларға: а) үйірлі мүше тобымен жүреді, бірінен бірі айырылмайды; ә) интонациялық жақтан жай мүшелер сияқты; б) өзіндік үзілісі (пауза) жоқ. Осы мақаланың толықтырылған түрі 1936 жылы «Труды казахского института национальной культуры» дейтін жинақта жарық көрді [141, 70 б.].

Елуінші жылдарға дейін жанама толықтауыш пен мекен пысықтауышын бір-бірінен ажыратуда көптеген қайшылықтар болды. Бұл, әсіресе, оқыту ісіне үлкен зиянын тигізді. Мұны бірізге келтіру мақсатымен «Халық мұғалімі» журналы М.Балақаевтың мақаласын жариялап, соның негізінде пікір алу ұйымдастырды. Бірнеше жылға созылған пікірталас

«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1959 жылғы екінші санында қорытындыланды.

1936 жылы орта мектепке арналған тұңғыш оқулықтың авторы Қ.Жұбанов жай сөйлемдерді мағынасына және құрылысына қарай бөлді. 1939 жылы С.Аманжолов пен Н.Сауранбаев авторлығымен шығарылған «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықтан бастап атаулы сөйлем қосылды. Бірақ бұл сөйлемді С.Аманжолов жай сөйлемдердің мағынасына қарай жіктелген тобына қосса [142, 17 б.], Н.Сауранбаев құрылысына қарай жіктеді [138, 191 б.]. 30 жылдардың аяғына дейін жай сөйлемдердің қазіраталып жүрген түрлерінің барлығы да тегіс қамтылды. Сондай-ақ сөйлем мүшелерінің құрылыс сипаттары – күрделі, үйірлі, бірыңғай мүшелері синтаксистің күрделі бір саласы ретінде қарала бастады. Ал 40-жылдардан бері бұрын айтылмаған тың жаңалықтарды ашу бағытында емес, сөйлем мүшелері мен түрлерін тереңдете зерттеу мақсатында жүргізілді.

1940 жылы С.Аманжоловтың «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» атты оқулығы жарыққа шықты. Мұнда сөйлем мүшелері, сөз таптарының сөйлем мүшесі болуы, сөйлем мүшелерінің өзара байланысы, жалғаулар мен шылаулардың қызметі, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, олардың түрлері сөз болды.

1941 жылы С.Жиенбаевтың «Синтаксис мәселелері» деген шағын кітапшасы шықты. Сөйлем мүшелерін жіктеу жайлы аз -кем мәлімет бергені болмаса, бұл кітапшаның алға қойған негізгі мақсаты – құрмалас сөйлемді жіктеу болған.

Синтаксистің негізгі нысаны сөйлем емес, сөйлемнің өзі сол сөздер тіркесінің бір түрі ғана дейтін пікірді орыс тіл білімінің көрнекті өкілі Ф.Ф.Фортунатов пен оның көп шәкірттерінің бірі – М.Н.Петерсон қолдады. М.Петерсон 1923 жылы жариялаған «Очерки синтаксиса русского языка» дейтін еңбегінде синтаксистің ең түйінді мәселесі және негізгі нысаны – сөз тіркесі, сөйлем сөз тіркестерінің бір түрі деп жазды [116, 28 б.].

Сөйлем – белгілі бір мағыналық және интонациялық тұтастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланысқан сөздер тізбегі ретінде тілдің кіші бөлшегі. Сөйлем логикалық пікірмен қатысты, бірақ онымен парапар емес: Әрбір ой сөйлем түрінде беріледі, бірақ кез-келген сөйлем пікірді білдіре алмайды. Сөйлем адам әрекетін білдіре отырып, оның еркі мен сезіміне қатысты эмоциялық, сезімдік ұғымдарды білдіруге де қызмет етеді. Сөйтіп, , біршама тиянақты ойды білдіре алатын сөздер тобын сөйлем деп атаймыз [92, 137 б.].

Қазақ тіл білімінде де, түркітануда да жай сөйлемдер жүйесі «бастауыш-баяндауыш» болып құралған сөйлемдерді зерттеу арқылы танылып келеді. Синтаксистің ең үлкен саласы – жай сөйлемдердің зерттелу тарихы ілгеріректе басталғанымен, оған қатысты шешілмеген біраз мәселелер әлі де жүйелі шешімін күтуде. Тілдік тәсілдердің қолданылу орны мен жұмсалыу жүйелеріне ат қойып, айдар таққан А.Байтұрсынов болса,

олардың қалыптасу, даму, жұмсалы заңдылықтарына ерекше күш салған – Қ.Жұбанов еді. Лингвист Қ. Жұбанов сөйлем мүшелерінің бұл күндегі орналасу тәртібі ертеде өзгеше болғанын айтады [143,76 б.]. Ғалымның келтірген ғылыми болжамдары мен пайымдары әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай келеді. Тек сөйлем мен сөйлем мүшелеріне ғана қатысты емес, сөз тіркестерінің тарихына қатысты пікірлерінің де маңызы зор. Шынында да, «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі сөйлем құрылысы осыған дәлел болмақ. Мысалы, **Töküldi yamyur tayi qan** /төкүлді йамғур тағы қан/ (107) – жаңбыр мен қан төгілді; **muqim boldi sarajda** /муқым болды сарайда/ (110)–сарайда өмір сүрді; **'imar qildi asbabni** |имар қылды асбабны/(93) – мал мүлікті жабдықтады; **'imaret qildi ani** /имарет қылды аны/ (93) – оны жабдықтады; **a. auci quşlar auni** /аулады аңшы қулар ауны / (93) – аңшы құстарды аулады; **aldi andin borčni** /алды андын борчны/(94) – одан қарыз алды; **aldi sözni aning ayzidin** /алды сөзні аның ағзыдын/ (94) – оның аузынан уәдесін алды. Мұнда сөйлемдердің қазіргі кездегі байланысымен салыстырғанда ерекшелігін байқау қиын емес. Яғни, баяндауыш болатын сөйлем мүшесі сөйлемнің басында кездесіп отырады.

Сөйлем құрылысына қарай жай және құрмалас сөйлем деп екіге бөлеміз. Бір ғана ойды білдіріп, бір ғана интонациямен айтылатын сөйлем түрін жай сөйлем деп атаймыз [92,138 б.]. Ал күрделі ойды білдіретін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде құрмалас сөйлемнің түрін кездестірмедік. Сондықтан, жәдігерлік тілінде кездесетін жай сөйлемдерді мағыналық түріне ажыратуды жөн көрдік. Мысалы, **Bögri boldi qari** /бөгрі болды қары/(123)–қария бүкір болды; **layiq boldi ter** лайық болды тер (95)– жалақы сай болды; **oqşat[t]ilar bir birige** /оқшаттылар бір біріге/ (95)– бір–біріне ұқсатты т.б.

1960-1970 жылдары К.Аханов жай сөйлемдерді бір құрамды, екі құрамды, бір тұрлаулы мүшелі, екі тұрлаулы мүшелі деп топтастырып қарастырды [144,76]. Ал М.Балақаев пен Т.Сайрамбаевтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында жай сөйлемдерді құрамдық ерекшелігіне қарай жалаң және жайылма болып екі түрге бөледі [145,99б.]. Ғалым А.Ұстағалиева «Қазақ тілінің жай сөйлемі» еңбегінде жай сөйлемдерді жалаң, жайылма, жақты, жақсыз, толымды, толымсыз және атаулы деп ажыратады [146,51-53 б.].

Жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, ескерткіш тіліндегі жай сөйлемдерді ажыраттық. Тіліміздегі жай сөйлемдер құрылысы жағынан екі тұрлаулы мүшеге негізделеді. Ал кейбір сөйлемдерде бір тұрлаулы мүшеге негізделіп құрылады.

Сонымен, ойды білдіруде тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай жай сөйлемдер жалаң және жайылма сөйлем болып екіге бөлінеді. Тек бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемдерді жалаң сөйлемдер деп атайтынымыз белгілі. Олай болса, ескерткіш тілінен жалаң сөйлемдерге мына мысалдар дәлел: **qul boldi** /қул болды/ (122)–құл болды, **botaladi tewe** /боталады тіші теве/ (122)–түйе боталады, **qobardi toz** /қобарды тоз/ (122)–шаң қопарды,

tamam yıl /тамам йыл / (120) – жыл өтті, **tutuldi aı** /тутулди ай/ (112) – ай тұтылды, **tutaštı ot** /туташти от/ (112)–от тұтанды, **aridi xatun** /арыды хатун/(105)– әйел тазарды т.б.

Ал тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де қатысқан жай сөйлемнің іргесі толығып, кеңейген сөйлем жайылма деп аталады. Ескерткіш тілінде жайылма сөйлемдер кездеседі. Мысалы, **arıq boldi yer** /арық болды йер/ (105)–жер таза болды, **arıq dostluq qıldı anıng birle** /арық дослуқ қылды аның бірле/ (105)–олар таза достық орнатты, **tatliq keldi ayızya** /татлық келді ағызға/ (101) – ауызға тәтті келді, **aqzi acilmayan yuze** /ақзы ачилмған йузе/ (99)– аузы ашылмаған мақта, **ayız ačtı ruze tutqan** /ағыз ачты рузе тутқан/ (99)–ораза тұтқан ауыз ашты.

Жақты сөйлемдер – баяндауыштың жақтық тұлғаларына үйлескен, грамматикалық бастауышы бар сөйлемді атаймыз. Сөйлемде жақты сөйлемдердің бастауышы ерекше айтылмаса да қай сөз екені айқын көрініп тұрады. Мысалы, **kele kirgen su** /келе кірген су/(96)– малға кірген су, **indedi anı iş üçün** /індеді аны іш үчүн/ (96) – Оны іс (жұмыс) үшін шақырды, **öldürdi anı oq atmaqda** /өлтүрді аны оқ атмақта/(97)– оны оқ атуда атып өлтірді.

Жақты сөйлемнің бастауышы мынадай жағдайда түсіріліп айтылады:

а) Бастауыш қай сөз екенін баяндауыш арқылы айқын болып тұрғанда, бастауышқа ой екпіні түспесе, ол ерекше айтылмайды немесе істің иесі кім екендігі анық болып, жақ жағымен қиысып байланысқанда, бастауыш жасырын беріледі: **aylaq qıldim filan kişi birle** /ағлақ қылдым фiлан кіші бірле/ (96) – осындай адаммен байланыстым, **q. a. filan iş birle** /қорқутти аны фiлан иш бирле / (96) – оны бір іспен қорқытты; **öltürdi qurban tewesini** /өлтүрді қурбан тевесіні/ (97)– құрбандыққа шалынған т.б.

Жақсыз сөйлемде айтылатын ой тек баяндауыш арқылы түзіледі. Сөйлемде атау тұлғасында тұратын субъект иесі болмайды және оны баяндауыш арқылы тауып алу да мүмкін емес. Байқағанымыз, автор барлық сөйлемдерді үшінші жақта бергендіктен, жақсыз сөйлемдерді кездестіре алмадық.

1950 жылдан бері жай сөйлемнің бір түрі жақсыз сөйлемдер, сондай-ақ, атаулы сөйлемдер фактологиялық материалдарға сүйеніп, зерттеліне бастады. Жақсыз сөйлемдерге арналған монографиялық еңбектерінде Көпбаева Ж.С. қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдерді баяндауыштың жасалу ыңғайына қарай, қандай тұлғалардан жасалғанына байланысты, оны үш топқа бөліп қарап, әрқайсысын ана тіліміздің фактілерімен дәлелдеп, маңызды түйін жасады [146,98].

Ойға қатысты сөйлем мүшелері түгел айтылған сөйлемнің түрін толымды сөйлем деп атаймыз. [147,53 б.]. Мысалы, **bütün boldi anıng qatında iş** /бүтүн болды аның қатында іш/ (128) – оның жанында жұмыс аяқталды, **bezedi anı altun suyı ya күмүш suyı birle** |безеді аны алтун суғы йа күмүш суғы бірле|(133) – оны алтынмен және күміспен безендірді, **yedürdi**

ol aqnı qızıl birle /йедүрді ол ақны қызыл бірле/(133)– ол ақты қызылмен жегізді, **waqt boldi sanqa filan işni qılsang** /вақт болды санқа филан ішні қылсан/ (130)–саған мұндай жұмысты жасайтын уақыт келді, **yaptı bulut kökni** /йапты булут көкні/ (128) – бұлт көкті жапты, **tamam berdi anqa haqni** /тамам берді анқа хақні/ (127)– оған толық ақысын берді, **dewlet berdi tengri anqa düşmanidin** /девлет берді тенгри анқа душманыдын/ (126) –Тәңірі оған дұшпанның қайырымын берді, **butrattı alarnı rüzgār** /бутратты аларны рүзгар/ (126)–тағдыр оларды айырды т.б. Бұл сөйлемдерде ойға қатысты сөйлем мүшелері түгел қатысқан.

Тұрлаулы мүшелерінің біреуі не екеуі де жоқ болса, сөйлем толымсыз деп аталады. Ғалым А.Ұстағалиева толымсыз сөйлемдерге мынадай анықтама береді: ойға қатысты сөйлем мүшелері түгел айтылмаған олқы сөйлемдер толымсыз сөйлемдер деп аталады [147,53 б.]. Толымсыз сөйлемдерде тұрлаулы мүшелердің бірі түсіріліп айтылады. Түсірілген сөз қай сөз екені басқа мүшелерінің қатынасынан белгілі болып тұрады. Мысалы, **egriliq qıldi anqa** /егрілық қылды анқа/ (126)–онымен қарым-қатынаста әділетсіз болды, **boyadī barmaqīning başini** /бойады бармақының башыны/ (124)–тырнағын бояды т.б. Мұнда бірінші сөйлемде ол есімдігі түсіріліп айтылған. Ал екінші сөйлемде істің иесі белгісіз болғандықтан толымсыз сөйлемге жатқыздық. Ал профессор Қ.Жұбанов толымды және толымсыз сөйлемдерді «толық сөйлем» және «олқы сөйлем» деген атауларымен атайды да, «негізгі мүшелер түгел (бастауышы да баяндаушы да бар) сөйлемді толық сөйлем дейміз», ал «негізгі мүшенің (бастауыш пен баяндауыштың) біреуі не екеуі де жоқ болса, сөйлем олқы сөйлем деп те аталады» деген анықтама береді [143, 146 б.]. Толымсыз сөйлемдер қазақ тіл білімінде әлі де түпкілікті зерттеуді қажет етеді. Оқулық көлеміндегі жұмыстарда бұл мәселе тек шолу жасаумен ғана шектелген. Осы кезге дейінгі барлық грамматикаларда толымсыз сөйлемдер жай сөйлемнің бір түрі ретінде енгізіліп келді. Бұл еңбектерде аталған сөйлем түріне берілген анықтамалар, негізінен, ойға қатысты сөйлем мүшелерінің түгел қатысу, қатыспауын басшылыққа алған. Дегенмен, қазақ тіл білімі мамандарының арасында толымсыз сөйлемге бірізді берілген анықтама жоқ

Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер болып бөлінетіні белгілі. Біз зерттеп отырған ескерткіш тілінде хабарлы және бұйрықты сөйлемдердің түрлері кездеседі. Сұраулы сөйлемдерді кездестірмедік. М.Балақаев пен Т.Сайрамбаевтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында сөйлемнің түрлеріне арнайы тоқталып, хабарлы сөйлемдерге мынадай анықтама береді: Бірдененің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем хабарлы сөйлем деп аталады [145, 15 б.]. Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әртүрлі болады. Олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, сөйлем мүшелерінің, әсіресе, баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты.

Баяндауыштарының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай хабарлы сөйлемдер болымды және болымсыз болып екі түрге бөлінеді [148, 16 б].

Ескерткіш тілінде болымды сөйлемдер кездеседі. Мысалы, **yük saldı kemege** /йүк салды кемеге/ (94) – кемеге жүк садақ салды, **öldürdi anıoq atmaqda**/өлтүрді аны оқ атмақда/ (97)– оны оқ атуда өлтірді, **amanat qoıdı anıng qatıda** /аманат қойды аның қатыда/ (99)–оған аманат етті, **emin qıldi anı yamanlıqđin**/емин қылды аны йаманлиқдин/(102)–оны жамандықтан қорғады, **eng keyinki qalyan at** /ең кейінкі қалған ат/ (103)–ең соңғы қалған ат т.б.

Болымды сөйлем – объективті болмыстың, ойлаған ойдың, іс-әрекеттің орындалғанын не орындалатынын хабарлайтын сөйлем. Болымды сөйлем болымсыз сөйлемге қарама-қарсы қойылып қаралады. Мысалы: **Amin aıti anıng duasıqa** /амин айты аның дуасықа/ (100)–оның дұғасына әумин деді, **Emin qıldi anı yamanlıqđin** /емин қылды аны йаманлиқдин/(102)–оны жамандықтан қорғады, **Bitidi anıng atını diwanda** /бітіді аның атыны диwанда/ (118)–оның атын кереуетте жазды. **Dewlet berdi tengri anqa dūšmanıdin**/деwлет берді тенгри анқа душманыдын/ (126)–Тәңірі оған душпанның қайырымын берді.

Қазақ тіл білімінде сөздің болымсыздық мағынасы, оның берілу жолдары ғылыми грамматикаларда, оқулықтарда сөз болған. Мысалы, «Қазақ грамматикасында» «етістік білдіретін қимыл, іс-әрекеттің қарама-қайшы мәні, ол мағынаның болмауы етістік түбірлеріне (негізгі, туынды, күрделі), етістіктің лексика-граматикалық категориялары тұлғаларына – ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшасы қосылу арқылы жасалады да, тек етістіктің болымсыздық түрін жасап қоймайды, болымдылық мәнге қарама-қайшы етістіктің болымсыздық категориясын да жасайды» – деп көрсетілген [120, 62]. Болымсыз ұғымның болымсыз сөйлем мағынасына сай келетіндігі және оның берілу жолдары қазақ тілінде болымсыз сөйлемдерге қатысты еңбектерде де айтылған. Профессор С.Аманжоловтың «Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша ғылыми курсы» деген кітабында хабарлы сөйлемдердің бір түрі ретінде танылып, -ма (-ме, -па, -пе, -ба, -бе) қосымшасы арқылы емес, жоқ сөздері арқылы жасалатындығы аталып өткен [142, 30 б.]. Болымды, болымсыз сөйлем туралы М.Балақаевтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Болымды, болымсыз сөйлемдер хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдерге бірдей ортақ болатын сөйлемнің ерекше тағы бір түрі» – делінген [145,56 б.]. Есім сөздердегі болымсыздық туралы Н.Сауранбаев былай дейді: «Есім сөздердегі ұғымның болмыспен байланысы заттың не сапаның шын я жалған екендігінен байқалады. Бұл қарағаш емес, долана, мына шыт әдемі емес, ана шыт әдемі дегенде долана, қарағаштардың не шыт сапасының қандай екендігі ұғынылады» [138,5 б.]. Сондай-ақ «Қазіргі қазақ тілі» атты бірінші ғылыми грамматикада етістіктің болымды, болымсыз түрлерінің болуы, етістіктің басқа сөз

таптарынан үлкен айырмашылығының бірі ретінде алынып, оның лексикалық сапасына жататындығы айтылған [149].

Етістіктің болымсыздық түрі туралы мәлімет И.Мамановтың еңбегінде толығырақ берілген. Бұл еңбегінде автор бұрын көңіл бөлінбей келген күрделі етістіктегі болымсыздық көрсеткіштердің қолданылуына тоқталады. Ол күрделі етістіктің болымсыз түрі үш вариантта қолданылатынын көрсеткен:

1. Етістіктің болымсыздық қосымшасы күрделі етістіктің алдыңғы сыңарының құрамында келу арқылы;

2. Көмекші етістікке болымсыздық қосымша жалғану арқылы немесе жоқ сөзімен тіркесу арқылы жасалады;

3. Күрделі етістіктің құрамындағы екі сыңары да -ма/ме қосымшасы арқылы болып болымсыз формада жұмсалады [150, 5 б.]. Етістіктің болымсыздық түрін білдіретін –ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) қосымшасы және емес, жоқ сөздері барлық формада бірдей талғамсыз қолданыла бермейді. Олар белгілі бір жүйелі тәртіпке әрқайсысы өзіне қатысты етістік формада жұмсалады. Сөз таптарының ішінде сын есімде де болымсыз мағына бар. Ол сын есімнің сөзжасамдық –сыз, -сіз, -бей, -на жұрнақтары арқылы жасалады. Ескерткіш тілінде болымсыз сөйлемдер көбіне осы тәсіл арқылы жасалады. Мысалы, **Bereketsiz qıldi tengri asiqnı** /берекетсіз қылды тенгри асықны/ (117) – Тәңірі пайданы берекесіз қылды; **Ariqşiz boldi neme** арықсыз болды неме/ (125) – зат таза болмады; **Mezesiz boldi anga tiriklik** /мезесіз болды анга тирликлик/ (101) – өмір оған жағымсыз болды; **Ariqşiz boldineme** /арықсыз болды неме/ (125) – зат таза болмады т.б.

Хабарлы сөйлемдер бірсыдырғы баяу әуенмен айтылады. Ескерткіш тілінде хабарлы сөйлемдер белгілі бір болған оқиғаны баяндау мақсатында айтылады.

Бұйрықты сөйлем – біреуге бұйыру, тілек – өтініш ету мақсатында айтылған сөйлем. Бұйрықты сөйлемде интонация біркелкі бола бермейді: бірде хабарлы сөйлем интонациясымен айтылса, бірде лепті сөйлем интонациясымен айтылады да, соған сәйкес сөйлем соңында нүкте(.) я леп белгісі(!) қойылады. Бұйрықты сөйлемнің баяндаушы етістіктің бұйрық рай тұлғасынан және бұйрық не шартты рай тұлғасына тілек-өтініш мәнді –шы, -ші жұрнағының үстеуі арқылы жасалады.

Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары етістіктің бұйрық және қалау райлары арқылы жасалады:

Баяндауыштары бұйрық райының II жағында болса, Бұйрықты сөйлем талап, тілек мәнінде айтылады. Мысалы **abadanlıq bolsun sanqa** /абаданлық болсун санқа / (93) – саған жақсылық болсын!

Баяндауыштары етістіктің қалау, бұйрық райлары тұлғасынан жасалғанда, бұйрықты сөйлем ұран, үндеу мағынасын білдіреді: **Menim başim janim bolsun** /менім башым жаным болсун/ (100) – менің басым жаным үшін болсын!

Сөйлем құрамындағы сөздердің өзара тіркесуі арқылы белгілі қызметте жұмсалатындығы, сөйлемдегі тиянақты ойды жеткізуде олардың басты орын алатындығы жай сөйлем синтаксисінің зерттелу нысанынан тыс қалмайды. Сөйлем құрамындағы сөз тіркестері сыңарларының еш кедергісіз сөйлем мүшесі қызметіне ауысатыны табиғи құбылыс болып табылады [151,54 б.]. Яғни, сөйлемдегі бір сөз тіркесі – екі сөйлем мүшесі. Сөйлем құрамындағы қиысу бастауыш пен баяндауыш (тұрлаулы мүшелер). Сөз тіркесінің басқа байланысу түрлерінің анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста (тұрлаусыз мүшелер) болуы – заңдылық. Тұрлаусыз мүшелердің қай сөйлем мүшесіне қызмет жасайтынын айыра білу – сөздердің байланысу тәсілдерін жетік меңгеру [152,67 б.]. Ал көп мүшелі сөйлемдерде, негізінен, тұрлаусыз мүшелер баяндауышқа қызмет жасап, баяндауышпен байланысуға бейім келеді. Сондықтан, сөз тіркесі – әрі тіркес, әрі сөйлем деген қағида үнемі жаңғырып тұрады. Жай сөйлем синтаксисі сөйлем мүшелерінің болмысын бағамдаудан басталады. Сөйлем желісін керіп тұратын екі қазығы – бастауыш пен баяндауыш. Тұрлаулы мүшелердің синтаксистік қызметі бірдей емес. Әдетте, бастауыш сөйлемде айтылатын ойға негіз болады, ол баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның субъектісі (иесі) болады [153,78 б.]. Баяндауыш бастауыштың ісін, қимылын, күйін және басқа заттық, сындық сапасын білдіріп, бастауышқа бағынады. Бұл жағынан тұрлаулы мүшелердің негізгісі – бастауыш, бірақ сөйлемдегі қызметі жағынан бастауыштан гөрі баяндауыштың синтаксистік қызметі анағұрлым басым болатыны белгілі [154,90 б.]. Баяндауыш – сөйлемнің ең негізгі ұйымдастырушы мүшесі. Бұдан әрі тұрлаулы мүшелердің жасалу жолдарын жан-жақты талқылай отырып, тұрлаулы мүше болмайтын сөз табы, тұрлаулы мүше болмайтын көмекші сөз жоқ екендігіне дәлелді мысалдармен дәйекті сараптама жасайды.

Сөйлем мүшесі деп сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін толық мағыналы сөзді, сөз тіркесін не күрделі сөзді атаймыз

Сөйлем мүшелері сөйлемдегі маңызына, қызметіне қарай тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді [155,87 б.].

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі мағынаны, ұғымды білдіріп, ой білдіруге себебін тигізіп тұрады. Сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі бір сұраққа жауап бере алатын мағыналы сөзді я сөз тізбегін сөйлем мүшесі дейміз [156,54]. Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш болып беске бөлінеді. Олар сөйлем құрай алу қасиетіне байланысты тұрлаулы мүше және тұрлаусыз мүше болады. Бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер, ал анықтауышты, толықтауышты, пысықтауышты тұрлаусыз мүшелер дейміз.

Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қиыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі? және басқа сөз

топтарының заттанып, атау септігіндегі сұрақтарына жауап береді. Бастауыш қызметінде жұмсалған сөз не сөз тіркесі атау септігінде тұрады [145,102 б.] Бастауыш атау септігінде зат есім мен есімдіктен болады: **Үapti bulut kökni/** йапты булут көкні/ (128) – *бұлт* көкті жапты, **kerü qoïdi ol neme üçün /**керу қойды ол неме үчүн/ (138)–сол *zат* үшін артқа қойды, **kitab içinde filan neme bar** кітаб ішінде філан неме бар(139)–кітаптың ішінде *zат* бар, **urdі ol kelening sayrısini qamçi birle /**урды ол келенің сағрысыны қамчы бірле/(140) – *ол* жылқынының арқасын қамшымен ұрды.

Сөйлемде бастауыш қызметін атқаратын сөздер, негізінен, зат есімдер болғанмен, олардың бастауыш бола алу қабілеті бірдей емес. Бастауыш – іс істеуші қимыл иесі болып табылады. Зат есімдердің бастауыш болу қабілеті бірдей болмағанмен, бастауыштық тұлғасы бірдей. Ол – атау септігінде тұратын заттық ұғым болуы шарт. Бастауыш қызметіндегі зат есімдер баяндауыш арқылы айтылған істің арнаулы иесі болып табылады. Зат есімдер сөйлемде тұрып, көптік, тәуелдік ұғымдарды білдіріп, бастауыштың қызметін атқарады.

а) өздерінің лексикалық мағынасында көптік ұғымы бар зат есімдер жекеше тұрғанда да бастауыштың қызметін атқарып, көптік мағынаны білдіреді. Мысалы, **yeşilyan saç /**йешілған сач/ (98)–жайылған *шаш*, **qan keldi burunidin /**қан келді буруныдын/ (135)–мұрыннан *қан* ақты, **töküldi yamyur /**төкүлді йамғур/ (135) – *жаңбыр* төгілді, **qar yaqdi kökdin bizge /**қар йақды көкдін бізге/ (131)– бізге көктен *қар* жауды, **qar salur yer /**қар салур йер/(131)–*қар* тастайтын жер, **bulyançaq boldi su /**булғанчақ болды су/ (125)–су лайқа болды т.б.

ә) тәуелдік жалғаулы зат есімдер бастауыштың қызметін атқарып, заттың кімге, неге тәуелді екенін білдіреді. Мысалы, **menim başim janim bolsun /**менім башым жаным болсун/(100)– менің *басым* жаным үшін, **yapayu boldi saçi /**йапағу болды сачы/ (139)– *шашы* түсті т.б.

Жоғарыдағы мысалдарда зат есімнен болған бастауыштарға мысалдар берсек, ескерткіш тілінде зат есімдерден кейін ең жиі есімдіктерден жасалған бастауыштар жиі кездеседі. Бастауыш қызметінде жиі жұмсалатын, зат есімдердің орнын басатын жіктеу және сілтеу есімдіктері. Мысалы, **urdungiz siz barça erenler /**урдунгыз сіз барча еренлер/ (140) – сіз барлық ерлерді ұрдыңыз, **urdung sen er /**урдуң сен ер/ (140)–сен еркекті ұрдың, **sen xatunring quli /**сен хатунның қулы/ (132) – сен әйелдің құлысың, **urdі ol xatunі /**урды ол хатуны/ (125) – ол әйелді ұрды, **urdі siz barça xatunlarni /**урды сіз барча хатунларны/ (125) – сіз барлық әйелдерді ұрдыңыз т.б.

Баяндауыш – сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын, іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (1-2 жақта) түрде қиыса байланысын қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыш не істеді? қайтті? неғылды? деген сұрақтарға жауап береді. Кейде сөйлемде бастауыш тасаланып жасырын да тұрады, ал оның қай сөз екенін баяндауыштан анықтауға болады. Мысалы, **çadur tikdi yerde/**чадур тікді

йерде/(129) – жерге шатыр *тікмі*, **Waqt boldi sanqa filan işni qilsang** /вақт болды санқа филан ішні қылсаң/ (130) – мұндай жұмысты жасайтын уақытың болды. Болды түбірі сөйлемді тиянақтап, баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Ескерткіш тілінде баяндауыштар бірнеше сөз табынан жасалады. Зат есімдер түрлі тұлғада тұрып та, түбір күйінде тұрып та, кейбір септік жалғаулары жалғанып та баяндауыш қызметінде жұмсала береді. Мысалы, **sening basing janing üçün** /сенің башың жаның үчүн/ (134)–сенің басың *жаның үшін*, **qulaqqa yeter saç** қулаққа йетер сач (134)–қулаққа жетер *шап*, **qulaq qiriyi kesük qoi** /қулақ қырығы кесүк қой/ (135) – қулақ ұшы кесік *қой*, **yoqariyi erini aq at** /йоқарығы еріні ақ ат/ (141)–жоғары ерні ақ *ат* т.б.

Бұл келтірілген мысалдардан баяндауыш қызметіндегі зат есімдерді байқауға болады. Сөйлемнің соңында келіп, ойды тиянақтап, баяндауыш болып тұр.

Ескерткіш тілінде бар және жоқ сөздері де ойды тиянақтап баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы, **kitab içinde filan neme bar** /кітаб ішінде філан неме бар/ (139) – кітаптың ішінде бір зат бар т.б.

Баяндауыш болатын негізгі сөз табы – етістік. Жақ –жағымен бастауышпен қиысып, баяндауыштың қызметін атқарады. Мысалы, **tengeştirdi ol nemeni ol nemege** /теңештірді ол немені ол немеге/ (140)–ол затты оған теңеді, **urdı bizlerni** /урды бізлерні/ (125)–бізді урды, **urdı alar barça xatunlarni** /урды алар барча хатунларны/ (125)– олар барлық әйелдерді урды т.б.

Сөйлемде тұрлаулы мүшелерден басқа тұрлаусыз мүшелер де бар. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің негізі болып, тиянақты етсе, тұрлаусыз мүшелерде ондай қасиет болмайды. Тұрлаусыз мүшелер бас мүшелердің маңына жиналып, істі, әрекетті анықтап, пысықтап, толықтырып тұрады.

Сонымен, атау мен ілік септігінен басқа септіктердің бірінде тұрып, ойды заттық мағына жағынан толықтырып тұратын сөйлем мүшесін толықтауыш деп атаймыз. Толықтауыш болатын сөздер мынадай сұрақтарға жауап береді: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? кім (не) туралы жөнінде? кім (не) жайында? т.б. Мысалы, **Tamam berdi anqa haqni** /тамам берді анқа хақни/ (127)– оған толық **ақысын** берді. **Yapti özige tonlarni** /япты өзіге тонларны/ (128) – **өзіне** тонын жапты. **Bürünçek kejdürdi anqa** /бүрүнчек кейдүрді анқа/ (128) – **оған** кимешек кидірді. **çapti anı qılıç birle**/чапты аны қылыч бірле/(129)–**Оны** қылыш үшін шапты. Жоғарыдағы мысалдарда толықтауыш қызметін атқарып тұрған сөздер: **ақысын, өзіне, оған, оны**. Барыс және табыс септіктерінде тұрып, толықтауыш қызметін атқарып тұр[157,65 б.].

Толықтауыш жайлы М.Балақаев: «Жай сөйлемдерді жайылмаға айналдырып, іргесін ары қарай кеңіте беруге діңгек болатын тұрлаусыз мүше, алдымен, толықтауыш,»– деп аталады[145,35 б.] Сөйтіп, толықтауыш – қимыл әрекеттің объектісі болатын мүше. Ғалым М.Балақаев

толықтауышты екі түрге бөліп қарастырады: тура толықтауыш және жанама толықтауыш.

Табыс септігінде жұмсалатын толықтауышты тура толықтауыш деп атаймыз. Ескерткіш тілінде тура толықтауыштар жиі кездеседі. Мысалы, **'imar qildi asbabni** |имар қылды асбабны/(93) – мал-мүлікті жабдықтады, **aqladi aucti quşlar auni** /аулады аңшы қуслар ауны /(93) – аңшы құстарды аңды аулады, **aldı otni dayi bilikni ögrendi** /алды отны дағы білікни өгренді/(94)– ол отты алды және ақылдылықты үйренді, **yüklük qildi xurma yüyaçini** /йүклүк қылды хурма иығачыны/(95) – құрма ағашын отырғызды т.б. Бұл мысалдарда табыс септігінде тұрған сөздер тура толықтауыш болады.

Табыс септігінен басқа септіктерде тұрған толықтауыштарды жанама толықтауыштар деп аталады.[145,156] Жанама толықтауыш көбіне етістікке не етістікті сөз тіркесіне қатысты айтылады. Мысалы, **aldı andın neme** /алды андын неме/ (94) – *одан* бірдеңе алды, **aucladi suni öz elik birle** /аучлады суны өз елік бірле/ (94) – суды өз *қолымен* алды, **aldı sözni aning ayzidin** /алды сөзні аның ағзыдын/ (94) – оның *аузынан* уәдесін алды, **keltürdi anqa nemeni** /келтүрді анқа немені/ (94) – *оган* бір нәрсе әкелді.

Анықтауыш – сөйлемде заттық мағынада қолданылатын сөздерді сындық, сапалық, мөлшерлік, меншіктік жағынан анықтап тұратын сөйлем мүшесі. Анықтауыш болатын сөздер мына сұрақтарға жауап береді: қандай? қай? кімнің? ненің? қайдағы? қашанғы? қанша? неше? нешінші? қайткенде? не еткенде? Құрамына қарай дара (қара), күрделі (қара көк) болып екіге бөлінеді. Мысалы, **inandı aning sözige** /ынанды аның сөзіге/ (128)–*оның* сөзіне иланды. **Saçaılandı misuak başı**/сачағланды місуак башы/ (129)– *тіс тазалағыштың* ұшы сынған, **saraı ewning yanında durur** /сарай евнің ианында дуруп/ (110) – сарай үйінің жанында тұрды т.б. Мысалдардағы сөздер ілік септігінде келіп, анықтауыштың қызметін атқарып тұр.

Анықтауыштар сөйлем ішінде заттың әр түрлі белгісін беріп, бағыныңқы мүше ретінде жұмсалғанмен, өзі анықтайтын затына, жалпы сөйлемге көрік береді.

Ескерткіш тілінде де қазіргі қазақ тіліндегідей анықтауыштар бірнеше сөз табынан жасалады. Атрибутивтік қатынастағы сөздердің негізгісі – сын есімдерден болған анықтауыштар. Сын есімдерден болған анықтауыштар сөйлемде заттың сапасын, көлемін, қасиетін анықтайды. Мысалы, **çüçük boldı su** чүчүк болды су (101) – су тәтті болды, **mezesiz boldı anga tiriklik** /мезесиз болды анга тириклик/ (101)–өмір оған қызықсыз болды, **ta'ziye tonn keıdi xatun** /тазіие тонны кейді хатун/ (116)–әйел қаралы киімді киді, **arıq qıldı tonnı** /арық қылды тонны/ (105) – тонды таза қылды, **arıq qıldı tengri ücün** арық қылды тенгри үчүн (105) – Тәңірі үшін таза қылды т.б.

Заттың сандық, өлшеулік қасиетін білдіретін сан есімдер сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы, **tepindiler eki erkek** /тепінділер екі еркек/ (142)– екі ер адам жүгірді, **ewning bir yanı boldı** /евнің бір йаны болды/ (110)–үйдің бір жағы болды т.б.

Тілімізде есімшелер анықтауыштың қызметін атқарып, заттың қимылдық сапасын білдіреді. Мысалы, **ayız aǵtı ruze tutqan** /ағзы ачти рузе тутқан/ (99)–ораза тұтқан ауыз ашты, **arıtqan altun kümüş boldi** /арытқан алтун кумуш болды/(105) – тазартылған алтын мен күміс болды т.б. Есімшелердің барлық түрі анықтауыш болу қызметі бірдей емес. Өткен шақтық есімшелер ғана анықтауыш болу қабілеті жоғары.

Зат есімдер ілік септігінде тұрып анықтауыш бола алады немесе екі зат есім қатар айтылып, алдыңғысы соңғысына анықтауыш болады. Мысалы, **arслан yulduz boldi** /арслан йулдуз болды/ (106) – арыстан жұлдыз болды, **saraj ewning yanında durur** /сарай евнің ианында дуруп/ (110) – сарай жанында тұрды, **tamning ketükini бүtkerdi** /тамның кетүкіні бүткерді/ (110) – тамның кетігін жөндеді т.б.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің бірі – пысықтауыш. Ол да басқа тұрлаусыз мүшелер сияқты сөздің белгілі бір сапасын, ерекше белгілерін білдіру үшін жұмсалатын бағыныңқы бөлігі. Пысықтауыш қимылдың заттың қимылдық сапасының белгісін білдіреді. Сонымен, пысықтауыш – қимылдың күйін, амалын, мөлшерін, мезгілі мен мекенін білдіретін тұрлаусыз мүшенің бір түрі. Қашан? қайтіп? қалай? қайда? қайдан? неліктен? не себепті? кім үшін? не үшін? не істеуге? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? неше рет? сұрақтарына жауап береді.

Пысықтауыш болатын сөз табы – үстеу. Сонымен бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есімдер, кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көсемше түрі барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын бірге, қабат, қатар және септік тұлғасыз сөз бен арқылы, арқасында, үшін, сайын септеулік шылаулардың тіркесінен құралған тізбектер де пысықтауыш қызметін атқарады. а) Қимыл-сын пысықтауыш қалай? қалайша? қайтіп? неше рет? не арқылы? **ahiste oquđi qurani** /ахисте оқуды құраны/ (98) – құранды баяу оқыды, **amraq boldi nemege** /амрақ болды немеге/ (101) – бірдеңеге жақсы болды т.б. ә) Мекен пысықтауыш қайда? Қай жерде? **saraj ewning yanında durur** /сарай евнің ианында дуруп/ (110) – сарай үйінің жанында тұрды, **tamdayi quş ewi** тамдағы қуш еві(110)–үй жанындағы құс ұясы

б) Себеп пысықтауыш неліктен? не себепті? не үшін? Мысалы, **cek bitidi anqa filan neme üçün** /чек бітіді анқа филан неме үчүн/ (132)– ол оған осы нәрсеге үшін шарт жазды. Не үшін? Сұрағына жауап беріп себеп пысықтауыш қызметін атқарып тұр т.б. Ескерткіш тілінде осы аталған пысықтауыштың түрлерін кездестіре алдық.

Сөйлем – қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы. Сөйлем арқылы ауқымды ақпарат алып, өткеніміз бен бүгінмізді тани аламыз. Ескерткіш тілінде кездесетін сөйлемдер осының дәлелі. Кез келген сөйлем арқылы белгілі бір жағдайды, құбылысты анықтаймыз. Қолжазба тіліндегі сөйлемдер қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Аяқталған белгілі бір ойды білдіреді.

Ал тілдік талдау жүргізгенімізде қазіргі тіліміздің құрылысына өте ұқсас екенін анықтадық. Байқағанымыз, ескерткіш тілінде толығымен дерлік жай сөйлемдер кездеседі. Құрмалас сөйлемнің түрлерін мүлде жолықтырмадық. Зерттеу барысында, жай сөйлемдерді айтылу сазына, мағынасына және түріне қарай топтастырдық.

III СӨЗДІК ТІЛІНДЕГІ ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

3.1 Жазба ескерткіш тіліндегі заттық атаулар

	Кириллица	Н.Н.Поппе нұсқасы	Йозгат және Париж нұсқалары	Шүштер нұсқасы
	а	a	a	a
	б	b	b	b
	в	w	w	v
	г	g	g	g
	ғ	γ	γ	
	д	d	d	d
	е	e	e	e
	ж	j	j	
	з	z	z	z
	и	i	i	
	к	k	k	k
	қ	q	q	q
	л	l	l	l
	м	m	m	m
	н	n	n	n
	ң			ng
	о	o	o	o
	ө	ö	ö	ö
	п	p	p	p
	р	r	r	r
	с	s	s	s
	т	t	t	t
	у	u	u	u
	ү	ü	ü	ü
	ф	f	f	f
	х	χ	χ	
	h	h	h	h
	ч	č	č	č
	ш	ş	ş	š
	ы	ï	ï	ï
	і	i	i	i
	я	y	y	y

1-кесте. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші нұсқаларының фонологиялық ерекшеліктері

e – e; h – h; l – л; o – o; s – c; ü – ү; q – к;
f – ф; i – i, и; m – м; o – ө; š – ш; z – з;
č – ч; g – г; j – дж; n – н; p – п; t – т; y – й;
d – д; γ – ғ; k – к; ng – ң; r – р; u – у; i – ы.

Діни сөздер.

Tengri /Теңрі/(96) – Тәңірі. Ескерткіште Теңрі деп беріледі. Qorqti Tengridin /қорқты Теңгрідин/(96) – Тәңірден қорықты. **Tirgüzdi tengri ölüknü**/тіргүзді тенгри өлүкні/ (100)–Тәңірі өлікті тірілтті. **T. anı tengri** /тиргузді аны тенгри/(100)–оны Тәңірі тірілтті; **tiriklik berdi sanqa tengri** /тіріклік берді санқа тенгри/(100)–Тәңірі саған өмір берді; **tındurqaj tengri** /тындурқай тенгри/(102)–Тәңірі оған тыныштық берді; **a. berdi anqa tengri birle dausi üčün**/ ант берді анқа тенгри бірле даусы үчүн/ (102) – ол өзінің сот ісіне байланысты оған Тәңірі атымен ант берді; **a.tengrige** /ант тенгриге/(102)–Тәңіріне ант; **ant içdi** /ант ічді/ (102)–ант ішті; **a. içti tengri birle** /ант ічті тенгри бірле/ (102)–Тәңірі атымен ант берді; **a. içštiler tengri atı birle** |ант ічістілер тенгри аты бірле|(102)– олар Тәңірдің атымен өзара ант ішушілер. **ДТС: Таңрі** (бог, божество 544). **Šüş:** *Таңрі (Тәңірі, 19-7, 20-8, 21-5., 21-8, 22-6); Tangrı –Тәңірі, Allah. t. P2b1; P60b6; P63a3, 5; P63b1; P64b4, 5; P68b1; P69a3; P70a6, 8; P71a8; P72a3; P72b4; P76a8; P82b1; P87a4; P91b9; P97b9; P99b1, 5; P101a3; P102b2, 4, 8; P112a3; P117a8; P117b5; P124b1, 3; P153a3; P153b9; P154a1; P154b3; P155b2, 9; P156b5; P158a2; P159a2, 7; P159b2, 7; P160a9; P160b4; P162a2; P166a6; P171b1, 2; P172a8; P173a2, 5; P175a1, 2; P175b2, 4, 8; P176a5; P176b7; P177a1, 2; P179b2; P181a1; P182a6; P183b2; P184a4; P185a2, 3; P185b2, 3; P186a9; P187a1, 2; P187b2, 6; P188a2, 3, 7; P188b8, 9; P190a6; P190b3; P191a7; P191b5; P192a1; P192b1, 2, 6; P193b3, 7; P194b2; P195a2, 4, 9; P195b1; P196b7; P197b1, 5; P199a2, 3; P200a6; P201a2, 13; P202a8; P203a7; P203b4; P204b10; P209b7, 8; P213a1; P213b9; P214a14; P217b1; ; Y64a2; Y67a1, 3; Y67b1; Y69a4, 5; Y75b4; Y77b3, 4; Y79b2, 3; Y80b6; Y81b5; Y82b5; Y87b2; Y91b2; Y96b1; Y103a3; Y104a7; Y109b3; Y117a6; Y119b4; Y143a4; Y153a1, 3; Y182b1; Y183b4; Y184b4; Y186a6; Y187a1; Y188a3; Y191b3; Y192a3; Y192b1, 7; Y193b5; Y194a3; Y196a7; Y202a7; Y209b3; Y212b1; Y216b3; Y226b7; Y228a2; Y234b7; Y235a7; Y235b1, 2; Y236b4; Y239a3; Y240b7; Y242a2; Y245a3; Y249b7; Y251a5; Y255b1; Y256b3; Y260b1; Y263a6; Y264b2; Y285a1, 3; Y297b1; Y303b2; Y307b4; Y316b5.*

Түркі тілдеріне, соның ішінде, өлі және қазіргі түркі тілдеріне кең қолданылатын сөз. Қазіргі түркі тілдерінде: қаз.: тәңір; башқ., тат., ұйғ.: тәңри; қырғыз: теңир; түрік, түркм.: танры; азерб.: таңры; өзб.: тәңгири;

Din /дін/(119) – дін. **ДТС:** дін (религия 160). **Šüş:** дін (дін, 181-6. 190-4) **b. boldi din içinde** /біліклік болды дін ішінде/(119)–дін жолында білікті болды.

Қазіргі түркі тілдеріне таныс лексема: қаз.– дін; башқ.– дине, тат.– дин, кыргыз – дин; азерб. – дин; өзб.–дин.

Yazuq/ йазуқ/–жазық, күнә; **egildi yazuqqa**/ егілді йазуққа/(123)–күнаға иілді; *anî tengri yazuqî birle* /аны тенгри йазуқи бірле/(112) –Тәңірі оны күнәлармен. ДТС: *йаз* (ошибаться, допускаться, 250). ал – ық (-ығ, -қ;) есім сөзден зат есім тудырушы жұрнақ. Тілімізде бұл сөздің түбірі жаз, яғни, жаздым, жаңылдым сөздерінің түбірі. Қазіргі түркі тілдерінде: қаз.– жазық; башқ. және тат.– йазық (күнә); түрік – йазық; азерб. – йазығ.

Ziyaret /Зиярат/ – зиярат. **Ziyaret qılmaq tiledi dostın** /зиарет қылмақ тиледі достын /(106) – досынан отыра тұруын сұрады. Тілімізде зиярат сөзі табыну, сиыну мағынасында қолданылады. Біздің зерттеу нысанымызға алынған ескерткіш тілінде сұрау мағынасында жұмсалған.

Қазіргі түркі тілдерінде зиярат сөзі: қаз. – зиярат, өзб.–зиорат, кырг.– ажылық, башқ.– хаж кылыу.

Adina küni /адина күні/ (95) – жұма күні. ДТС: адина (пятница, 11). **Şüş:** адіне (жұма, 80- 3); *Âdine* – жұма күні. *Âdine* қіл- жұма намазын оқы. P193a1 P7a6. Жұма – аптаның бесінші, қасиетті күні. Жұма – аптаның сұлтаны, күндердің төресі, қасиетті күн.

Қазіргі түркі тілдерінде: қаз. – жұма, өзб.– йума, кырг.–жума, башқ.– йома.

Mesjid /месжид/ (96) – мешіт. **Adina mesjidi** /адина месжиді/ (96) – жұма мешіті. ДТС: Мәсзід (мечеть, 339). **Şüş:** мезгит (мешіт, 65-6). Мешіт – мұсылмандар құлшылық ететін ғимарат. «Масжид» сөзі «сәждеге бас қоятын жер». *Âdine mescidi* – Мұсылмандардың ғибадат ететін жері P7a6.

Қазіргі түркі тілдерінде: қаз. – мешіт, өзб.– масжид, кырг.– мечит, башқ.– мәсет.

Quran /құран/ (98) – құран. **Ahiste oqudı quranı** /ахисте оқуды құраны/ (98) – құранды баяу оқыды; Құран – мұсылмандардың қасиетті кітабы. *Kur'ân* (Ar.) Y80a5 P71b6; P76a1; P127b8; P1701a7; P194b3; P205b6; P215a13; Y157b3; Y209a7; Y304b3; Y305b4 P191b6; P198b6. Құран – мұсылмандардың қасиетті кітабы. Қазіргі түркі тілдерінде құран сөзі: қаз. – Құран, өзб.– Қурон, кырг.– Куран, башқ.– Көрьән.

Parsa /хатун/ (105) – тақуа. **Parsa xatun** /парса хатун/ (105) – тақуа әйел **Şüş:** парса (тақуа, 181-3). *pārsā* – тақуа P127b2. Тақуа – діннің адамзатқа міндеттеген абзал амалдарын, яғни, ислам дінінің парызын, қағидасын қалтқысыз орындаушы адам.

Қазіргі түркі тілдерінде тақуа сөзі: қаз. – тақуа, өзб. – тақводор, кырг.– биймандуу, башқ.– диндар, түрік тілінде – таква.

Tanuq /тануқ/ (127) – куәлік. **Berk tanuqlar** /берк тануқлар/(127) – мықты куәгерлер. ДТС: тануқ (свидетельство, 532); **Şüş:** тануқ (10-2, 86-6.86-6). Тануқ – куәгер. P155a1; Y185a7; (tanuqlar) P194b6. (tanuqlar) Y246b3 *Tanuq* түбір сөз емес. Түбірі *таны, тану*, ал -уқ қимылдың нәтижесін білдіретін есім

сөз тудырушы (қимыл есім) жұрнақ. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің орнын араб тілінен енген шаһид және гүвә (куә) сөздері алмастырған.

Қазіргі түркі тілдерінде куәлік сөзі: қаз. – куәлік, өзб.– гувон, қырғ.– күбө, башк.–шаһит, түрік –танық.

Ruze /рузе / (99) – ораза тұтқан. Ескерткіш тілінде **ayiz aċti ruze tutqan** /ағзы ачти рузе тутқан/ (99) – ораза тұтқан ауыз ашты. ДТС: руза (воздержание, 478). Ораза – нәпсіні тыйып, жаман әдеттен алыстау, тәуліктің күндізгі уақытында ауыз бекіту. Ислам дінінің бес парызының бірі.

Қазіргі түркі тілдерінде ораза: қаз. – ораза, өзб.– роза, қырғ.– орозо, башк.– ураза, шор –ораза.

Ferište /фериште/ (100) – періште. ДТС: фәріштә (ангел, 193). Ескерткіш тілінде **Jan alquċi ferište** /жан алқучи фериште/ (100) – жан алушы періште. Alċuċı – алушы, cān alċuċı – жан алушы Y9a2; cān a. ferište – періште P13b6 деп берілген. Аллаһ Тағаланың нұрдан жасаған құлдары. Діни түсінік тұрғысынан алғанда, түрлі бейнеге кіре алатын, жынысқа бөлінбейтін және бір ғана Аллаға құлшылық ететін нұрлы жаратылыс иесі. Тілімізде періште сөзі пәк, таза ұғымын білдіреді.

Қазіргі түркі тілдерінде періште сөзі былай кездеседі: қаз. – періште, өзб.– фаришта, қырғ.– периште, башк.– фәрештә .

Namaz /намаз/ (122) – намаз. **Qopti namazya** /қопты намазға/ (122)–намазға тұрды; **waqt qoidi tengri namazqa** /вақт қойды тенгри намазқа/ (130)–Тәңірі намазға уақыт берді; ДТС: намаз (намаз, каждая на пяти дневных молитв у мусульман, 354). **Şüş:** намаз(намаз, 187-8).

Қазіргі түркі тілдерінде намаз сөзі: қаз. – намаз, өзб.– ибодат, қырғ.– тиленүү, башк.– доға, түрік. – дуа

Iman /иман/ (102) – иман. **Dost qildi ani iman** /дост қылды аны иман/ (102)–иман оны дос тұтты; ДТС: иман (вера, религия 209). **Şüş:** иман (иман,91-2).Иман –Алла Тағалаға бой ұсынып, Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өсиеттерін жүрегімен толық қабылдап, ниет етіп бағыну.

Қазіргі түркі тілдерінде иман сөзі: қаз. – иман, өзб.– иман, қырғ.– иман, башк.– иман, түрік. – иман.

Туыстық атаулар. Oylan/оғлан/ (118) – жасөспірім; **yetilmeke oylan** /йетілмеке оғлан/ (118) – жасөспірім жетілді; **biliklik boldi oylan** /біліклік болды оғлан / (119) – бала ақылды болды; ДТС: *оглан (ребенок, мальчик, 364)*; **Şüş:** оғлан (*ұлан, жасөспірім, 6-6, 7-2, 18-7, 26-6, 30-6,41-3, 4- 1, 44-2, 44-4, 54- 1, 54-2,116-7, 144·7, 217-4, 218-3*); *oylan* – бала, жасөспірім. P21a1; P76a6; P160b1; P181b8; P218a7; Y20a3; Y87b1; Y193b6; Y309b3; Y317a6 [P oylanlar] P217b6 113a5; Y137a7 P64a9 P69a9; P76a9; P77a7; Y68b6; Y76a5; Y87b4; Y191b3.

Түркі тілдерінде жиі кездесетін, ертеден келе жатқан сөз. Түбірі – оғул, түркі тілдерінде -ан, -ен қосымшасы көптік жалғауының бір формасы деп, ерен (ерлер) сөзін мысал ретінде келтіреді. Кононов та осы пікірді қолдап, –

ан, -ен қосымшасы жиынтық ұғымды білдіретінін айтады [30, 138]. Сондай-ақ түрік ғалымы М. Ергин жалғанған сөзге топтау, жалпылау мағынасы үстейтін зат есім тудырушы өлі жұрнақ деп қарайды [35, 174].

Қазіргі түркі тілдерінде оғлан сөзі: қаз. – ұлан, өзб.– иман, қырғ.– иман, башк.– иман, түрік. – оглан, шор– оғлан.

Kelin /келін/ (118) – келін. **Kelin we yenge** /келін ве йенге/ (118) – келін мен ене. ДТС: келін (невеста 296). **Şüş:** келін (келін, 27-3. 43-4. 27-3. 144-7.15 2-4). **Kelin** – келін. k. P21b7; P207a9; Y21b2; Y272b5 k. Y107b6 k.+ni P90b4; P127b9; P206a4; Y107b6; Y157b4; Y276b2. **Kelin** – ұлының әйелі, отбасына шаңырақ көтеруге келген әйел. Сөзге негіз болған кел (приходит ДТС, 295) сөзі.

Қазіргі түркі тілдерінде: қаз – келін, қырғ. – келин, башк. – килен, өзб.– келин, ноғай. – келин.

Yenge /йенге/ (118) – ене. **Kelin we yenge** /келін ве йенге/ (118) – келін мен ене. Ене – қыздың барған жеріндегі күйеуінің анасы. P21b7; P207a9; Y21b2; Y272b5. **қайын анасы** – енесі P22a9; P189a3, Y240b3, Y237a3. ДТС: ебчи – жена, женщина (162). Қаз - ене, қырғ. - ене, башқ.- кәйнәһе, өзб. - кайнона, ноғай - еньге.

Xatun /хатун/ (120) – әйел. **Urdi sen xatunni** /урды сен хатунны/ (125)–сен қатынды ұрды; **u. siz barča xatunlarni** /урды сіз барча хатунларны/(125)–сізді барлық әйел ұрды; **urdi alar barča xatunlarni** /урды алар барча хатунларны/(125)– барлық әйелдерді ұрды; **u. ol xatuni** /урды ол хатуны/(125)–ол әйелді ұрды. Kadın. P74a9. Орта ғасырдың жәдігерліктерінде әйел адамды ебчи //ерчи//ебши түрінде кездестіреміз. Ал, біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде **xatun** сөзі қолданылған. Қатын сөзі Түрік қағанатында, Моңғол және Осман империясында кеңінен қолданылған «хан» титулына ұқсас әйел атағы. Батыс елдерінің «императрица», «королева» титулдарына сияқты дәреже атауы. Орта ғасырларда қатын сөзі кең қолданылып, лауазымды атау болса, уақыт өте келе мағынасы тарылып, әйел, қыз, ана сөздеріне жіктелді.

